Halyqaralyq aqparattyq ǵylymı-ádistemelik jýrnal
Международный информационный научно-методический журнал

"USTAZ HAB" Halyqaralyq aqparattyq ǵylymı-ádistemelik jýrnalynyń
**№3(10) (2024 j. Naýryz) shyǵarylymy.**
**Выпуск №3(10) (Март 2024 г.)**
Международного информационного научно-методического журнала «USTAZ HAB».

Qaraǵandy qalasyndaǵy meken-jaıy: Qazybek bı aýdany, Nursultan Nazarbaev dańǵyly 19. Jýrnal "KEMEŃGER" ЖК baspahanasynda basyldy.
Taralymy 1000 dana.
Адрес г. Караганды: Казыбек биский район, пр. Нурсултана Назарбаева 19. Журнал издан в типографии ИП "KEMEŃGER". Тираж 1000 экз.

"USTAZ HAB" Halyqaralyq aqparattyq ǵylymı-ádistemelik jýrnaly Nur-Sultan qalasynda Qazaqstan Respýblıkasynyń Aqparat jáne Qoǵamdyq damý mınıstrliginiń Aqparat komıteti 2023 jylǵy 20 aqpandaǵy Merzimdi baspasóz basylymyn, aqparattyq agenttikti jáne jelilik basylymdy esepke qoıýy týraly kýáligi № KZ40VPY00064978 berilgen.
Taralý aýmaǵy: Halyqaralyq, alys jáne jaqyn shet elder.
"USTAZ HAB" jýrnaly aıyna 1 ret jaryq kóredi.
Международный информационный научно-методический журнал "USTAZ HAB" в городе Нур-Султан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан выдано свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 20 февраля 2023 года № KZ40VPY00064978.
Территория распространения: международные, страны дальнего и ближнего зарубежья.
Журнал "USTAZ HAB" выходит 1 раз в месяц.

Menshik ıesi / собственник: “KEMEŃGER” ЖК

Redaktor alqalary / редакторы:
Баянды Ерлан
Тел: + 7 700 970 00 98
+ 7 771 181 23 03

Алшынов Ахметжан Әнуарбекұлы
Тел: + 7 771 125 23 03

Есбергенов Айдын Ардақұлы
Тел: + 7 705 214 23 03

Korrektor / корректор: Бердиярова Асель Жуманкуловна

Jaýapty hatshy / ответственный секретарь: Кәкіш Мерей Ертайқызы

Эл. почта: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz

“KEMEŃGER” баспасы

# Mazmuny / Содержание

**Тусупбаева Б.А.** “1 наурыз - алғыс айту күні” ........ 4
**Зулкарнаева Г.С.** Елімнің көрікті жерлері ........ 5
**Алиева А.Ж.** Ұстаз талантты болса, шәкірті талапты болады ........ 8
**Габдуллина Г.Ж.** Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту ........ 11
**Ғани Ж.Ө.** Лепті сөйлем ........ 13
**Байбулова А.С.** Километр. Миллиметр ........ 15
**Бекетаева А.Б.** HTML - де қаріптің өлшемін, түсі мен түрін белгілеу ........ 17
**Хайрова Г.К.** Интернетке деректер жіберу ........ 21
**Муханалиева Б.А.** Біз су туралы не білеміз? ........ 25
**Сейтенова Б.Т.** Адамның табиғатқа бейімделуі. Баспана ........ 27
**Суюкулова А.К.** Қосу және азайту – өзара кері амалдар ........ 30
**Шалғымбай С.А.** Мен не үйрендім? ........ 31
**Мунайтпашова Л.Б.** Етістік туралы білетінімді еске түсіремін ........ 34
**Кажияхметова С.Е.** Ауа неден құралады? ........ 36
**Суйнов А.К.** Қауіпсіздік ережесі. Арнайы қозғалыс дағдыларын дамыту ........ 38
**Рискалиева П.К.** «Тұрлаулы мүшелер» ........ 40
**Төлеген Г.М.** Бастауыш сынып оқушыларын жылдам оқуға үйрету мүмкіндіктері ........ 42
**Аққайыр А.Б.** Симметриялы және симметриялы емес жазық фигуралар ........ 44
**Загипарова Л.С.** Презентацияларға арналған ақпарат ........ 46
**Кайдалиева А.Б.** Наурыз. Сөйлемдегі сөздердің байланысы ........ 50
**Ишанова А.К.** Мәтіндегі иллюстрациялар ........ 52
**Умирзахова Ш.Е.** Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру ........ 56
**Утегалиева Х.К.** Арифметикалық өрнектердің жазылу ережелері ........ 58
**Дарбекқызы Д.** «Митохондрияның құрылымы мен қызметтері. Митохондрия құрылымдары мен жасушалық тынысалу үдерістерінің өзара байланысы» ........ 61
**Кушкарбаева Ж.М.** Геометриялық фигураларды өлшеу ........ 64
**Шамелова А.К.** Абай сағынышы ........ 66
**Чожикова Ж.М.** Мәліметтерді енгізу мен шығаруды ұйымдастыру ........ 69
**Темиргалиева М.М.** Һ дыбысы және әрпі ........ 72
**Кодасова А.Ш.** Лепті сөйлем. 14 – 17-жаттығулар ........ 74
**Сулейменова С.У.** Есептер шығару ........ 77
**Аубакирова Г.А.** Ауа неден құралады? ........ 79
**Насырова А.К, Жолдыбаев Б.А.** «Бекіре тұқымдас балықтарды қолдан көбейтіп, өсірудің жолдары» 82

**А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ №10 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІНІҢ ҰЖЫМЫ**












**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беретін мектеп**
**Тусупбаева Биганым Алимгереевна**



## “1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ”

**Мақсаты:**
Оқушылардың “сыйластық” құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Білім алушыларға мереке туралы білімдерін кеңейту, “алғыс айту күні” ұғымының мағынасын ашу, адам бойындағы мәдени құндылықтар мен адами қатынастарды дамыту үшін олардың әрқайсысы үшін маңызды екенін түсіндіру.
**Міндеттері:**
а) ризашылық, рахмет, алғыс туралы түсінік беру;
ә) үлкен- кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым- қатынасын дамыту;
б) әдептілікке, кішіпейілдікке, изеттілікке тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер:** нақыл сөздер,суреттер,плакат, шарлар және т.б.
**Барысы:**
Мемлекеттік әнұран орындалады.
**Кіріспе сөзі:**
2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, № 173 Жарлыққа қол қойды. Қазақстан халқы 2016 жылы тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өтті.
Алғыс айту – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай — ақ оның ойы мен іс — әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі.
**Алғыс айту күні** – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні. Бұл күн – күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір - біріне құрмет білдіретін күн.
**Алғыс айту күні** – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейрімділік пен ақ көңілдік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні.
**Ән:** Қарақат Әбілдина: “Алғыс анаға”.
**Мақал- мәтелдер айтады**
***Айнара:***
Жаңбырмен жер көгереді,
Алғызпен ел көгереді.
***Санжар:***
Жақсылық еккен алғыс орады.
***Жанайым:***
Алтын деген жер сыйы,
Алғыс деген ел сыйы.
***Қайсар:***
Ел алғысын алсаң,

Елеулісі боларсың.
**Видео-ролик:**
“Жақсылық қылсаң да, жамандық қылсаң да өзіңе” ертегісі.

Сонымен, рақметке лайықты кімдер?
Тізімді бірге құрайық
Бастысы – алғыс айта білу…
Анаға – өмір сыйлағаны үшін,
Әкеге – қорған болғаны үшін,
Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,
Сөзге – жанды жылытатыны үшін,
Күнге – шуағы мен назары үшін,
Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін,
Досқа – құшағы мен иығы үшін,
Әжеге – ыстық алақаны үшін,
Суға – тіршілік көзі болғаны үшін,
Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,
Отқа – жылулығы үшін..

**“Постер” құрастыру:**
Анаға, әкеге, далаға, сөзге, күнге, жұлдызға, досқа, әжеге, суға, жерге, отқа алғыс айту.
Би: Қазақ биі
**Қорытынды:** Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңді ешкімнен ешқашан аямаңыздар.
«Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар!
Баршамызға «Алғыс айту» айту күні құтты болсын!

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беретін мектеп**
**Зулкарнаева Гүлжанат Сатыбалдиевна**



# ЕЛІМНІҢ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРІ

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | А.Байтұрсынов атындағы №10ЖОББМ |
| **Пәні:** | **Дүниетану** |
| **Бөлім:** | Менің туған елім |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Зулкарнаева Г.С. |
| **Күні:** | |
| **Сынып: 2** | Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Елімнің көрікті жерлері** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 2.1.3.1 Өз зерттеулеріне сүйене отырып, өлкесінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | 2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, өз облысын көрсету<br>2.1.3.1 Өз зерттеулеріне сүйене отырып, өлкесінің көрікті жерлерін сипаттайды және бейнелейді |
| **Құндылықтар** | ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ: Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайды |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі//уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>2 минут | **Психологиялық ахуалды жақсарту**<br>Бақыт,бақыт,бақыт менде,<br>Бақыт сенде,<br>Бақыт барлық жерде<br>Тыныштық, тыныштық<br>Тыныштық менде, тыныштық сенде<br>Тыныштық барлық жерде<br>Бейбітшілік, бейбітшілік<br>Бейбітшілік бізде<br>Бейбітшілік барлық жерде болсын! | Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді. | | |
| **Өткенді пысықтау**<br>7 минут | **Үй тапсырмасы** «Ойна да, ойлан!» ойыны арқылы бекітіледі.<br>Мемлекеттік Рәміздер туралы сұрақтарға жауап береді.<br><br>-Оқушылар Астана, Орал, Алматы қалаларының суретімен 3 топқа бөлінеді.<br>**Ой қозғау**<br>-Оқушылар, біз осы қалаларға саяхаттап барып көрдік пе? | Үй тапсырмасы сұрақ-жауап арқылы тексеріледі | Дескриптор: Мемлекеттік Рәміздер туралы сұрақтарға жауап береді-1б<br>**ҚБ:** «Ауызша мадақтау» әдісі: Жарайсың! Тамаша! Жақсы! Оқушылар жауабын толықтырып, әр қайсысына тиімді кері байланыс беріп отыру. | Үстел ойынына арналған құралдар |
| **Негізгі бөлім**<br>15 минут | -Бұл қалаларда қандай көрікті жерлер бар? Кімнің есінде? Кім айтып бере алады?<br>-Оқушылардың жауабы<br>**Жаңа сабақ**<br>-Олай болса, біздің бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар?<br>-Еліміздің көрікті жерлері<br>Ендеше, сәттілік!<br>Дескриптор арқылы өзін-өзі бағалау парағын толтырып отырамыз.<br>-Барлығымыз дәптерімізді ашып, күннің жадын, жаңа сабақтың тақырыбын жазып алайық.<br>-Ал енді балалар сабағымыздың мақсатын анықтап алайықшы.<br>-Оқушылар оқулықтан мақсатты тауып, айтады.<br>-Мақсатымыз айқындалса, барлығымыз тақтаға назар аударып, бейнебаян көрейік. Youtube желісінен алынған бейнематериал.<br>**Ой қозғау «Сұрақ - жауап» әдісі**<br>-Оқушылар бейнебаян не туралы?<br>-Еліміздің көрікті жерлері туралы.<br>-Қандай көрікті жерлер туралы айтылды?<br>-Бурабай, Шарын шатқалы, Көлсай, Қайыңды көлі, Керуен сарай кешені туралы айтылды.<br>**Тақырыпты ашу**<br>Қазақстанның картасымен жұмыс жасайық.<br>Облыстар мен ірі қалаларды табайық. | Бейнебаян көреді<br>Көрікті жерлермен танысады<br>Сұрақтарға жауап береді | Дескриптор: Бейнебаяннан Қазақстанның көрікті жерлері туралы айта алады, сұрақтарға жауап береді-2б<br>**ҚБ:**<br>«От шашу» әдісі | Өзін-өзі бағалау парағы<br><br>Интерактивті тақта<br><br>Youtube желісінен алынған Бейне материал |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 минут | <br> | Картамен жұмыс жасайды | Дескриптор:<br>Картадан Облыстар мен ірі қалаларды табады. Олардың орналасқан жерін айтады-1 б<br>**ҚБ:** Смайлик |  |
| | **Жеке жұмыс** «Галерияға саяхат» әдісі<br>Көрікті жерлер туралы мәліметтерді түртіп алып, айтып бер<br><br>-Түркістан облысы<br>-Бәйтерек монументі<br>-Абылайханның ақ үйі<br>-Керуен сарай кешені | Жеке жұмыс жасайды | Дескриптор:<br>Көрікті жерлер туралы түртіп алып, мәліметтер айтады-2б<br>**Кб:** «Бас бармақ» әдісі | суреттер<br><br><br> |
| **Сергіту сәті**<br>2 минут | «Жаңбыр»<br>-Жаңбыр тамшылап тұр<br>-Жаңбыр жауа бастады<br>-Жаңбыр үдете түсті | Қимыл-қозғалыс жасайды | Кереметсіңдер! | |
| 6 минут | **Топтық жұмыс** «Кім жылдам!» әдісі<br>«Астана» тобы<br>Тәуелсіздігіміздің символы болып табылатын суреттердің екінші жартысын салып, бояйды.<br><br>«Алматы» тобы<br>Көрікті жерлерді келген туристерге таныстырады. (көрініс)<br>«Орал» тобы<br>Карта құрастырады, Петропавл қаласын табады. | Белсенді топтық жұмыс жасайды | Дескриптор:<br>Тәуелсіздігіміздің символы болатын суреттерді аяқтап салып, бояйды-2 б<br><br>Көрікті жерлерді келген туристерге таныстырады-2б<br>Карта құрастырып, Петропавлды табады-2 б<br>**Кб:**<br>«Біз қандаймыз?» | |
| | ҚЖ:<br>Топтық жұмыс « Тез ойла!»<br>3 топқа топтарының атауымен үш түрлі сөзжұмбақ беріледі. | Топтық жұмыс жасайды | | А 3 форматта сөзжұмбақ |
| **Сабақты қорыту**<br>5минут | <br> | Кері байланыс береді | Дескриптор:<br>Сөзжұмбақтың шешімін тез әрі дұрыс табады-2б | |
| **Кері байланыс**<br>3 минут | | | «Білім гүлі» әдісі | Кері байланыс парағы |
| | **Үй тапсырмасы**<br>Өзің тұратын жердің көрікті орындары туралы ақпарат жинап, буклет жаса.Олар туралы айтуға дайындалып кел. | Үй тапсырмасын алады | Жарайсыңдар, оқушылар! | |

**Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы**
**«Үлкен Шаған мектеп-балабақша-бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**Алиева Ардак Жусуповна**



# ҰСТАЗ ТАЛАНТТЫ БОЛСА, ШӘКІРТІ ТАЛАПТЫ БОЛАДЫ

*«Мұғалім мәнгі нұрдың қызыметшісі,*
*ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп,*
*нұр құятын тынымсыз жалын иесі»*
**Я.А.Коменский**

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да,іскер,жігерлі де, батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі бейік,дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде ұстаздың алатын орны айрықша.Ұстаз балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады. Тәрбиенің сан-салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер етіп, білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы-бастауыш мектеп. Бастауыш саты баланың қалыптасуының алғашқы сатысы. Баланың жеке бас қасиеттері, оның адамгершілігінің, белсенділігінің қалыптасуы бастауыш сыныптарда жүзеге асады. Бастауыш мектептің негізгі міндеті-жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру. Енеше, осы міндетті жүзеге асыратын басты тұлға-Ұстаз.

Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, олардың парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу-әрбір ұстаздың борышы. Бүгінгі мұғалім оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, әрбір оқушы бойына ұлттық мінез-құлық, адамгершілік, сыпайлылық пен кішіпейілділік қасиеттерді қалыптастыруға, баланың бойындағы даралылықты анықтауға тиіс.

Алдынғы қатарлы тәжірибені жетілдіре отырып,оқу үрдісіне жаңа әдіс-тәсілдерді, оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, оқушылардың жалпы дамуын қамтамасыз ету керек. Бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, бастауыш сынып мұғалімі тек олардың талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оны ұйымдастыру формасын түрлендіріп отыру – мұғалімнің басты міндеті. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады. Бастауыш сынып оқушылары үшін мұғалім олардың еліктейтін, үлгі ететін абройлы жан. Олар ұстаздарының бүкіл іс-қимылына жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне,адаммен қарым-қатынасына еліктейді.

Менің бастауыш сынып мұғалімі болуым-бала қиялындағы бастау алған, жасөспірім шақта нақты келісіп-пішілген, жастықтың жырымен жалғасқан үлкен арманның жүзеге асуы. Бастауыш сынып мен үшін – өмірімнің ажырамас бір бөлігі. 4 жыл бойы қанаттарын қатайтып, аяқтарынан тік тұрғызып, орта буынға сара жол салу - менің міндетім. Ұстаздың шәкірт жүрегіне салатын сара жолы-өмірінің негізі болар дара жолы. Ұстазының берген ілімі – болашақ ғұмырының ірге тасы. Қисық қалыптасқан іргетастың үстіне қаланған үй тұрмақ, қора да лашық болып жарытпайтыны белгілі. Алдыма келген балаларыма өзімнің білгенім мен көрген түйгендерімді үйретуден бір сәт те жалыққан емеспін. Алдымнан өткен оқушылардың анасы да, әкесі де, әжесі де, тәрбиешісі де, досы да өзім екенін әлдеқашан түсінгенмін. Алғаш әліппені үйретіп,одан әрі олардың қалай алып кететінін, қалай оқушы болып қалыптасатынын көруден асқан қуаныш жоқ. Жарқырап жанғалы тұрған бүлдіршіндердің жүздеріндегі

жалынды үрлеп, от қылып жағу үшін көсеу болғалы қанша? Ұстаз көсеу болса, шәкірті от болып жанары сөзсіз. Ұстаздың тынымсыз білім ізденісінің нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейеді, дамиды. Санасын тұрмыс билесе де,оған бой алдырмау керек. Оқушы сонда ғана нәтижеге жетеді. Сондықтан мен әр сабағымды оқушыны жалықтырып алмастай етіп өткізуге тырысып бағамын.

Өз тәжірибемде III деңгей бағдарламасы бойынша курстан өтіп, одан алған тәжірибемді қолданудамын. Бұл бағдарламаның басты мақсаты педагог қызметкерлердің қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, қазақстандық мұғалімдерге қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектесу. Мұғалімдерді оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз ету. Бағдарламадағы сараланған жеті модульді әр сабағымда пайдаланып отырамын.

1. Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау
4. Оқытуда АКТ-ны пайдалану
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Оқулықта берілгін мәтіндерді сылдыр сөзбен оқығаннан гөрі,кейде сабағымыз шағын қойылымдарға ұқсап, кейде оқушылар өздерін кіп-кішкентай диктор ретінде сезінеді. Мысалы, әдебиеттік оқу пәнінен «Тамаша ғой қыс деген!» тақырыбына өткізген сабағымда:

Топқа түрлі шырша ойыншықтары арқылы бөлінеді.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.

**Бейнебаян қарау.**

-Бейнебаян не жөнінде болды?

-Қыз бен бала не істеп жүр?

-Олар не жөнінде әңгімелесті деп ойлайсыңдар?

Оқушылар өз ойларын айтады.

Жарайды, балалар бұл бейнебаяна қыз бен бала не жөнінде сөйлескендігін сабақтың соңына қарай көретін боламыз.

-Ал,енді балалар, мен сіздерге жұмбақ жасырайын.

**Жұмбақ**

Шанамен зырғып желдетіп,
Шаңғы коньки тебетін
Аққала жасап ойнайтын
Қай мезгіл деп ойлайсын? ( Қыс)

Авторoccupation танысtыру:

Өтебай Тұрманжанов 1905 жылы 15 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы Бөген ауданындағы "Жалғызағаш" ауылында туған. Ташкентте №14 жетім балалар үйінде тәрбиеленді. Тұрманжанов 40-қа жуық еңбектің авторы. Ол Л.Н.Толстойдың балаларға арналған көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударған.

"Казақтың мақал-мәтелдері", "Асыл сөздер" атты жинақтарды құрастырды. Ауыз әдебиетінің белгілі зерттеушісі, көрнекті ақын. Ө.Тұрманжанов 1978 жылы Алматы қаласында дүние салды.

**Сергіту сәті:**

Видеофизминутка «Аққала»

**Оқулықпен жұмыс:**

1.Өлеңді мәнерлеп оқу

2.Сөздік жұмысын жүргізу

3.Ақын қыстың суығын қандай сезіммен жазған?

а) қорқыныш,үрей

ә) қуаныш,рақаттану

4.Қысқы аязды ақын қандай сөздермен суреттеген?

5.Шаңғы тепкенде адам жылынады деген рас па?
6.Өлеңнің әр шумағына ат қой
**Топтық тапсырма:**
1.Қысқы табиғат
2.Қыс қызықтары
3.Жануарлардың қысқы тіршілігі
**Постер қорғап,2 жұлдыз,1 ұсыныс айтады.**
**Бейнебеян «Аян мен Әлия»қарау қосылып «Тамаша ғой қыс деген»әнін шырқау.**
**Сабақтан алған әсерін Аяз атаға хат жазу**.
Жазған хаттарын сынып алдында оқиды.
Бағалау парақшаларын толтыру.

| Оқушы аты | Үй жұм. қайталау | Өлеңді оқу | Белсенділігі | Қорытынды баға |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Бағалаушы: Өзіндік бағасы:
Бағалау жөнінде оқушылар пікірі тыңдалады.
Бағалау парағын жинап аламын.
Шырша ойыншықтарына тілектер жазып,шыршаға іледі.
Бір сабақ аясында көрсетілген әдіс-тәсілдер бастауыш сыныптарға тиімді екендігіне көзім жетті.
Әсіресе, қазіргі білімді бағалау жүйесінде мұғалім көптеген қиындықтарға кезігіп жатады:

*Мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды.

*Оқушының өздігінен оқуын қалыптастыруға мүмкіндік бермейді;

*Оқытуды даралауға қиындық келтіреді. Бұрынғы алған білімімен салыстырғанда әр баланың қаншалықты деңгейге нәтижеге жеткенін айқындау қиын;

*Көбіне «зақым» келтіреді. «Баға қою» мұғалім қолында ғана болғандықтан балаға да, ата-анаға да психологиялық қысым жасалады. Оқушылар білім үшін емес баға үшін оқиды.

*Мұғалімдер тәжірибесінде оқушының жеткен нәтижесі емес жұмыстың көлемі мен формасын бағалау әдетке айналған;

*Бағалауда оқушыларды бір-бірімен салыстыруға екпін жасалатындықтан оқушылардың оқуға ынтасы, белсенділігі жойылады, орта деңгейде оқитын оқушылардың ынтасы мүлдем жойылып, жақсы оқитын оқушылардың жетістікке жетуіне жағдай жасалмайды.

Оқушылардың білім нәтижелерін бағалауға байланысты Кембриджді Бағдарламасынағы Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулі тиімді екендігін байқадым. Бағалауға деген көзқарасымызды өзгертіп, сабақтарымызға критерий арқылы бағалауды енгізіп біз оқушыларымыздың тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттай аламыз. Менің тәжірибемде сыныптағы білім сапасының аз да болса көтерілгендігі және сыныптағы оқушыларымның барлығы да сабаққа өз деңгейінде белсенді қатысып отыратын болды.Бастауыш сынып оқушылары өзін-өзі бағалауда да алдына жан салмайды. Белгілі ғалым А. Байтұрсынұлы айтқандай «Шеберліктің белгісі- әртүрлі әдісті біліп, сабақта орынды қолдана білу». Бір сабақтың әр кезеңдерінде түрлі әдістерді орнымен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады.

Әрбір мұғалімнің басты міндеті оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, талантын, шығармашылығын ашу. Ұлы ғалым Д.И.Менделеев мұғалімдердің ғылымның сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған. «Ғылымды сүйген және жақсы меңгере білген мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады» деген. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу бүгінгі күннің мақсаты.

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Габдуллина Гулжиян Жасболатовна**



# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осыған сәйкес оқушыны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің талабы.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығына, өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Олай болса, шығармашылық қабілеттің дамуы оқушылардың интеллектісін дамытуымен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекеттің субъектісінің шығармашылық сапалық ерекшеліктерінің сабақ кезінде және сабақтан тыс кездерінде диагностикалық және шығармашылық тапсырмаларды ұтымды қолданудың мәні зор. Өйткені, қазіргі кезеңдегі қоғамның жедел дамуы ғылым, техниканың дамуымен байланысты болса, ал болашақта ғылым мен техниканы, өндірісті дамытатын бүгінгі мектеп оқушыларынан үлкен жауапкершілік пен білімдарлықты қажет етеді. Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетінің дамуы оқу барысының дұрыс ұйымдастыруымен байланысты. Оқушыларды жаңа заманға сай тәрбиелеу үшін ұстаз қауымы оқу-тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, оқытудың жаңа әдістемелерін қолдануы керек. Сабақ – қашанда жетіліп отыратын шығармашылық сипаттағы үрдіс. Сабақ – білім беруді ұйымдастырудың негізгі жолы. Мұғалім – сабақта басты тұлға, өйткені ол оқушыларға жүйелі түрде білім алу дағдысын, іскерлігін қалыптастырады. Сабақты түрлендіріп өткізуде оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады.Негізінен шығармашыл тұлғаны қалыптастыратын бірден бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа – сол сабақты өткізудің әр түрлі әдіс-тәсілдері, яғни жаңашыл сабақ.

Оқушыны шығармашылыққа үйрету үшін мынандай жағдайларды ескертемін:

• Ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл күй тудыру үшін баланың назарын бір нәрсеге бағыттауы керек.

• Әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлесу қажет.

• Оқушының шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу.

Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық мүмкіндігі зор, өйткені, олар шығармашылықпен тұрақты, белсенді айналысуға икемді келеді.

Шығармашылық қызығуы қалыптасқан оқушылардың мынандай ерекшеліктері болады:

• балалардың өзіндік ойлау ерекшеліктері басым, түрлі болжамдар жасауға қабілетті, қиялы ұшқыр, өзін танытуға құштар;

• бұл жастағылар ақыл-ой қабілеттілігін тек өзін қызықтырған іске бағыттайды, ал қызықтырмаған істе қалыпты білік-дағдыларымен шектеледі;

• оқушылар мазмұндама, мінездеме жазудан гөрі әңгіме, өлең, ертегі жазуға бейім.

Оқушыларды шығармашылыққа баулу үшін тағы бір қажеттілік баланы психологиялық дайындық-

тан өткізу. Психологиялық дайындық, яғни педагогтің психологиялық әсері шығармашылық кезеңде баланың шабытын оятып, құлшындырып, еліктіріп отырады. Шығармашылық шеберлік үшін оқушыға ұстаздың берер психологиялық әсері мынандай болмақ:

• «сенің қолыңнан бәрі келеді», «сен қабілеттісің», «жаз», «үйрен» деп, баланың еркін билеп, сенім білдіру;

• оқушының кішкентай жетістігі болса да жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу, оқушылар басылымында өлең, әңгімелерінің жарық көруіне көмектесу;

• шығармашылық сәтте оқушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін бақылау, қамқорлық таныту;

• ақын-жазушылардың, өнер адамдарының шығармашылық дәстүрінен қызғылықты оқиғаларды әңгіме ету;

• оқушылар үшін педагог өзін қарапайым жан есебінде таныта білу, оқиға, сюжет, образ жасауда оларға сенім білдіру;

• оқушының қойған сұрақтарына пейілімен дұрыс жауап беру, олардың психологиялық еркіндігін қамтамасыз ету.

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекеттерінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Шығармашылық дегеніміз – адамның өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Оқушы шығармашылығы үнемі ұстаз, сынып ұжымы, ата-аналар тарапынан қолдау тауып отыруы тиіс. Оқушылардың қызығушылығын арттырып отыру үшін сабақ үстінде, сабақтан тыс уақыттарды мынадай әдіс-тәсілдерді қолданамын:

1. Тақырыпты терең ұғындыру, түсіндіру.
2. Сабақта немесе сабақтан тыс уақыттарда әр түрлі тақырыптарда пікірталас тудырып отыру.
3. Логикалық ойлауын жетілдіретін тапсырмалар беру.
4. Ойларынан тест тапсырмаларын құрап келу, есеп құрау, ертегі құрау, шағын мәтіндер құрау, өлең жолдарын құрау.
5. Қиялдау арқылы сурет салғызу.
6. Ана тілі сабақтарында мінездеме беру.
7. Авторлар туралы толық мағлұмат жинау, реферат жазу.
8. Әр түрлі тақырыпта сайыс, пікірталас өткізіп, алған әсерлеріне шығармалар жазу.
9. Сабақ үстінде қосымша тапсырмалар беріп, орындауын қадағалау.

Шығармашылық тұлға бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметтері, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болуы керек. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы керек. Олар:

• шығармашылық қабілетін ерте бастан қолға алу;
• жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;
• ойлау мүмкіндігінің ең жоғары деңгейде болуы;
• шығармашылық іс-әрекетке жағдай туғызу.

Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету деген сөз. Оқушының шығармашылық қабілеті тәжірибелік әрекеттері, ізденімпаздығы арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Оқушының шығармашылық қабілетті қалыптастырудың мәні мынада деген тұжырым жасауға болады:

• білім алуға, шығармашылық жұмыстарға тұрақты қызығушылығының артуы;
• оқушының танымдық ойлау белсенділігінің дамуы;
• жеке тұлғаның дербес интеллектуалдық ой-өрісінің кеңеюі;
• тұрақты ізденімпаздық шығармашылық іс-әрекетінің нәтижелі дамуы;
• оқу танымдық міндеттері мен мақсаттарын орындауға талпыну.

Мен өз шәкірттерімнің басқаға ұқсамайтын қасиеттерін аша білуім керек. Шығармашылық жұмыс-тар оқушыларға:

• еркін ойлауға мүмкіндік береді;
• ақыл-ойын дамытады;

• шығармашылық белсенділігін арттырады;
• тіл байлығын жетілдіреді;
• жан-жақты ізденушілігін арттырады.
Міне, осы қасиеттердің барлығын оқушылардың бойынан көруге болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Майлышева И.М. Оқыту үрдісінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың ерекшеліктері.
2. Сабақты меңгерту әдістері. Алматы: «Бастауыш білім» №2, 2018ж.
3. Қани Ж. Шығармашылыққа баулу. Алматы: «Бастауыш білім» №3, 2012, №3.
4. Ахметжанова А.Қ. Ана тілі сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту. Алматы: «Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ, орыс сыныптарында» №1, 2021ж.
5. Ерубаева А. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін қалыптастырудың негізгі бағыттары мен мүмкіндіктері. Алматы: №2, 2021ж.
6. Ордабаева И, Сеткереева Ғ. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту бағыты. Алматы: «Қазақстан мектебі» №8, 2020ж.

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Ғани Жанар Өтепқалиқызы**

# ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ

| | |
|---|---|
| **Пәні:** | Қазақ тілі |
| **Бөлімі:** | Менің туған өлкем |
| **Күні:** | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ғани Жанар Өтепқалиқызы |
| **Сынып: 2** | Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Лепті сөйлем |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 2.3.7.1 сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану;<br>2.2.5.1 - дереккөздерден мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу |
| **Сабақтың мақсаты** | Сөйлем түрлерін анықтап, тиісті тыныс белгісін қою<br>Түрлі дереккөздерден мәлімет табу |
| **Құндылықтар** | денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы (2 мин) | Ұйымдастыру кезеңі:<br>1.Сәлемдесу.<br>2.Оқушыларды түгендеу.<br>Психологиялық ахуал орнату.<br>«Сәлем, сәлем» | Оқушылар сабаққа назар аударады.<br><br>Оқушылар әуенмен сәлемдеседі. | | https://www.youtube.com/watch?v=qM2j9lq_pEw |
| Сабақтың ортасы (5 мин) | Үй тапсырмасын тексеру<br>5-жаттығу 102 бет<br>Дескриптор:<br>-лепті сөйлем құрады (1б)<br><br>«Ой қозғау»<br>Сөйлемнің түрлерін ата.<br>Мысал келтір<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау | Лепті сөйлем құрап, жазады<br><br>Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлем құрастырады | Мадақтау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 мин | 1-тапсырма<br>Ұжымдық жұмыс<br>«Саған сұрақ» әдісі<br>Өлеңді оқы.<br>Мәтіндегі қарамен жазылғандар қандай сөйлемдер?<br>Сұрақтардың жауабын дереккөздерден ізде.<br><br>ЕББҚ<br>Өлең не туралы?<br>Талқылау сұрақтары:<br>1.Маралдың сұрақтарына сен қалай жауап бердің? | 1. өлеңнің мазмұнын айтады<br>2.қарамен жазылғандарды сөйлемнің түріне ажыратады<br>3.жаңбырдың неге жауатынын жазады<br>4.күн туралы мәлімет жазады<br>5.аспан туралы мәлімет жазады<br>6.биік таулардың атын жазады<br><br>Сұраққа жауап береді | Баскетбол доптарымен<br>Дескриптор:<br>-өлеңнің мазмұнын айтады(1б)<br>-қарамен жазылғандарды сөйлемнің түріне ажыратады(1б)<br>-жаңбырдың неге жауатынын жазады(1б)<br>-күн туралы мәлімет жазады(1б)<br>-аспан туралы мәлімет жазады(1б)<br>-биік таулардың атын жазады(1б)бағалау (жауабына қарай)<br>Дескриптор:<br>-сұраққа жауап береді | Оқулық<br>6-жаттығу<br>103-бет |
| 10 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сергіту сәті<br>2 минут | 2 – тапсырма Жеке жұмыс<br>«Анықта» әдісі<br>Сөйлемдерді көшіріп жаз.<br>Сөйлемдердің қандай сөйлем екенін айт.<br><br><br>ЕББҚ<br>Сөйлемдерді көшіріп жазады<br>Талқылау сұрақтары:<br>1.Лепті сөйлем деген қандай сөйлем?<br>«Көңіл күй»<br>Бейнекөрініс ұсынылады | 1. сөйлемдерді көркем көшіріп жазады<br>2.сөйлемдерді сөйлемнің түрлеріне ажыратады<br><br><br>Ережемен танысады<br><br>Сұраққа жауап береді<br><br><br><br>Балалар жаттығу жасайды | «Комментарий» арқылы<br>Дескриптор:<br>-сөйлемдерді көркем көшіріп жазады(1б)<br>-сөйлемдерді сөйлемнің түрлеріне ажыратады(1б)<br>Дескриптор:<br>-тапсырманы орындайды | Оқулық<br>7 –жаттығу<br>103 бет<br>Дәптер<br>қаламсап<br><br><br><br><br><br><br>https://www.youtube.com/watch?v=ui8J9vlQ4wA |
| Сабақтың соңы<br>9 мин | 3-тапсырма<br>Жұптық жұмыс<br>«Көршіңмен әңгімелес» әдісі<br>Көп нүктенің орнына сұрау не леп белгісінің тиістісін қойып, оқы.<br><br>ЕББҚ<br>Тапсырманы орындағанда қолдау көрсету<br>Талқылау сұрақтары:<br>1.Лепті сөйлем еген қандай сөйлем? | 1. көп нүктенің орнына сұрау не леп белгісінің тиістісін қояды<br>2.жомарт сөзінің мағынасын ашады<br><br><br><br><br>Сұраққа жауап береді | «Комментарий» арқылы бағалау<br>Дескриптор:<br>- көп нүктенің орнына сұрау белгісін қояды(1б)<br>- көп нүктенің орнына леп белгісін қояды(1б)<br><br>Дескриптор:<br>-сұраққа жауап береді | Оқулық<br>9-жаттығу<br>104 бет |
| Рефлексия<br>7 мин | «Баскетбол» әдісі (Бағалау)<br>Бүгінгі сабақты толық түсіндім (9,10 доп)<br>Бүгінгі сабақты түсіндім, сұрағым бар(7,8 доп)<br>Бүгінгі сабақты түсінбедім<br>(5,6 доп)<br>Үйге тапсырма:<br>8 –жаттығу 104 бет | Бүгінгі сабақтан алған білімдерін жинаған білім зарядтарының саны арқылы анықтайды. | «Комментарий» арқылы | «Баскетбол» тақтасы<br>Балалар дың аттары жазылған ұяшықтар<br>доптар<br>таратпасы |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Байбулова Айгул Саржановна**



# КИЛОМЕТР. МИЛЛИМЕТР

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | **А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі** |
| **Пәні:** | Математика |
| **Бөлім:** | Уақыт |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Байбулова Айгул Саржановна |
| **Күні:** | |
| **Сынып:** | Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | №61.Километр. Миллиметр |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 3.3.1.3 тік бұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш ауданы формуласын: S=(a·b):2, S=a2, S=a·b шығарып алу және қолдану (a·b):2, S=a2, S=a·b шығарып алу және қолдану<br>3.5.2.3 бұрыштарды, көп бұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, оларды белгіленуі бойынша оқу |
| **Сабақтың мақсаты** | Бұрыштарды, көп бұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен белгілеу, оларды белгіленуі бойынша оқиды |
| **Құндылықтар** | Талап: ізденімпаз,жаңашыл ұрпақ |

| **Сабақтың барысы** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| Сабақтың басы<br>5 минут | Психологиялық ахуал қалыптастыру<br> | Амандасады.<br>Жақсы тілектер айтады. |  | Көңіл күй стикерлері<br><br>Суреттер |
| Өткенді пысықтау<br>5 минут | Өткенді пысықтау<br>Үйге берілген есептерді тексеру. | Үй тапсырмасын тексертеді | Дескриптор:<br>Есептейді-1б<br>Есепті шығарады-1б | Суреттер |
| Сабақтың ортасы<br>24 минут | Жаңа тақырып<br>Ұжымдық жұмыс<br>«Ұшақ» әдісі<br>Оқулықпен жұмыс<br>1-тапсырма:<br>Мәтінді оқы.<br>Жаңа ұзындық өлшем бірліктерін жаз.<br>Жауабы:<br>км – километр<br>м – метр<br>дм – дециметр<br>см – сантиметр<br>мм – миллиметр | Жаңа тақырыпты меңгереді | Дескриптор:<br>Есептеулерді орындайды-1б<br>-1б<br>Жаңа ұзындық өлшем бірлік-терін жазады-1б | оқулық<br><br>Плакат<br><br>Оқулық<br><br>Жұмыс |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақты қорыту<br>6минут<br><br>Кері байланыс<br>5 минут | 1 м = 10 дм 1 дм = 10 см<br>1 см = 10 мм 1 м = 100 см<br>1 дм = 100 мм 1 км = 1 000 м<br>1 м = 1 000 мм<br>1 км = 1 000 м = 10 000 дм = 100 000 см = 1 000 000 мм 1 м = 10 дм = 100 см = 1 000 мм 1 дм = 10 см = 100 мм<br>2-тапсырма<br>Кесінділердің ұзындықтарын өлше. Сантиметрден кіші ұзындық өлшем бірлігі қалай аталатынын білесің бе?<br>A B=20<br>D K=25<br>C L=10<br>O N=5<br>3- тапсырма<br>1 см = 10 мм<br>2 дм 1 см = 21см<br>690 см = 69 дм = 6м 9 дм<br>658 см = 6 м 5дм 8 см<br>40 см = 400 мм<br>210 см = 21дм = 2м 1 дм<br>78 мм = 7 см 8 мм<br>546 мм = 5дм 4 см 6 мм<br><br>4-тапсырма<br>А)Досыңмен ойна.<br>Қолыңа текше ал. Әртүрлі нысандарға жол көрсет. Бағыттың ұзындығын анықта<br>Жауабы:<br>Мектеп-үй=2км+15км+5км+4км=26км<br>Ә)Лагерьге жеткеннен кейін саяхатшылар екі топқа бөлініп, жорыққа шықты. Әр топтың өзінің бағыты болды.<br>Жауабы:<br>1) 1-топ:<br>а) жотаға дейін=4км<br>ә) көпірге дейін=4км+2км=6км<br>б) орманға дейін қанша километр жүріп өтті?6км+3км=9км<br>2) 2-топ<br>Бағытының ұзындығы қанша?<br>Жауабы:<br>Багыты:3км+1км+1км+3км+4км=12км<br>5-тапсырма<br>Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын тап.<br>Жауабы:<br>□ S=(a+b), △ S=(a+b):2<br>1. S=4см2<br>2. S=25 см2<br>3. S=40 см2<br>4. S=16 см2<br><br>Кері байланыс:<br>Егер саған ұнаса...<br>Аяғыңды тарсылдат..<br>Саусағыңды тарсылдат..<br>Шапалақта балаша..<br>Тамаша. | Тапсырманы орындайды<br><br>Есептерді шығарады<br><br>Есепті шығарады.<br><br>Тапсырманы орындайды<br><br>Есепті шығарады<br><br>Тапсырманы орындайды<br><br>Тапсырманы орындайды<br><br>Тапсырманы орындайды<br><br>Кері байланыс жасайды | Дескриптор:<br>Кесінділердің ұзындықтарын өлшейді-1б<br>Есепті шығарады-1б<br><br>Жарайсың!<br><br>Дескриптор:<br>Есепті шығарады-1б<br><br>Дескриптор:<br>Есепті шығарады-1б<br>Бағыттың ұзындығын анықтайды-1б<br><br>Дескриптор:<br>Есепті шығарады-1б<br>Әр топтың өзінің бағыты болады -1б<br><br>Дескриптор:<br>Есепті шығарады-1б<br><br>Дескриптор:<br>Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын табады-1б<br>Есепті шығарады-1б<br><br>«Білім гүлі» әдісі | дәптері<br><br>Оқулық<br><br>Суреттер<br><br>Жұмыс дәптері<br><br>Оқулық<br><br>Тақта<br><br>Оқулық<br>Кесте<br><br>Оқулық<br><br>Тақта<br><br>Кесте<br><br>Оқулық<br><br>Тақта<br><br>Оқулық<br>Кесте<br><br>Оқулық<br><br>Кері байланыс тақтасы |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Бекетаева Алтынай Бакытжановна**



# HTML - ДЕ ҚАРІПТІҢ ӨЛШЕМІН, ТҮСІ МЕН ТҮРІН БЕЛГІЛЕУ

| | |
|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны:<br>4 тарау. Веб – жобалау.<br>Мерзімі: 15.02.24ж<br>Сынып: 10В | **Мектеп: А. Байтұрсынов атындағы №10 ЖОББМ**<br><br>Мұғалімнің аты-жөні: Бекетаева Алтынай Бакытжановна |
| | Қатысқандар: Қатыспағандар: |
| Сабақ тақырыбы | § 4.3 HTML-ДЕ ҚАРІПТІҢ ӨЛШЕМІН, ТҮСІ МЕН ТҮРІН БЕЛГІЛЕУ |
| Оқу мақсаты | 10.4.2.1 web-парақшаларды жасауда HTML тегтерін қолдану |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушы: HTML құжатын форматтау тәсілімен танысу<br>Көпшілік оқушы: Параметрлерді, түстерді, т.б. өзгерту тегтерін анықтау<br>Кейбір оқушы: Тегтерді қолданып құжаттың параметрлерін өзгерту |

**Сабақ барысы**

| **Сабақ кезеңі/Уақыт** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** (мақсатқа қалай қол жеткіземін?) | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** (әдіс-тәсілдер/ стратегия) | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>(3 мин)<br><br>Топқа бөлу<br><br>Үй тапсырмасына шолу<br>(3 мин) | Ұйымдастыру кезеңі:<br>Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. (Жақсы ахуал оқушылармен)<br>Сәлеметсіңдер ме. Сендерді көргеніме қуаныштымын. Орындарыңа отырыңдар. Барлығы осында ма? Кім жоқ? Дайынсыңдар ма? Сабағымызды бастайық!<br><br>Оқушыларды «Тарсия» әдісі арқылы топқа бөлемін<br><br>«Роботты қуатта» әдісі бойынша оқушыларға сабақ басынан соңына дейін батарея үйлестіріп роботты қуаттаймыз.<br><br>Мақсаты: Проблемалық жағдаят тудыру арқылы тақырыпты ашу және мақсатты айқындау<br><br>«Бір секунд» әдісі арқылы барлық оқушыға бірдей тест сұрақтар беріледі және HTML- дің негізгі терминдерінің ережесін ақиқат және жалғандығын анықтайды.<br>Kahoot қосымшасы арқылы тапсырмаларды орындайды. | Оқушылар мұғаліммен амандасады, сұрақтарға жауап береді<br><br>Оқушылар «Chrome» және «Mozilla» екі топқа бөлінеді.<br><br>Оқушылар Кахот бағдарламасымен экрандағы берілген тестті орындайды, сұрақтардың ақиқат және жалғандығын анықтап жауап береді. | «Роботты қуатта» әдісі бойынша бағаланады.<br>1 балл<br><br> | Презентация<br><br>kundelik.kz<br><br>«Тарсия» әдісі арқылы топқа бөлінеді<br><br>Home - Kahoot! қосымшасы |
| Негізгі бөлім<br>(8 мин) | «Атмосфера орнату» әдісі арқылы оқушыларды ойлану үшін және бірқатар жауаптар алу үшін, сабаққа ынталандыру үшін сабақ түсіндіріліп, сұрақтар қойылады. | Оқушылар HTML – де қаріптің өлшемін, түсі | Мұғалімнің ауызша кері байланысы: | Microsoft Office PowerPoint бағдарламасы. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Мәтінді қосымша форматтауды пайдалану үшін <FONT> тегін қарастырамыз.
<table>
<tr><th>Тег</th><th>Түсіндірмелер</th></tr>
<tr><td><FONT SIZE=" "> ...</FONT></td><td>Мәтіннің өлшемін 1-ден (ең аз) 7-ге дейінгі (ең үлкен) аралықта орнатады.<br>Ескерту: егер мәтіннің өлшемін анықтамаса, онда браузер оның өлшемін <FONT SIZE="3">... </FONT> түрде бейнелейді.</td></tr>
<tr><td><FONT FACE=" "> ...</FONT></td><td>Қаріптерді түрлі кескінде (гарнитура) орнатады</td></tr>
<tr><td><FONT COLOR=" ">...</FONT></td><td>Мәтіннің түсін орнатады.</td></tr>
</table>
<br><FONT> тегі негізгі мәтінге қаріп өлшемін беру мүмкіндігіне ие, Size атрибутындағы белгілі бір нөмірдің орнына салыстырмалы қаріп өлшемін беруге болады.<br>Компютерде мәтінді өңдеу үшін әртүрлі қаріптер қолданылады.<br>Түсті алты таңбалы оналтылық кодпен анықтайды. Кодтың алдында # белгісін орнату қажет немесе түстің әріптік мәнін көрсету керек. Егер мәтіннің түсін көрсетпесеңдер, мәтін әдеттегідей қара түсте беріледі. Түстердің ағылшын тілдегі атауын https://puzzleweb.ru /html/colors_html.php адресінен табуға болады.<br>HTML – де арнайы символдарды жазу кішкентай әріптермен жүзеге асуы керек.<br><BODY> тегі фон түсі мен құжаттың негізгі мәтіннің түсін көрсетеді. Ол үшін <BODY> тегінде екі негізгі сөзді жазу керек:<br>Bgcolor=” ” – фон түсін орнатады, Text=” ” – мәтіннің түсін орнатады.<br>Тізім – жеке сөйлем немесе сөйлемдердің өзара байланысты жиындығы, олар белгі немесе нөмірмен басталады.
<table>
<tr><th>Тег</th><th>Түсіндірмелер</th></tr>
<tr><td><ul>...</ul></td><td>Белгіленген тізімді жиектеу</td></tr>
<tr><td><ol>...</ol></td><td>Нөмірленген тізімді жиектеу</td></tr>
<tr><td><li>...</li></td><td>Тізімнің әрбір элементін жиектеу</td></tr>
</table>
Танысқан видеоролик арқылы постер құру.<br>1. «Жас ораторлар» тұжырымды ойларын постерге түсіріп қорғайды.<br>2. «Жас суретшілер» осы өздерінің түсініктерін суреттеу арқылы кескіндеп береді.<br><u>Дескриптор:</u><br>- Мәтінді толық меңгеріп, жеке, топтық жұмыс тапсырмасын толық орындайды.<br>- HTML – де қаріптің өлшемін, түсі мен түрін белгілеуді біледі.</td>
<td>мен түрін белгілеуді жеткіземін, тақырыпты дәптерге жазады және мақсатты айқындайды.</td>
<td>Жарайсыңдар!<br><br>«Роботты қуатта » әдісі бойынша бағаланады.<br>1 балл<br><br></td>
<td><br><br>HTML-де қаріптің өлшемін, түсі мен түрін белгілеу - YouTube</td>
</tr>
<tr>
<td>Практикалық бөлім<br>(20 мин)</td>
<td>Тапсырма<br>Мақсаты: оқушыларда практикалық жұмыс барысында блакнот редакторында веб сайттың атын қою, мәтіннің көлемін, түсін, фонын жасауды және өңдеуді практика жүзінде меңгеру, тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру (Жеке жұмыс)<br>«Зерттеу» әдісі арқылы тапсырманы орындайды</td>
<td>Оқушылар тәжірибелік жұмысты дескриптор бойынша компьютерде орындайды.</td>
<td>«Роботты қуатта » әдісі бойынша бағаланады.</td>
<td>Блакнот редакторы</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Тапсырма №1<br>I топ<br>Мәтін: Сайт – бұл интернеттегі бір немесе бірнеше бет. Бір сайттың беттері домендік атауды, жалпы тақырыпты және дизайнды біріктіреді. Интернеттегі сайт – бірегей мекенжайы бар және пайдаланушылар тұтастай көретін өзара байланысқан деректер массиві<br>1. веб сайттың атын қойыңыз<br>2. мәтіннің көлемін үлкейтіп жазыңыз<br>3. түсін қалауыңыз бойынша өзгертіңіз<br>4. фон түсін қалауыңыз бойынша өзгертіңіз<br>жауабы<br><TITLE>Қаріп</TITLE><br><BODY bgcolor=" #66FFCC"><br><FONT size = 7><br><p style="color:#990000;"> Сайт – бұл интернеттегі бір немесе бірнеше бет. Бір сайттың беттері домендік атауды, жалпы тақырыпты және дизайнды біріктіреді. Интернеттегі сайт – бірегей мекенжайы бар және пайдаланушылар тұтастай көретін өзара байланысқан деректер массиві </p><br></FONT><br></BODY><br>Дескриптор:<br>- Веб сайттың атын өзгерте алады.<br>- Мәтіннің көлемін үлкейте алады<br>- Түсін, фонын қалаулары бойынша өзгерте алады<br>Тапсырма № 2<br>II топ<br>Мәтін: HTML құжаты сол құжаттың негізгі мәтіні мен белгілі тегтер деп табылады. Сондықтан оны құрастыру үшін жай мәтіндік редакторды, Windows ортасындағы блокнотты пайдалана беруге болады.<br>1. веб сайттың атын қойыңыз<br>2. мәтіннің көлемін үлкейтіп жазыңыз<br>3. мәтін стилін қалауыңыз бойынша өзгертіңіз<br>4. мәтінді қалың (bold) каріпке өзгертіңіз<br>жауабы<br><TITLE>2 топ қаріп</TITLE><br><BODY><br><FONT face = "arial"><br><FONT size = 5><br><b> HTML құжаты сол құжаттың негізгі мәтіні мен белгілі тегтер деп табылады. Сондықтан оны құрастыру үшін жай мәтіндік редакторды, Windows ортасындағы блокнотты пайдалана беруге болады.<BR> </b><br></FONT><br>Дескриптор:<br>- Веб сайттың атын өзгерте алады.<br>- Мәтіннің көлемін үлкейте алады<br>- Түсін, фонын қалаулары бойынша өзгерте алады<br>- Ындау<br>Тапсырма № 3<br>Жеке жұмыс<br>1. веб сайттың атын қойыңыз<br>2. мәтіннің стилін қалауыңыз бойынша өзгертіңіз | I , II топқа екі түрлі тапсырмаларды орындайды және оқушыға жеке тапсырма беріледі. | Қалыптастырушы бағалау.<br>1тапсырма- 1 балл<br>2 тапсырма- 1 балл<br>3 тапсырма- 1 балл<br><br> | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың Ортасы** | **«Құрбақаны ұста».** Барлық ойыншылар (шектелген алаңда) алға қойылған қолдарды тіреп, тізерлеп тұру күйіне келеді. Осы күйде алаң шегінен тысқары екі жүргізуші тұрады. Олар сигнал бойынша алаңда «құрбақаша» (кезекпен қолды және аяқты тіреу арқылы) секіреді және осылайша жылжу арқылы ойыншыға жақындауға және олардың ішінен біреуін ұстап алуға тырысады. Олар «құрбақа» болып қаша алады. Ешкімге ойын барысында қолдарын еденнен алып, жүресінен отыруға рұқсат етілмейді. Алға немесе артқа екі аяқ немесе қол арқылы секіріп, жылжуға болады. Жүргізуші ұстап алған кез келген оқушы жаңа «құрбақа» болады және басқа ойыншыларды ұстауға кіріседі. Соңғы ұсталған ойыншы жеңімпаз болады.<br>Қызықты эстафета Әр командадан бір-бір оқушы ортаға шығады. Олар сол аяғын артына бүгіп, аяғының мойынынан ұстап алады да, межелі жерге дейін сығар аяқтап секіріп барып, қайта келгенде жүгіріп жарысып келеді де, саптың соңына тұрады, келесі бала ойынды жалғастырады.<br>v Доппен жарыс | Оқушылар түсінігін талқылау, көрсету топтық ойын жақсарту туралы белсенділігі туралы әлеуметтік дағдыларды түсіну және көрсету қозғалу дағдылары секіру, лақтыру, жүгіру<br>Оқушылары қысқа қашықтыққа жүгіруді көрсетеді. Қысқа қашықтыққа жүгіру арқылы оқушылардың шапшаңдық, | Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау<br><br>Бағалау парақшасын толтырады.<br><br>**ҚБ** | Доптар: түрлі мөлшер, текстура, түс, салмақ, т.б.<br><br>Доптар (түрлі мөлшерлі). Нысана ретінде түрлі қайта өңделе алатын заттар қолданыла алады: пластикалық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Бірінші бала екі баскетбол добын қолтығына қысып алып, межеге жүгіріп барады да, бір допты қалдырып, екінші допты келесі ойыншыға әкеліп беред. Келесі ойыншы бір доппен барып, екінші допты ала келеді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>v Сыңар аяқ ойыны<br>Екі команда ойыншылары бір-бірден шығып, сыңар аяқпен шеңберден бірін-бірі итеріп шығару.<br>v Таяқща және секіртпемен секіру ойыны<br>Бірінші ойыншы қолына таяқша алып, залдың ортасында жатқан секіртпеге дейін жүгіріп барып, таяқшаны қойп, серітпемен секіріп межені айналып сол жерге дейін келіп, секіртпені тастап, таяқшаны алып келесі балаға береді. Ойын осылай жалғаса береді.<br>v Бір-бірінің үстінен секіру ойыны<br>Сапта тұрған балалардың барлығы еңкейіп отырады да, соңғы бала олардың үстінен аттап-секіріп, алдына келіп отыра қалады. Қалған ойыншылар да осылай жалғастырады. Қай команда межеге бірінші жетеді, сол команда жеңеді.<br>v Негізгі эстафеталық ойын<br>Бұл ойынға әр командада үш ойыншыдан шығады. Залдың екі жағында тұрып, бір-бірден залды айналып жүгіріп, келесі ойыншыға таяқшаны береді. Қай команда этафетаны бұрын аяқтайды, сол команда жеңске жетеді<br>«Капитанға бағытталған доп»<br>Дайындық кезеңі. Ойыншылар тең екі командаға бөлінеді; әрбір команда капитанды және аулаушыны таңдайды. Орталық шеңберге капитандар орналасады.<br>Ойынның мазмұны. Топ басшылары ысқырық белгісі берілген кезде допты жерге тастайды. Допты игерген команданың әрбір ойыншысы оны ұшқан күйінде қағып алатындай етіп өз аулаушысына лақтырып беруге ұмтылады. Осы кезде ұшып бара жатқан допты басқа команданың аулаушысы қағып алса, сол үшін ұпай иеленеді. Жеңімпаз ең көп ұпай алған команда болып табылады.<br>Ойын ережесі.<br>1. Доппен жүгіруге рұқсат етілмейді, ойыншы екі қадам жасауға болады, үшіншісінде допты басқа ойыншыға беру керек.<br>2. Егер аулаушы допты ауада немесе қарсыластың серпілісі кезінде қағып алса, доп ұсталынған болып есептеледі.<br>3. Бір уақытта екі ойыншы допты қағып алса, онда дауды шешуші доп беріледі. | ептілік, төзімділік, батылдық қасиеттерін көрсетеді | | саптаяқ / шөлмектер, картон туба / жәшіктер. |
| Сабақтың соңы | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>1. Жүгіру неше кезеңнен тұрады және әр кезеңнің ережесі? Жүгіру кезінде қандай қасиеттер дамиды?<br>2. Жүгіру кезінде тепе-теңдікті сақтау маңызды ма?<br>**Неліктен екенін айта аласыңдар ма?**<br>Жүгірген кезде ішкі құрлыстарымыз ауыру себебін айта аласыздар ма?<br>Оқушылар бір-бірінің орындаған жаттығуларын «басбармақ» әдісі арқылы бағалай алады. Оқушылар сабақта түсінбеген жаттығуларын, мұғалімге қоятын сұрақтары және сабақтан әсерлерін стикерге жазып кері байланыс тақтасына жапсырып кетеді. Сабақ топ бойынша бағаланады. | Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды. | | Рефлексия парағы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Кері байланыс<br>Оқушылардың өз тәртіптеріне рефлексия жасауды мобильдендіру (мотивация, әрекет тәсілдері, қарым-қатынас).<br>Оқушылар стикерге мына сұрақтарға жауап жазады:<br>1. Маған сабақта не ұнады.<br>2. Маған немен жұмыс істеу керек?<br>3. Смайл арқылы өзінің көңіл-күйін бейнелейді және стикерді күн бейнесіндегі тақтаға жапсырады. | | | |







**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Рискалиева Перизат Канатовна**

## «ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕР»

**Сабақтың мақсаты:**
1. Тұрлаулы мүшелер бастауыш пен баяндауыштан тұратынын, олар сөйлемдегі негізгі ойды білдіретінін меңгерту;
2. Оқыту жолдарының бірі-ойлау, тілін анық ету үшін лексиканы қалыптастыру, бірлескен топтық жұмыстар арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту, табысқа жетуге бағыттау;
3. Оқушыларды арасында сенімді қарым-қатынас қалыптастыру арқылы ынтымақтастық ортада жұмыс жасауға тәрбиелеу:

**Күтілетін нәтиже:**
Тұрлаулы мүшелердің сөйлемде негізгі ойды білдіретінін меңгереді, топпен жұмыс жасау арқылы әр оқушы өз идеяларын ортаға салады, дәлелдемелерін ұсынады, бірінің ойын бірі толықтырады.
**Сабақтың әдісі:** Сұрақ –жауап, талдау, түсіндіру
**Сабақтың түрі:** Жаңа білімді игеру
**Сабақтың көрнекілігі:** Слайд, интерактивті тақта, суреттер, үлестірмелі қималар, сигналды белгілер, себеттер, қоян, сәбіз
**Сабақтың барысы:**
**1.Ұйымдастыру бөлімі**
Оқу құралдарын, оқушыларды түгендеу
**Психологиялық дайындық:**
**Мұғалім:**
- Әр бір адам ?
- Әрбір сабақ?
- Әрбір ісің?
- Әрбір сөзің?

**Оқушылар:**
Туысым, досым, жұрағат
Үйрену, ұғу, ұлағат
Тірлік, тірек, адамдық
Шындық, бірлік, адалдақ

- Олай болса, балалар бүгінгі сабағымызды бастаймыз, әрбір ісімізге мұқият болайық.

**2.Үй тапсырмасын тексеру**
**Тез жауап (Өткен сабаққа шолу)**
1.Түбір дегеніміз не?
2. Жұрнақ дегеніміз не?
3. Жалғау дегеніміз не?
4. Түбірлес сөздер дегеніміз не?
5. Бастауыш дегеніміз не? Сұрақтары?
6. Баяндауыш дегеніміз не?

- Бүгін бізге қонаққа қоян келіп отыр. Ол өзі келмепті, өзімен бірге себетін ала келіпті. Себетін толтырмай өайтпаймын дейді. Сондықтан қоянның себет толтыру үшін үй тапсырмасын қалай орындағанымызды түсіндіріп беруіміз керек. Ол үшін біз сәбіздің сұрағына жауап береміз. Сұраққа жауап бере отырып, ибіз қоянның себетін толтырып, қайтара аламыз. Олай болса кім маған үй жұмысын түсіндіріп беремін дейді.

Дайын болсақ оқимын.
1. Әнші қыз келді. 2. Қарбыз – көкөніс, 3. Аян – биші, 4. Күн қызарып батты. 5. Бөдене жақынға ұшады. (Оқушылардың жауабы)

**1.Әнші қыз келді**. Не істеді? келді бұл баяндауыш. Екі сызықпен сызамын. Кім? Әнші қыз бұл менде бастауыш. Бастауышты бір сызықпен сызамын. Бастауышы зат есімнен, баяндауышы етістіктен жасалып тұр.

2. **Қарбыз – көкөніс**. Қарбыз не? Көкөніс бұл менде зат есімнен жасалып тұрған баяндауыш.Сондықтан мен оны екі сызықпен сызамын.Не? Қарбыз бұл менде бастауыш мен оны бір сызықпен сызамын.Бұл сөйлемнің бастауышы да ,баяндауышы да зат есімнен жасалып тұр.

3. **Аян – биші**. Аян кім? биші бұл менде зат есімнен жасалып тұрған баяндауыш. Сондықтан мен оны екі сызықпен сызамын.Кім? Аян бұл менде бастауыш мен оны бір сызықпен сызамын.Бұл сөйлемнің бастауышы да , баяндауышы да зат есімнен жасалған.

4. **Күн қызарып батты**. Не істеді? батты бұл баяндауыш. Екі сызықпен сызамын. Не? күн бұл менде бастауыш. Бастауышты бір сызықпен сызамын. Бастауышы зат есімнен,баяндауышы етістіктен жасалып тұр.

5. **Бөдене жақынға ұшады.** Не істейді? ұшады бұл баяндауыш. Екі сызықпен сызамын. Не? Бөдене бұл менде бастауыш. Бастауышты бір сызықпен сызамын. Бастауышы зат есімнен,баяндауышы етістіктен жасалып тұр.

- Жақсы балалар қоянның тапсырмасын орындап себетті сәбізге толтырдық. Қоян сендерге рақметін айтып бір әуен тастап кетіпті. Сол әуенді, іс – қимылымен бәріміз орнымыздан тұрып орындайық.

***Сергіту сәті: ( 3 мин интерактивті тақтаға назар аударамыз )***

**1. Жаңа сабақ. (*интерактивті тақтаға назар аударамыз* )**

**Сурет**
Бастауыш пен баяндауыш – сөйлемнің **тұрлаулы мүшелері.**

**2. Оқулықпен жұмыс**
**17.** Оқы. Сөйлемдерді сызбамен сәйкестендір. Қай сызба қай сөйлемге сәйкес келетінін түсіндір.
**18.** Мәтінді түсініп оқы.
Мәтінде қандай қала туралы айтылған?
Қарамен жазылған сөйлемнен тұрлаулы мүшелерді тап. Сызықшаның қойылу себебін түсіндір.

**Отырар – көне қала.** Қаланың орны Отырартөбе деп аталады. Бұл жерде қыш ыдыстардың қалдықтары көп. Отырар қаласында ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби туған. Отырарда сәулетті сарайлар мен мешіттердің болғанын дәлелдейтін жәдігерлер* көптеп кездеседі.
*«Қазақстан тарихы» оқулығынан*

***7.Қорытынды:(5мин)***
Шығармашылық жұмыс. Қыс тақырыбына 3 денгейде талдау жасау керек.

1-деңгей. Жеке сөйлемдер құрап жазу.
2-деңгей. Мәтін құрап жазу
3-деңгей. Сөйлем құрап. Тұрлаулы мүшелерді тауып, талдау
**8.Үйге тапсырма**. 77 бет, 65 жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрайсындар. Әңгімеге ат қою. Құраған сөйлемдеріңнен тұрлаулы мүшелерді тап.
**Бағалау:** Сабаққа қатысқан оқушыларды мадақтап, бағалаймын.

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Төлеген Гүлнұр Майданқызы**



## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЖЫЛДАМ ОҚУҒА ҮЙРЕТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Жалпы оқу бағдарламасының бір саласы – оқу техникасы. Аталған дағдыны жоғары деңгейде қалыптастырмайынша оқушының әрі қарайғы сапалы біліміне қол жеткізу мүмкін емес. Оқу дағдысы негізгі оқылым дағдысы болып табылады, сондықтан оны кезең-кезеңмен қалыптастыру бойынша дұрыс жұмыс істеу маңызды: дұрыс оқу (дыбыстар мен әріптердің арақатынасы, буындарға қосылу); саналы (оқылған сөздің мағынасын түсіндіру); еркін (ақпаратты тұтас сөздерімен және саналы оқу), мәнерлі (ақпараттың мазмұнына көзқарасын дұрыс, саналы және еркін білдіру).

Егер баланың оқу дағдысы қалыпты жағдайдан төмен болса, ол оқулықтағы мәтінді оқу үшін ұзақ уақыт жұмсайды және оны түсіну үшін бірнеше рет оқуы керек. Ал үй тапсырмасын орындау үшін басқа балаларға қарағанда екі есеге дейін ұзақ уақыт жұмсайды. Осылай бұл оқушы үнемі нашар оқитындардың арасында қалып отырады. Бұндай оқушының оқу техникасын дамытпаса, ешқандай ұстаз да көмектесе алмайды. Көп кітап оқитын балалар ғана тез оқиды. Оқу кезінде зейін тұрақтылығы мен жады жетіледі. Осы екі көрсеткішке ми жұмысы да тәуелді. Оқу дағдысы көптеген күрделі шеберліктің құрамдас бөлігі.

Оқу шапшаңдығын тежейтін қиындықтар мен кедергілер, оқу шапшаңдығын тежейтін себептер өте көп. Олардың ішіндегі негізгі 7 кедергіні атап өтуге болады:

1. Іс-әрекеттің табиғи қарқыны. Іс-әрекеттің табиғи қарқыны адамның темпераментін құраушы қасиет болып табылады. Бұл жады, зейін, ойлау, қабылдау, елестету психикалық үдерістері жұмыс істейтін жылдамдық. Сөйтіп, қарқын туа біткен қасиет бола тұрып, адамның қаншалықты тез жұмыс жасайтынын, есте сақтайтынын, ойлайтынын, оқитынын анықтайды.

2. Регресс. Бұл оқығанды қайталап оқу кезіндегі көздің қайта оралу қозғалысы. Егер оқу барысында баланың көзі қайталап оқу үшін жиі-жиі артқа орала берсе (бала әуелі іштей оқиды, содан соң дауыстап оқиды) немесе ол бір жолдағы сөздерді түсіну үшін оқи берсе, онда оқудың бала қолданып отырған бұл тәсілінде регрестің бар болғаны. Регрестің бар болу себептері: әдеттің әсері, мәтіннің қиын көрінуі, зейіннің жоқтығы.

3. Антиципация. Оқып отырып көптеген сөздің аяғын оқымайды. Яғни, ол сөздің мағынасын оқымай тұрып алдын-ала түсіне қояды. Мәтіннің әрі қарайғы мәнін түсінудегі бұл тәсіл антиципация деп аталады. Бұл келешекті алдын-ала психологиялық тұрғыда болжайтын үдеріс. Егер балада сөздің мәнін түсіну қабілеті дамымаса, онда оған әр сөзді аяғына дейін оқуға тура келеді.

4. Артикуляция. Оқу шапшаңдығын тежейтін келесі себеп – сөйлеу мәнеріндегі артикуляциялық аппараттың бұзылуы. Артикуляциялық аппарат керекті жылдамдықпен дауыстап оқуына кедергі

келтіреді. Әсіресе дыбысты дұрыс айтпайтын балаларға өте қиын. Бұл артикуляциялық аппараттың қозғалу жетіспеушілігімен айқындалады. Таза сөйлей алатын балалар мен осындай балалардың оқу жылдамдығының арасында үлкен алшақтық болады.

5. Көрудің аз кеңістігі. Зерттеулер көрсеткіші бойынша оқып отырған адамның көзі екі жағдайда болады:1. Бір нүктеге көз тоқтату (тоқтау), 2. Нүктеден нүктеге ауысу (қозғалыс). Мәтінді қабылдау тек көз тоқтату мезетінде іске асады. Жылдам оқитын адам мен баяу оқитын адамның арасындағы айырмашылық көз қозғалысының жылдамдығында емес, көз тоқтату мезгіліндегі қабылданған аппараттың мөлшерінде. Оқу кезінде көз секірмелі қозғалыста болады. Сондықтан ол сөйлемнің 1 – 2 сөзіне ғана көз тоқтатады.

6. Зейіннің деңгейі. Оқу кезіндегі зейін өз ойын жинақтау, қорытындылау орындалатын нәтижесіне әсер етеді. Көп жағдайда бастауыш сынып оқушыларына берілген ақпараттың қызықсыздығы баланың зейінін тұрақсыздандырады.

7. Жады. Жадының 4 типі белгілі: көру, есту, моторикалық, аралас. Мәселен, бала кітаппен жұмыс жасай отырып, өзінің іштей оқығанда жақсы түсінетінін аңғарды. Өзіне қажет мәтін жолын, оның бетін, қандай үлгімен жазылғанын есіне тез сақтап, алдын-ала білетінболады. Бұл баланың көру жады жақсы дамыған. Бұндай балалардың оқу жылдамдығы жоғары, сауаттылықтың деңгейі жоғары. Көру мүшесі оларға еріксіз түрде сауатты жазуға көмектеседі, себебі ол сөздерді біртұтас көлемді бейне ретінде қабылдайды. Егер бала дауыстап оқығанда немесе сіздің оқығаныңызды тыңдаған кезде қабылдаса, ол балада есту арқылы жадына сақтау қабілеті жақсы дамыған. Егер бала оқығанын жазып, салу арқылы жадына сақтаса, ол балада моторикалық жады жақсы дамыған, көру арқылы жадыны сақтау қабілеті жақсы дамыған балалардың сөз бейнесін жадына сақтауда, сауатты жазуда, тез оқуда айрықша ерекшелігі бар. Көру арқылы жадына сақтау қабілеті төмен балалармен түрлі жұмыстар жүргізілуі керек. Ал қатесіз жазу үшін дұрыс жазу ережесін білуі қажет. Осыған байланысты баладағы көру арқылы жадыны сақтау қабілетін суретті көрнекіліктер арқылы дамытуға болады. Суретті көрнекіліктермен жұмыс істеу 15 секунд көлемінде жүргізілсе де жадыны дамытудағы мәні зор.

Оқу жылдамдығын қалыптастыру бастауыш сыныптан басталады. Бастауыш сатыдағы оқу техникасын жақсартудың кеңінен тараған технологиясы В.Н.Зайцевтің «Резервы обучения чтению» жүйесі. Аталған технология шапшаң оқуға үйретудің 8 резервін құрайды.

Дайындық жаттығуларының ұзақтығы емес, жиілігі маңызды.

1.Балаларға қандай да бір біліктілікті меңгертіп, оны дағды деңгейіне жеткізу үшін белгілі бір уақыт аралығында олармен күндн-күнде көлемі шағын жаттығулар жүргізу қажет.

2. Ызыңдап оқу. Барлық оқушы бір мезгілде бір-біріне бөгет жасамас үшін жартылай дауыспен оқу. Әркім өз жылдамдығымен, біреулері тез оқыса, біреулері баяу оқиды. Ызыңдап оқытуды сабақтың кез келген кезеңінде жүргізуге болады.

3. Әр сабақтағы 5 минуттық оқу. Егер мұғалімнің үлесінде 3-4 оқу сабағы болса, онда аптада 25 оқушының әрқайсысы 1-2 рет оқу мүмкіндігіне ие болады.

4. Ұйықтар алдындағы оқу. Жақсы нәтиже береді. Өйткені күннің соңғы сәттері адамның көңіл күйінде жақсы сақталады.

5. Үзінділермен оқыту. Егер бала оқуды ұнатпаса, онда осы оқу түрін пайдалануға болады. Бұндай жағдайда балаға 1 – 2 жолдық үзінді оқуды ұсыну керек. Біраз демалып, содан соң оқу қайта жалғасады.

6. Көру диктанттарын жаздыру. Оқу техникасының қарқыны көп жағдайда оперативті жадының нашар дамуына байланысты тежелетіні анықталған. Мәселен, оқушы 6-8 сөзден тұратын сөйлемді оқиды. Үшінші, төртінші сөздерді оқуға келгенде алғашқы бірінші сөзді ұмытып қалады. Соның әсерінен оқушы сөйлемнің мағынасын түсіне алмайды. Бұл жағдайда оқушының оперативті жадын жаттықтыру керек.

7. Бірнеше дүркін оқу. Бұлар: а) бірнеше дүркін оқу; ә) жаңылтпаш қарқынымен оқу; б) мәтіннің таныс емес бөлігін өте отырып оқу, мәнерлеп оқу. Аталған жаттығулардың барлығы ұжым болып жүргізіледі. Мұғалім оқушылардың барлығына 1 минут барысында оқу ұсынады. Әрбір оқушы өзінің 1 минут ішінде оқыған сөзін белгілейді. Оқу қарқыны оқушыға жағымды көңіл күй әкелгендіктен, ол қайта-қайта оқығысы келеді. Әр оқушының оқу қарқыны әртүрлі екені ескерілуі керек. Сондықтан көлемі бірдей үзінділерді ұсынуға болмайды. Алайда 1 үзіндіні 3 реттен артық оқуға болмайды. Оқушының бойында қалыптасуға тиісті дағды мен шеберлік стандарт талаптарына сәйкес болуы үшін кез келген мұғалім кемістіктерді жоюға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіп отырса, алынбайтын қамал жоқтығын іс жүзінде дәлелдеп, еңбегінің нәтижесін көрері сөзсіз.

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Аққайыр Арайлым Байторақызы**



# СИММЕТРИЯЛЫ ЖӘНЕ СИММЕТРИЯЛЫ ЕМЕС ЖАЗЫҚ ФИГУРАЛАР

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | **Сәуле** | |
| Мұғалімнің аты-жөні | Аққайыр Арайлым Байторақызы | |
| Күні: | | |
| Пәні: | математика | |
| Сынып: 3 А | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | **Симметриялы және симметриялы емес жазық фигуралар** | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.3.1.1 шеңбер мен дөңгелекті, олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір бірінен ажырату және атау/ симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру | |
| Сабақтың мақсаты | шеңбер мен дөңгелекті, олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір бірінен ажыратады, симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айырады және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіре алады.<br>симметриялы заттарға мысалдар келтіре алады.<br>тақырыпқа сай тапсырмалар құрастыра алады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар | ЕБҚ |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру<br><br>Өткен білімді еске түсіру<br><br>8 мин | **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру** ширату жаттығулары арқылы жүреді.<br>**Үйге берілген оқу тапсырманы тексеру.**<br>**Оқу материалын жариялау**<br>«Керме жіп» әдісі арқылы жүреді:<br>-Көбелектерде жазылған тапсырмаларды орындаңдар.<br>- Шеңбер деген не?<br>- Дөңгелек деген не?<br>- Шеңбер мен дөңгелектің айырмашылықтары қандай?<br>- Шеңбердің радиусын қалай анықтаймыз? - Шеңбердің диаметрін ше?<br>-Суреттерді қараңдар. Ою-өрнектерден қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсың? Егер әр суретті тең екіге бөлетін болсаң, онда әр бөлігі туралы не айтуға болады? | Ширату жаттығула рын жасайды. Сұрақтарға жауап береді. Тақырыпты ашады. | «Ауызша мадақтау жүреді. Оқушылар жауаптары толықтыры-лады. |  | ширату жаттығулары<br><br>4*1=<br>3*2= 2*0=<br>5*1= 3*3= |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қағаздан қиып алынған дөңгелек, шаршы және тіктөртбұрышты тең екі бөлікке бүкте. Жарты бөліктері туралы не айтуға болады?<br><br><br>- Ал бүгінгі сабағымызда симметриялы және симметриялы емес фигураларды ажыратуды үйренеміз.<br>Оқу мақсаты жарияланады.<br>**«Санау» әдісімен** топқа бөлу. | | | | |
| Жаңа білім<br>10 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>10 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>2 мин<br><br>Бекіту | **(Ұ) 1- тапсырмада дәптермен жұмыс** жүзеге асады.<br>2) Симметриялы фигураларды және ою-өрнектерді ата. Кез келген фигураны ал. Бүктеу арқылы олардың симметрия осін тап.<br><br>3) Дәптеріңе симметриялы фигураларды аяқтап сал.<br><br><br>**Саралау тәсілі: «Тапсырма»** арқылы жүзеге асады<br>**Кейбір оқушыға:**<br>-Симметриялы басқа да фигуралар сал.<br>**(Т) 2- тапсырмада дәптермен жұмыс** жүзеге асады.<br>4) Есептерді шығар.<br>А) Ою-өрнек жасау үшін 9 метрлік 5 бума тоқымабау және тағы 20 метр тоқымабау сатып алынды. Барлығы қанша метр тоқымабау сатып алынды?<br>Ш: 9*5+20=65<br>Ж: Барлығы 65 метр тоқымабау сатып алынды.<br>Ә)Бір бумада 186 ою-өрнек, ал екіншісінде одан 75-і артық ою-өрнек бар. Екі бумада барлығы қанша ою-өрнек бар?<br>Ш: 186+(186+75)=447<br>Ж: Екі бумада барлығы 447 ою-өрнек бар.<br>Б) Бір шеберханада 12 тігінші бар, бұл екінші шеберханадағы тігіншілер санынан 9-ы кем. Екі шеберханада барлығы қанша тігінші бар?<br>Ш: 12+(12+9)=33<br>Ж: Екі шеберханада барлығы 33 тігінші бар.<br>**Сергіту сәті** | Сандардың квадратын тауып, монумент атауын анықтайды.<br>Санжардың текшелері нің санын анықтайды.<br>Тапсырма орындайды.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Есептің шартын жазады, шешуін, жауабын табады.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Амалдардың орындалу тәртібін | **Дескриптор:**<br>-Симметриялы фигураларды және ою-өрнектерді атайды-1балл. Кез келген фигураны бүктеу арқылы фигуралардың симметрия осін табады-1балл.<br>Дәптерге симметриялы фигураларды аяқтап салады-1балл.<br><br><br><br><br>**Дескриптор**:<br>Есептердің шартын дұрыс жазады-1балл.<br>Шешуін дұрыс есептейді-1 балл.<br>Жауабын дұрыс тауып жазады-1балл.<br><br><br><br><br><br><br>**Дескриптор**:<br>- Теңдеулерді шешеді-2 балл.<br>Жауабын тексереді -2балл. | Оқулық дәп тер, | Оқулық, дәптер<br><br><br>Дәптермен жұмыс<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сергіту сәті<br><br><br>Есепте<br>76+23=<br>28+34= |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5мин | **(Д) 3- тапсырмада теңдеу шешу** жүзеге асады.<br>5) Теңдеулерді шеш.<br>32:b=64:8 380-b=330-175<br>32:b=8 380-b=155<br>b=32:8 b=380-155<br>b=4 b=225<br>32:4=64:8 380-225=330-175<br>8=8 155=155<br>y:4=49:7 m+32=185-143<br>y:4=7 m+32=42<br>y=7*4 m=42-32<br>y=28 m=10<br>28:4=49:7 10+32=185-143<br>7=7 42=42<br>**Саралау тәсілі: «Қарқын»** арқылы жүзеге асады | анықтап, оларды есептейді | | | Салыстыр<br>1ж*10ай<br>40мин*1сағ |
| Кері байланыс<br>5 мин | **Кері байланыс: «Жетістік баспалдағы»** әдісі бойынша өтеді.<br>Оқушылар жауабын талдап, ҚБ қояды.<br>Оқу тапсырмасы: 6-тапсырма 34-бет. | Кері байланыс жасайды. | ҚБ қойылады. | | Кері<br>байланыс<br>Мадақтау |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Загипарова Лиза Слямовна**



## ПРЕЗЕНТАЦИЯЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

| | |
|---|---|
| Бөлім: | **Презентациялар. (Ортақ тақырып: “Қоршаған орнаны қорғау”)** |
| Педагог: | Загипарова Лиза Слямовна |
| Күні: | |
| Сынып: 4 «ғ» | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | **Презентацияларға арналған ақпарат** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.2.3.1 слайд үшін макет таңдау<br>4.3.1.1 ақпарат іздеу (компьютердегі файлдар мен бумалар, құжаттағы мәтін үзіндісі)<br>4.3.2.1 браузер параметрлерін қолдану ( бетбелгілер жасау, журналды және жүктеуді көру) |
| Сабақтың мақсаты | Оқушыларға слайд үшін макет таңдауды және ақпарат іздеу мен браузер параметрлерін қолдануды үйрету; |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>• Амандасу<br>• Түгендеу | Оқушылар мұғаліммен амандасып, оқу | | Оқу-құралдары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**5 мин** | • Оқу - құраларын реииеу<br>• Психологиялық ахуал<br><br>**“Өзіме-көршіме ” әдісі психологиялық ахуал.**<br><br>**Топқа бөлу.**<br>**“Интернет” әдісі**<br><br>**Үй тапсырмасын тексеру.**<br>**“Кфс” әдісі.**<br>1. Фото, кино және бейнетүсірілім жасайтын мамандық иелері қалай аталады?<br>2. VidioPad редакторы деген не?<br>3. VidioPad редакторынығ құралдарын ата.<br>4. VidioPad редакторында видеоны қалай өңдейді?<br>5. VidioPad редакторында бейнежазбаны қалай сақтаймыз?<br>6. Видео әсерлер дегеніміз не? | құралдарын түгендейді.<br><br>Оқушылар өзіме деген кезде қолдарын ұстап өз кеуделеріне қояды, ал көршіме деген кезде қолдарындағы шарды көршісіне береді, көршісі жазылған, тілекті оқу арқылы психологиялық ахуал қалыптастырады.<br><br>Оқушылар инстаграм және тикток суреттерін таңдау арқылы 2 топқа бөлінеді.<br>Оқушылар кфс әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріп, үй тапсырмасын қорытындылайды. | Жарайсыңдар!<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Медаль арқылы бағалау<br>**Дескриптор:**<br>-сұрақтарға жауап береді<br>-үй тапсырмасын қорытындылайды | Доп<br><br><br>Суреттер<br><br>ДК<br>Кфс<br> |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**15мин** | Ой қозғау.<br>**“Құпия қорап” әдісі**<br>-Балалар, құпия қораптан не шықты?Қандай сурет көріп тұрсыңдар?<br>-Иә, балалар. Бұл – қоршаған орта суреттері.<br>-Қоршаған орта дегеніміз не?<br>- Қоршаған ортаны қорғау үшін ақпаратты қайдан іздейсің?<br>- Презентацияға ақпарат іздеуде Интернетті тиімді қолданудың қандай жолдарын білесің?<br>- Интернеттен баска қайдан ақпарат алуға болады?<br>**Яғни, балалар,**<br>**Бүгінгі біздің өтетін сабағымыздың тақырыбымыз:**<br>Презентацияларға арналған ақпарат<br>**Сабақтың мақсаты:**<br>Оқушыларға слайд үшін макет таңдауды және ақпарат іздеу мен браузер параметрлерін қолдануды үйрету**;**<br><br>Презентация (ағылш. Presentation “ұсыну”) таныстырылым, баяндама, жобаны, есеп беруді қорғау, жұмфс жоспарын көрсету және дайын ақпаратпен бөлісу.<br>Презентацияға сурет, мәтін, дыбыс, видеоларды да қосуға болады.<br>Презентацияны PowerPoint программасының көмегімен жасаймыз. Программаны іске қосу үшін: **Іске қосу➔ Барлық программалар ➔ Microsoft** | Оқушылар құпия қорапшаны ашып, суреттер арқылы қойылған сұрақтарға жауап береді. Жаңа сабақ тақырыбын ашады.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Оқушылар сабақтың тақырып, мақсатымен танысады.<br><br><br><br>Оқушылар тақырыппен танысып, жұмыс дәптерлеріне жазып алады.<br><br><br><br><br><br><br>Оқушылар компьютерде | Жарайсыңдар! | Қорап<br>Суреттер<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Оқулық<br>Жұмыс дәптері<br><br><br><br><br>Слайд |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **4 мин** | **Office ➔ Microsoft PowerPoint** командасымен орындаймыз.<br>*Ақпаратты қалай іздеуге болады?*<br>Презентацияға қажетті ақпарат компьютерде сақталған болса, оны тез іздеп табуға болады. Ол үшін ақпараттарды жұмыс үстелінен **Бас мәзірдің** көмегімен іздейміз.<br><br>*50-сурет. Ақпаратты іздеу*<br>Браузер деген не?<br>**Браузер –** “парақтау, қарау” деген сөзден шыққан. Интернеттегі веб-парақшаларды, мәліметтерді оқуға, іздеуге арналған программа.<br>**“Кинометафора” әдісі**<br>*Браузерде бетбелгілерді қосу.*<br><br>-Жақсы, балалар! Тақырыппен танысып алдық. Тақырып түсінікті болды ма? Сұрақтарың бар ма? Тақырыпты ары қарай толық түсіну үшін тапсырмалар орындап, практикалық тұрғыда іске асырайық. Дайынсыңдар ма, балалар? Тапсырмаларды орындамас бұрын бағалау парағымен танысып алайық.<br>**“Робот сағат” әдісі арқылы бағалайтын боламын.**<br><br>**1-тапсырма. Топтық жұмыс. “Білім шамы” әдісі**<br>**1 топ: Презентацияға ақпаратты қайдан алған тиімді?**<br>**2-топ: Қандай браузерлерді білесіңдер?**<br>-Жарайсыңдар, балалар!<br>Сабағымыздың ортасынада келіп қалдық. Енді, сергіту сәтін жасап алайық.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>**“Лабиринт” әдісі**<br>-Жақсы, балалар! Сергіту сәтін орындап болдық. Келесі, тапсырма орындайық.<br>**2-тапсырма. Жеке жұмыс.**<br>**“Ноутбук” әдісі.** Компьютермен жұмыс.<br>1. “Қоршаған ортаны қорғау” тақырыбында 3-4 слайдтан | **PowerPoint** бағдарламасын қосып көреді.<br><br>Оқушылар бейнеролик арқылы браузерде бетбелгі қосуды үйренеді.<br><br>Оқушылар бағалау парағымен танысады.<br><br>Оқушылар білім шамы әдісінің тапсырмасын орындайды. Интернет браузерлерінің аттарын және суреттерді салыстырады. | Робот сағат арқылы бағалау<br><br>**Дескриптор:**<br>-интернет браузерлерінің аттарын жазады-2балл | Слайд<br><br>ДК<br>Слайд<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Практикалық жұмыс**<br><br>**10мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**5 мин** | тұратын презентация жаса. Интернеттен суреттер алып , оны толықтыр. Презентацияларға атау шойып, бумаға сақта.<br>2. Басты меню(Пуск) кіреміз =>Барлық бағдарламалар (Все программы)=> Microsoft office=> Microsoft office powerpoint. Немесе жұмыс үстөліндегі белгішесін меңзерді әкеліп басамыз.<br>-Өте жақсы, балалар! Осымен сабағымыздың соңына да жеттік. Сабағымызды қорытындылау үшін келесі тапсырманы орындайық.<br><br>**Сабақты қорытындылау.**<br>**«Миллион кімге бұйырады?» ойыны.**<br>LearningApps платформасында сұрақтарға жауап беру.<br>LearningApps сілтемесі: https://learningapps.org/watch?v=p7ksaqvoc24<br>1. Суреттер мен мәтіндер кірістіруге, оларға қимыл қозғалыс жасауға арналған бағдарлама қалай аталады?<br>PowerPoint<br>2. PowerPoint бағдарламасын қалай іске қосамыз?<br>**Іске қосу➔ Барлық программалар ➔ Microsoft Office ➔ Microsoft PowerPoint**<br>3. Ғаламтордағы web-парақшаларды, мәліметтерді оқуға, іздеуге арналған бағдарлама қалай аталады?<br>Браузер<br>4. Таныстырылым , жобаны, есеп беруді көрсету және дайын ақпараттармен бөлісу қалай аталады?<br>Презентация<br>-Өте жақсы, балалар! Бүгінгі сабақта екі топта жақсы қатысып отырды. Сендерге қай тапсырма қиын болды? Сабақ түсінікті болды ма? Сабағымыздың қалай өткені жайлы кері байланыс жасап алсақ…. | Оқушылар сергіту сәтін орындайды.<br><br>Оқушылар ноутбук әдісі арқылы берілген тапсырманы компьютерде орындайды.<br>“Қоршаған ортаны қорғау” тақырыбында 3-4 слайдтан тұратын презентация жасайды.<br><br>Оқушылар миллион кімге бұйырады сұрақтарына жауап беру арқылы сабақты қорытындылайды. | -суреткрді салыстырып, талдайды -2балл<br><br>**Дескриптор:**<br>-Microsoft office powerpoint. Microsoft office powerpoint. Бағдарламасын аша алады-1балл<br>- Microsoft office powerpoint бағдарламасының интерфейсімен танысады-1балл<br><br>**Дескриптор:**<br>-сұрақтарға жауап береді-2балл | <br><br><br>ДК<br>Ноутбук |
| **Сабақтың соңы**<br>**Рефлексия**<br>**3мин** | **“ТикТок ” әдісі** арқылы рефлексия орындау.<br>**Үйге тапсырма.**<br>89 бет, үйде орындайық.<br>Суретке қарап, мәтіндік редакторда «Менің қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесім»тақырыбында 6-7 сөйлемнен тұратын әңгіме жаз | Оқушылар кері байланыс жасайды | Қорытындылау | <br> |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Кайдалиева Айнур Бекжановна**

# НАУРЫЗ. СӨЙЛЕМДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | | |
| **Пәні:** | **Ана тілі** | |
| **Бөлім:** | Мәтін және сөйлем | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Кайдалиева Айнур Бекжановна | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:1** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **№49 сабақ.Наурыз. Сөйлемдегі сөздердің байланысы** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 1.2.1.2 оқу түрлерін (тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану;<br>1.4.1.1.айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және сету, есте сақтау арқылы жазу; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Мәтінді түсініп оқиды.<br>Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және есту, есте сақтау арқылы жазады. | |
| **Құндылықтар** | ТАЛАП: Білуге, жаңаны тануға құштар болу | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>5 минут<br><br>Өткенді пысықтау<br>5 минут<br><br>**Сабақтың ортасы**<br>20 минут | Психологиялық ахуал қалыптастыру<br>«Ай аттары»<br>Ай аттары туралы бейнекөріністі көрсету. Тыңдау, көру арқылы оқушыларға көтеріңкі көңіл күй, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.<br>–Ай аттарын атаңдаршы.<br>–Қазір жылдың қай мезгілі? Табиғатта қандай өзгерістер болып жатыр?<br>**Өткенді пысықтау**<br>«Алғашқы хат» өлеңін мәнерлеп оқу.<br>Мазмұнын айту<br>**Тақырыпты ашу**<br>**Оқулықпен жұмыс**.<br>Мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлап, кіріспе әңгіме айтады. Автор жайлы қысқаша мағлұмат береді.<br>Кеңес Оразбекұлы – жазушы. 1956 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Дарбаза ауылында туып-өскен.<br>«Ертегі туралы ертегі», «Ай аттары қайдан шыққан?», «Мүшел жас», «Наурызкөже» деген шығармалары бар.<br>**Жаңа тақырып**<br>**Жұптық жұмыс**<br>1-жаттығу.<br>«Наурыз» мәтінін дауыстап оқып береді. Әңгіменің мазмұнына талдау жасалады.<br>–Наурызда қандай игі істер атқарылады?<br>–«Наурыз – жыл басы» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>–Наурызда алтыбақан құрылады сөйлеміндегі сөздерге сұрақ қой. Олардың өзара байланысын тап.<br>Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланыста болады. Олардың байланысын сұрақ қою арқылы білеміз. | Өз ойларын айтады<br><br>Өткенді пысықтайды<br><br>Автормен танысады<br><br>Мәтінді оқиды<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Ережемен жұмыс | Көңіл күйлерін көтеріп отыру<br><br><br>Тамаша !<br>Дескриптор:<br>Өлеңді мәнерлеп оқиды<br>Мазмұнын түсінеді, айта алады<br><br>Дескриптор:<br>Автор туралы мәліметтер алады<br>Өз білімдерін қоса алады<br><br>Дескриптор:<br>Наурызда алтыбақан құрылады сөйлеміндегі сөздерге сұрақ қояды<br>Олардың өзара | Суреттер<br><br>Бейнебаян<br><br>Оқулық<br><br>Автор суреті<br><br><br>Суреттер<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сергіту сәті<br>2 минут<br><br>**Сабақты қорыту 6**минут<br><br>Қосымша тапсырма<br>2минут<br><br>Кері байланыс<br>5 минут | Мысалы: Наурызда алтыбақан құрылады.<br>– Қашан алтыбақан құрылады?<br>–Наурызда алтыбақан құрылады.<br>–Наурызда не құрылады?<br>–Наурызда алтыбақанқұрылады.<br>Үлгідегідей сызбамен байланысын көрсетіп үйренеді. Ережемен жұмыс жүргізеді.<br>**ФС тапсырмасы**<br>**Топтық жұмыс**<br>1-топ<br>Наурызкөже туралы білетіндерін айтады. (Көжеге жеті түрлі дәм қосылады, …)<br>2-топ<br>Ұлыстың ұлы күнінде айтылатын тілектерді айтады. (Ақ мол болсын! Ұлыс оң болсын!)<br>**ЕБҚ-тапсырма**<br>«Наурыз-жыл басы» сөйлемінде неше сөз, неше әріп бар? Анықта<br>**ЕҚБ-тапсырма**<br>Тақтаға есту бойынша мына сөйлемді жаз.Наурыз мейрамында наурызкөже жасалады.<br>**2-жаттығу**<br>Сөйлемдерді көшіріп жаз<br>Көктем келді. Су жылғалармен ақты. Жерге көк шықты.<br><br>Көктем келді.<br><br>**Сергіту сәті**<br>Көзге арналған жаттығулар жасайды.<br>•Алысқа 2–3 секунд тесіліп қараймыз, мұрынның ұшына 2–3 секунд қараймыз және бұны 6–8 рет қайталаймыз;<br>•Басты қимылдатпай, көзді сағат тілімен, сағат тіліне қарама-қарсы 3–5 рет айналдырамыз.<br>**Жазылым**<br>**3-жаттығу**<br>Мақалды көру диктанты ретінде жатқа жазады. Алдымен жеке,хормен оқиды. Содан соң жатқа жазады. Берілген сызба бойынша екі сөйлем құрап жазады. Мысалы:Күн жылынды. Қар еріп кетті.<br>Мұнда дәнді дақылдар мен жеміс берілген. Жемісті сызып тастайды.<br>**ҚЖ:**<br>Диктант.Көктем шықты. Қар еріді.<br><br>Күн жарқырап шықты.<br><br>**Тапсырма:**<br>Сөйлемдегі сөздердің байланысын сызып көрсет.<br>Кері байланыс<br><br> | жасайды<br><br>Жеке жұмыс жасайды<br><br>Сөйлемдерді көшіріп жазады<br><br>Жаттығу жасайды<br><br>Мақалды көшіріп жазады<br><br>Диктант жазады<br><br>Кері байланыс жасайды | байланысын табады<br><br>«Медаль» әдісі арқылы марапаттап отыру<br><br><br>Дескриптор:<br>1-топ<br>Наурызкөже туралы айтады<br>2-топ<br>Наурызда айтылатын тілектерді айтады<br><br>Жарайсың!<br><br><br>Тамаша жазу!<br>Дескриптор:<br>Сөйлемдерді көшіріп жазады<br>Сөздердің байланысын сызып көрсетеді<br><br>Тамаша!<br><br><br>Дескриптор:<br>Мақалды көру диктанты ретінде жатқа жазады.<br>Берілген сызба бойынша екі сөйлем құрап жазады.<br><br>Дескриптор:<br>Сөйлемдерді есту бойынша жазады<br>Сөйлемдегі сөздердің байланысын көрсете алады<br>«Білім сандығы» әдісі | Оқулық<br><br>Ереже жазылған плакат<br><br>Оқушы жұмыстары<br><br><br>Жұмыс дәптері<br><br>Жаттығу түрлері<br><br>Жұмыс дәптері<br><br>Жұмыс парағы<br><br>Кері байланыс тақтасы |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Ишанова Альбина Койшекеновна**



# МӘТІНДЕГІ ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАР

| | |
|---|---|
| Бөлім: | **Робототехника. Жоба.** |
| Педагог | Ишанова Альбина Койшекеновна |
| Күні: | |
| Сынып: 3 «а» | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | **Мәтіндегі иллюстрациялар** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | **3.3.1.1** ақпарат іздеуді іске асыру (құжаттағы мәтін үзіндісі)<br>**3.2.1.5** суреттерді мәтінге еңгізіп реттеу |
| Сабақтың мақсаты | Оқушыларға ақпарат іздеуді іске асыруды және суреттерді мәтінге еңгізуді үйрету; |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**3 мин**<br><br>**5 мин** | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>• Амандасу<br>• Түгендеу<br>• Оку - құраларын реттеу<br>• Психологиялық ахуал<br><br>**“Менің көңіл-күйім” әдісі психологиялық ахуал.**<br><br>**Топқа бөлу.**<br>**“Қыран құс” әдісі.**<br><br>**Үй тапсырмасын тексеру.**<br>**“Spinner” әдісі.**<br>**Spinthewheel.io платформасында орындау.**<br>**Spinthewheel.io сілтемесі: https:// spinthewheel.io/wheels/sKipk33m1 LhcBPa UVRNjcz0xJmU9MQ==**<br><br>1. Пейзаж дегеніміз не?<br>2. Мәтіннің бөлігі деген не?<br>3. Терілген мәтінді ерекшелеп, каріпі, өлшемін қай бөлімнен өзгертеді?<br>4. Мәтін каріпін қалай ерекшелейді?<br>5. **Ж** – әріпі сөзді қалай жазады?<br>6. Ч – әріпі сөзді қалай жазады?<br>7. *К* – әріпі сөзді қалай жазады?<br>8. Абзац пен Шрифт бөлімін салыстыр. | Оқушылар мұғаліммен амандасып, оқу құралдарын түгендейді.<br><br>Оқушылар бала суретіне өз көңіл-күйлерін салу арқылы психологиялық ахуал қалыптастырады.<br><br>Оқушылар қыран құсты таңдау арқылы 2 топқа бөлінеді. | Жарайсыңдар!<br><br>Смайлик арқылы бағалау<br>**Дескриптор:**<br>-сұрақтарға жауап береді<br>-үй тапсырмасын қорытындылайды | Оқу-құралдары<br><br>Бала суреттері<br><br><br>Смайлик ДК<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**15 мин** | Ой қозғау.<br>**“Кинолента” әдісі**<br>-Балалар, мына суреттерде нелер бейнеленген?<br>-Иә, балалар. Бұл мультфильм кейіпкерлері. Бұл мульфильмді білесіңдер ме?<br>-Сендер қандай мультфильм ұнатасыңдар?<br>-Балалар, біздің өтетін тақырыбымыз осы мультфильм суреттеріне байланысты.<br>**Яғни,**<br>**Бүгінгі біздің өтетін сайыс сабағымыздың тақырыбымыз:**<br>Мәтіндегі иллюстрациялар<br>**Сабақтың мақсаты:**<br>Оқушыларға ақпаат іздеуді іске асыруды және суреттерді мәтінге еңгізуді үйрету;<br>**Мультипликация (** лат. Multiplication- көбею, жандандыру) – сурет салу арқылы немесе қуыршақтардың әрбір қозғалысын жеке кадрға түсіріп, оқиғаны ретімен көрсету өнері.<br>**Иллюстарция** – мәтінмен бірге берілген сурет, фотосурет және схема.<br>**Word** редакторында мәтінге иллюстрация еңгізу үшін, **Вставка** (Кірістіру) – **Иллюстрации** бөлімін пайдаланамыз. **Иллюстрация** бөлімінде құжатқа кірістіретін суркттер, фигуралар, т.б.орналасқан.<br><br>2-бөлім. Иллюстрация бөлімі<br><br>Құжатқа кірістірген суретті тінтуірмен шертсек, мәзірде **Работа с рисунками** (Суретпен жұмыс) – **Формат** (Пішім) бөлімі пайда болды. **Изменение** (өзгерту) бөлімінде суреттің түсін, қанықтылығын өзгертіп, көркемдеуге болады.<br><br><br>Суреттің шекарасын 4а) суреттегідей қалыңдату үшін:<br>**Границы рисунка** (сурет шекарасы) бастырмасын басамыз.<br>Суретке 4ә) суреттегідей жақтау қою үшін:<br>**Стили рисунков** (суреттер стилі) батырмасын қолданамыз.<br>Суретке 4б) суреттегідей әсер беру үшін, **Эффекты для рисунка** (суретке арналған | Оқушылар кинолента парағындағы суреттер арқылы жаңа сабақ тақырыбын ашады.<br><br>Оқушылар сабақтың тақырып, мақсатымен танысады.<br><br>Оқушылар тақырыппен танысып, жұмым дәптерлеріне жазып алады.<br><br>Суретті пішімдеуді, суретке әсерлер қоюды және жақтау қоюды үйренеді. | Жарайсыңдар! | Кинолента<br><br>Оқулық<br>Жұмыс дәптері<br><br>Слайд<br><br>Бейнеролик |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 мин | әсерлер) – **Подсветка** (Жарықтандыру) командаларын орындап батырманы басамыз.<br><br><br>*Суретті мәтінмен қоршау*<br>Суретті мәтінге кірістірілгенде көп жағдайда суреттің екі жағы бос қалады. Мәтін бос орын көп болмауы үшін, суреттің жан-жағын суреттің жан – жағын мәтінмен қоршауға болады. Мысалы: дәл ортасында, т.б.<br>**Положение** (Орны) батырмасымен орналастыруға болады.<br><br>*5-сурет*. Суретті мәтінмен<br>Суретті мәтәнмен қоршау үшін, мәзірден **Разметка страницы** (Беттерді белгілеу)➔ **Упорядочить** (Реттеу) ➔ **Обтекание текстом** (мәтінмен қоршау) командаларын қолданамыз.<br><br>*6-сурет*. Суретті мәтінмен<br>-Жақсы, балалар! Тақырыппен танысып алдық. Тақырып түсінікті болды ма? Сұрақтарын бар ма? Тақырыпты ары қарай толық түсіну үшін тапсырмалар орындап, практикалық ъұрғыда іске асырайық. Дайынсыңдар ма, балалар? Тапсырмаларды орындамас бұрын бағалау парағымен танысып алайық.<br><br>**“Бәйтерек” әдісі арқылы бағалайтын боламын.**<br><br>**1-тапсырма. Топтық жұмыс.**<br>**“Киіз үй” әдісі.**<br>7-суреттегі иллюстрациясы бар мәтіннің бөлігіне қарап , төмендегі тапсырма мен сұрақтарға жауап беріңдер.<br>1.суреттегі пішіндерді анықта. | Оқушылар суретті мәтінмен қоршауды үйренеді.<br><br>Оқушылар бағалау парағымен танысады.<br><br>Оқушылар сурет бойынша пішінді анықтап, сұрақтарға жауап | Бәйтерек әдісі арқылы бағалау<br><br>**Дескриптор:**<br>-сұрақтарға жауап бере алады-1балл(әр сұраққа) | Слайд<br><br>ДК<br>Слайд<br><br>Бәйтерек<br><br>Киіз үй парағы<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Практикалық жұмыс**<br><br>**10 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br>**5 мин** | 2. Суретті мәтінмен қоршаудың қандай түрі қолданылған?<br>*5-суретті пайдалан.*<br>3.мәтінде қолданылған **Шрифт пен Абзац** анықтаңдар.<br>**Сергіту сәті.**<br>**“Пирамида” әдісі**<br>**Шарты:** Шарды жоғарыдан төменге түсірмей, пирамида құрастыру.<br>-Жақсы, балалар! Сергіту сәтін орындап болдық. Келесі, тапсырма орындайық.<br><br>**2-тапсырма. Жеке жұмыс.**<br>**“Құлып пен кілт” әдісі.**<br>Суретті мәтінмен қоршаудың сегіз түрі берілген. Суретті пайдаланып, этінмен қоршау түрлерін жазбаша(сөзбен) сипатта.<br>Мысалы: бірінші түрін былай сипаттап жазуға болады:”сурет құжаттың сол жақ жоғары бұрышында орналасып, мәтінмен қоршалған”<br><br>**Практикалық жұмыс.**<br>-Өте жақсы, балалар! Осымен сабағымыздың соңына да жеттік. Сайысымызды қорытындылау үшін келесі тапсырманы орындайық.<br><br>**Сабақты қорытындылау.**<br>**«Жасырын ұяшық» әдісі.**<br>WordWall платформасында сұрақтарға жауап беру.<br>WordWall сілтемесі:<br>https://wordwall.net/ru/resource/55031990<br><br>1.Мәтінде иллюстрация не үшін қолданылады? Мысал келтір.<br>2. Суреттің шекарасын қалай қалыңдатуға болады?<br>3. **Положение** (орны) мен **Обтекание текстом** (мәтінмен қоршау) батырмалары не үшін қолданылады? Қандай айырмашылықтары бар?<br>-Өте жақсы, балалар! Бүгінгі сабақта екі топта жақсы қатысып отырды. Сендерге қай тапсырма қиын болды? Сабақ түсінікті болды ма? Сабағымыздың қалай өткені жайлы кері байланыс жасап алсақ…. | береді. Мәтінде қолданылған Шрифт пен Абзацты анықтайды.<br><br><br><br><br>Оқушылар сергіту сәтін орындайды.<br><br><br><br><br><br><br><br>Оқушылар суретпен мәтінді құлып пен кілт әдісі арқылы сәйкестендіріп, тапсырманы орындайды.<br><br><br><br><br>Word мәтіндік редакторында қаріптің жазылуы мен түсін өзгерту. Суретті мәтінге кірістіру.<br><br><br>Оқушылар ұяшық таңдау арқылы сұрақтарға жауап бкріп, сабақты қорытындылайды . | -мәтінде қолданылған шрифт пен абзацты анықтай алады-1балл<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Дескриптор:**<br>-суреттерді мәтінмен сәйкестендіреді-3балл<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Дескриптор:**<br>-сұрақтарға жауап береді-1балл | Пирамида<br>Стакан<br><br><br><br>Құлып пен кілт<br><br><br><br><br><br><br><br><br>ДК |
| **Сабақтың соңы Рефлексия 3 мин** | **“Қоржын-асық” әдісі**<br>арқылы рефлексия орындау.<br><br>**Үйге тапсырма:**<br>Word Редакторында мәтінге иллюстрация кірістіру, суретті пішімдеу құралдары бойынша үш сұрақ құрастырыңдар. | Оқушылар кері байланыс жасайды. | Қорытындылау | <br> |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**№42 «Ақ ниет» гимназиясы**
**Умирзахова Шынаркул Ерболатовна**



# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Мектепке дейінгі жастан бастап біздің елдің болашақ азаматы,тұлғасының іргетасын қалау қажет. Патриоттық тәрбиенің басты мақсаты – еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, тыныштық пен бейбітшілікті сақтайтын, ұлтаралық мәдениетті дамытатын, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарайтын, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен өркениеттілікке өз үлесін қосатын адамгершілік мұраты биік патриот, намысын қаһарман, қайсар, жігерлі жас ұрпақты тәрбиелеу.

Балаларда Отаншылдық қасиеттерді тәрбиелеу-баланың өнегелік даму міндеттерінің бірі, ол өзіне жақын адамдарға, мектепке дейінгі білім беру ұйымына,туған еліне деген сүйіспеншілікті дарытуды қамтиды. Мектеп жасына дейінгілермен жұмыс жүргізгенде баланы патриоттық әңгімелерге араластырып отыру керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру ұйымы. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен мұғалім шешуші рөл атқарады.

Негізгі бөлімі Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие — адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы болса, бүлдіршіндерііміздің бойында рухани — патриоттық сана — сезімді қалыптастыру бағыты бойынша тәрбие беріп, ел болашағына өз үлесін қосуда. Халқымызда «баланы жастан» деген дана сөз бар. Тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата – бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ ұлтжанды ұрпақ тәрбиелесек — бұл еңбегіміздің жанғаны, тәуелсіз ел болашағына қосқан үлкен үлесіміз деп білеміз. Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы артып келеді. Сондықтан мен баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуді зерттеп, балаларға патриоттық тәрбие беру керек. Патриоттық тәрбие беру арқылы баланың патриоттық сезімдерін ояту, баланың ой-өрісін, көркем ойлау қабілетін, талғампаздығын арттыруға болады. Сол себепті өз жұмысымда патриоттық тәрбиені беру үшін алдымен оның мақсаты мен мүмкіндіктерін бөліп шығару қажет екенін байқадым.

Ендеше, егеменді елдің азаматын тәрбиелеуде әр тәрбиешінің, ұстаздың мақсаты-дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеу.

Әрбір бала өзінің қоршаған ортасын, айналадағы құбылыстарды, өзінің және өзгенің мәдениетін тану арқылы жетілетіні ақиқат. Бүгінгі мектеп жасына дейінгі мекеменің басты міндеті- білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде ұлттық азаматтық игіліктерді, мәдени мұраларды насихаттай отырып, балалардың патриоттық сезімін қалыптастыру.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың адами-патриотттық міндеттері:

1.Баланың өзінің отбасына, үйіне, мектепке, көшесіне, қаласына деген сүйіспеншілік пен бауыр басып кетуін тәрбиелеу;

2.Табиғат пен бүкіл тірі жанға ұқыпты қатынасты қалыптастыру;

3.Еңбекке деген сыйластықты тәрбиелеу;
4.Халық салтына және кәсіптікке қызығушылығын тудыру;
5.Адам құқығы жайлы карапайым білімдерді қалыптастыру;
6.Қазақстан қалалары жайлы хабарын кеңейту;
7.Балаларды мемлекет рәміздерімен таныстыру (елтаңба, ту, әнұран);
8.Мемлекет жетістіктері үшін жауапкершілік пен абырой сезімдерін дамыту;
9.Өзара сыйлау, басқа ұлттарға олардың салттарына деген сыйластықты қалыптастыру.

**Патриоттық құндылықтары қалыптасқан тұлға мына төмендегідей қасиеттерге ие болуы тиіс:**



-Жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарды меңгерген;
-Халықтар арасындағы достықты нығайтуға күш салатын;
-Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне, тарихына, тіліне, дәстүріне, дініне құрметпен қарайтын;
-Жас ұрпаққа өз ауданымыздың тарихымен тереңірек таныстыру;
-Өлкемізде әртүрлі замандарда өмір сүрген тарихи тұлғалармен қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерттеп білу;
-Туып өскен жерлеріндегі өлкетану мұражайларына саяхаттар ұйымдастыру;
-Балаларға елін, жерін сүйетін патриоттық сезімдерін аша түсіп, жетілдіру;

Сонымен қатар, өз Отанының символымен таныстырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік символдары – рәміздері бар. Олардың түрі және ресми қолдану тәртібі Конституциялық Заңмен белгіленген.

Қ.Р-ның азаматтары Мемлекеттік туды, елтаңба, әнұранды біліп, құрметтеуге тиіс.

Өз отбасына, мектепке, туған қаласына, көшесіне сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарау.

– Табиғатқа қамқорлықпен қарау.
– Еңбекте еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу.
– Қазақ халқының салт-дәстүріне қызғушылықпен қарау.
– Мемлекеттік рәміздермен таныстыру. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматтың міндеті. Жеке тұлғаны тәрбиелеу, бала бойына өз елінің ажырамас бір бөлігі ретінде саналылықты қалыптастыру, адамгершілікті, руханилықты,патриотизмді және ұлттық мәдинетті құрметтеу сезімдерін тәрбиелеу .

Ұйымдастырылған іс әрекет  қызметінің құрылымында патриоттық тәрбиеге арналған мазмұнның қамтылуы, мазмұнының балалардың патриоттық іс-әрекетінің негізі болуы, берілетін білім мен балалардың патриоттық іс-әрекеті арасында байланыстың болуы;

— балалардың патриоттық сезіміне ықпал ететін материалдардың қамтылуы;
— балалардың танымдық, белсенділік іс-әрекеттеріне ықпал ету, топтағы қамтылған материалдар олардың санасына, көңіл-күйіне әсерлі болуын ескеру;
— Ұйымдастырылған іс әрекет  қызметінің құрылымы, мазмұны, қолданылатын әдістері мен тәсілдерін айқындауда патриоттық бағыттарына баса көңіл аударылуы керек. Мектепалды сыныптарында мерекелік іс-шаралар кезінде балалар тақпақтар, өлеңдер үйренеді және тарихымен танысады.

Мысалға: «ҚР алғаш Президентінің сайланған күні», «Тәуелсіздік күні», «Жеңіс күні», «Отан қорғаушылар күні», «Қазақстандағы ұлттардың бірлігі күні». Бұндай мерекелер балаларды өз Отанын сүюге тәрбиелейді, өз Отанының қонақжай екендігін білетін болады. Өзінің ауылы, қаласын жайлы басқа да мәліметтерге қанық болады және басқа да ұлт өкілдері жайлы мағлұмат алады.

Патриоттық тәрбие арқылы біз Отанына берілген, қайырымды, халқының салт-дәстүрлерін, мәдениетін, экономикалық және саяси қуатын қорғай білетін, қоғамға қажетті игілікті өндіруге белсене қатысатын ынталы білікті жастарды тәрбиелейміз. Демек, көп ұлтты Қазақстан жағдайында оқушы жастарға патриоттық тәрбиені ынтымақтастық, достық рухында тәрбиелеуді талап етіп отыр. Мектепалды сынып окушыларға білім беру, ойын дамыту және баланы тәрбиелеудің негізі құралы болады.

«Отан отбасынан басталады» дегендей, ұрпағымызды елін, жерін, кіндік қаны тымған Отанын сүюге тал бесікте жатқан кезінен баулиық ағайын!

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Утегалиева Хиуа Каламанкызы**

# АРИФМЕТИКАЛЫҚ ӨРНЕКТЕРДІҢ ЖАЗЫЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы**<br>«Python тілінде программалау» | **Мектеп: А. Байтұрсынов атындағы №10 ЖОББМ** | |
| **Мерзімі ___**<br>**Сынып**6 « Ә » | **Мұғалімнің аты-жөні: Утегалиева Хиуа Каламанкызы** | |
| | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Арифметикалық өрнектердің жазылу ережелері | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 6.3.2.1 Python тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу; | |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушы:**<br>Python тілінде арифметикалық амалдарды қолданып, өрнектерді жазады<br>**Көпшілік оқушы:** Оқушыларға арифметикалық өрнектерді жазу ережелері туралы түсінік беру**.**<br>**Кейбір оқушы:** Өз ойларын ашық жеткізе білуге, ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. | |

**Сабақ барысы**

| **Сабақ кезеңдері /уақыты** | **Педагог іс-әрекеті** | **Оқушы іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**7 минут**<br> | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу.<br>(Жақсы ахуал оқушылармен)<br>Сәлеметсіңдер ме. Сендерді көргеніме қуаныштымын. Орындарыңа отырыңдар. Барлығы осында ма? Кім жоқ? Дайынсыңдар ма? Сабағымызды бастайық!<br><br>Оқушылар «The Hat»бағдарламасының көмегімен 2 топқа бөлінеді.<br> <br>**Үй тапсырмасын сұрау.**<br>Үй тапсырмасын сұрау үшін learningapps.org программасынан ***QR-Code*** арқылы сұрақтар беремін. 2 топ берілген сұрақтардың барлығына дұрыс жауап беріп, оқушылар өзін өзі бағалайды, жаңа тақырыбымызға өтеміз<br>1. Алгоритм дегеніміз не?<br>2. Тіл әліпбиі дегеніміз не? программаның элементтерін құруда қолданылатын символдар жиынтығы.<br>3. Мәліметтер типтері дегеніміз не? Шамалардың қабылдайтын мәндеріне берілген сипаттама<br>4. Айнымалылар– ақпараттың орналасу орнын анықтайды.<br>5. Алгоритм түрлері:Сызықтық алгоритм,Тармақталған алгоритм,Циклдік алгоритм | 1.Мұғаліммен амандасады.<br>2.Оқушылар жағымды ахуал тудыру мақсатында бір біріне жақсы тілектер айтады<br>3.Оқушылар топқа бөлініп, өз орындарына орналасады. Топ басшысын сайлайды. Жақсы тілектер айтады.<br><br>Әр оқушыға QR-Code беріледі оқушылар жеке орындайды және қанша сұраққа дұрыс жауап берсе сонша балмен оқушы өзін- өзі бағалайды,оқушы 1 ұпайдан алып отырады.<br><br>4.Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады. | Шынайылыққа және әділдікке тәрбиелеу мақсатында оқушы өзіне әрбір кезең бойынша ұпай санын беріп отырады<br>Өзін – өзі бағалау әдісі<br><br> | <br>The Hat бағдарламасы<br><br>Оқулық<br><br>Слайд<br><br>Жұмыс дәптері |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>6. Printфункциясының қызметі? нәтижені баспаға жіберу.<br>Сабақтың мақсатымен таныстырылады</td>
<td>5.Сабақтың мақсаттарымен танысады.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>10 минут<br><br><br>Топтық жұмыс<br>5 минут</td>
<td>Жаңа тақырыпты түсіндіру<br>✓ Арифметикалық операциялар<br>✓ Арифметикалық өрнек<br>Арифметикалық операциялар дегеніміз – сандармен орындалатын есептеу операциялары.<br>Python тілінде негізгі арифметикалық операцияларды: қосу, көбейту, бөлу, қалдықты есептеу, бүтін бөлікті есептеу және т.б. қолдануға мүмкіндік беріледі.<br>
<table>
<tr><th>Арифметикалық операциялар</th><th>Сипаттамасы</th></tr>
<tr><td>+</td><td>қосу</td></tr>
<tr><td>–</td><td>азайту</td></tr>
<tr><td>*</td><td>көбейту</td></tr>
<tr><td>/</td><td>бөлу</td></tr>
<tr><td>%</td><td>бөлгендегі қалдық</td></tr>
<tr><td>//</td><td>бүтін санды бөлу</td></tr>
<tr><td>**</td><td>дәрежелеу</td></tr>
</table>
Арифметикалық өрнек – сандық мәндерден тұратын және арифметикалықоперацияларды қолданатын өрнек.<br>
Қосу (+) амалы<br>
1.py - C:/Users/ПК/Desktop/<br>File Edit Format Run Opt<br>print(15+5)<br>print(20+ -3)<br>print(13.4 + 7 )<br>
IDLE Shell 3.12.1<br>File Edit Shell Debug Options<br>Python 3.12.1 (tags/v3<br>AMD64)] on win32<br>Type "help", "copyrigh<br>>>><br>= RESTART: C:/Users/ПК<br>20<br>17<br>20.4<br>>>><br>
Азайту (-) амалы<br>
1.py - C:/Users/ПК/D<br>File Edit Format Ru<br>print(15-5)<br>print(20- -3)<br>print(13.4 - 7)<br>
IDLE Shell 3.12.1<br>File Edit Shell Debug Options<br>Python 3.12.1 (tags/v<br>AMD64)] on win32<br>Type "help", "copyrig<br>>>><br>= RESTART: C:/Users/П<br>10<br>23<br>6.4<br>
Көбейту (*) амалы<br>
1.py - C:/Users/ПК<br>File Edit Format<br>print(5*5)<br>print(7*1.5)<br>print(-3*12)<br>
>>><br>= RESTART: C:/Users/ПК/Desktop/1.py<br>25<br>10.5<br>-36<br>>>><br>
Бөлу (/) амалы<br>
File Edit Format Ru<br>print(15/5)<br>print(7/2)<br>print(5.0/2)<br>
= RESTART: C:/Use<br>3.0<br>3.5<br>2.5<br>
Бөлгендегі бүтін бөлікті есептеу (//) (59-сурет ):<br>
File Edit Format Run Options Window Help<br>print (21//4) # 21-ді 4-ке бөлгендегі бүтін бөлікті есептейді<br>print (12//5) # 12-ні 5-ке бөлгендегі бүтін бөлікті есептейді<br>print (9//3) # 9-ды 3-ке бөлгендегі бүтін бөлікті есептейді<br>
================== RESTART: C:/User/Python/Бөлгендегі бүтін бөлікті есептеу.py ====================<br>5<br>2<br>3<br>
59-сурет. Программаның жазылуы және нәтижесі</td>
<td>Мұғалімді тыңдайды<br><br>Ережелерді дәптерге жазып алады<br><br><br>Мұғалімді тыңдайды<br><br>Ережелерді дәптерге жазады</td>
<td>Оқушылар сабаққа қатысу белсенділігіне қарай бағаланады.</td>
<td>Оқулық дәптер<br><br>слайд интербелсенді тақта</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жұптық жұмыс**<br>**3 минут**<br><br>**Сергіту сәті**<br>**2 минут**<br><br>**Практикалық жұмыс (жеке жұмыс)**<br>**10 минут**<br><br><br><br>***Рефлексия*** | **Дәрежелеу амалы (**)** *(60-сурет ):*<br><br><br>«Шам» әдісі бойынша 2 топқа тапсырма беріледі. Топ оқушылары ұялы телефонның шамын пайдалану арқылы берілген тапсырманы оқып орындау қажет<br><br><br><br><br><br><br>https://www.educaplay.com/learning-resources/17788643-learning_resource.html | Екі топқа «Шам» әдісі бойынша жасырылған тапсырма беріледі, ұялы телефонның шамыарқылы жасырылған тапсырманы тауып, орындайды және тапсырмаларын қорғайды<br><br><br>Оқушылар сергіту сәтінің тапсырмаларын орындайды<br><br>Досым және өзім бір – біріне жақсы тілектер таратады.<br>Практикалық тапсырманы орындайды<br>Екі топқа «Бақа» әдісі бойынша тест тапсырмасын орындайды | Шешім дұрыс табылса, әр оқушы өзіне 2 ұпай қосып отырады<br><br>Әр тапсырма 2 ұпай<br><br>әр оқушы өзіне 1 ұпай қосып отырады | Оқулық<br><br>Компьютер |
| **Сабақтың соңы**<br>**3 мин** | **3) Кері байланыс:**<br> Өте жақсы түсіндім, мен үшін қызықты болды!<br> Мен сабақты жақсы түсіндім!<br> Тақырып бойынша әлі де ізденуім керек!<br>**4) Үйге тапсырма:** Оқулықтың107 – бетіндегі «Үй тапсырмасы» бөлімін орындау, **ө**ткен тақырыптар бойынша қайталау жұмыстарын жасау<br>**5) Бағалау:** сабақ барысында өздерінің жинаған ұпай сандары бойынша бағаланады | Өте жақсы түсіндім, мен үшін қызықты болды!<br>Мен сабақты жақсы түсіндім!<br>Тақырып бойынша әлі де ізденуім керек!<br>Төмендегідей дисктер оқушыларға таратылып беріледі, дискке аты-жөнін жазып,оқушылар таңдаған қалташаға апарып салады<br>Қолдарында бағалау парағы бойынша өздерінің қанша ұпай жинағандарын мұғалімге айтады | | Кері байланыс таратпасы<br><br>Слайд<br><br>Kundelik.kz |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Дарбекқызы Данагүл**



# «МИТОХОНДРИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ. МИТОХОНДРИЯ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ МЕН ЖАСУШАЛЫҚ ТЫНЫСАЛУ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ»

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | **10.2 Тыныс алу** |
| Педагогтің аты-жөні: | **Дарбекқызы Д** |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **Митохондрияның құрылымы мен қызметтері. Митохондрия құрылымдары мен жасушалық тынысалу үдерістерінің өзара байланысы** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 10.1.4.5 - митохондрия құрылымдары мен жасушалық тынысалу үдерістерінің өзара байланысты орнату |
| Сабақтың мақсаты: | • Митохондрия құрылымы мен қызметін түсінеді.<br>• Жасушаның тыныс алу процесі мен митохондрия құрылымы арасындағы өзара байланысты орната алады.<br>• Митохондрия және жасушалық тыныс алу процестерін оқып үйренеді. |
| Нәтижесі: | • Митохондрия құрылымы мен қызметін түсіне алады<br>• Жасушаның тыныс алу процесі мен митохондрия құрылымы арасындағы өзара байланысты орнатады.<br>• Митохондрия және жасушалық тыныс алу процестерін оқып үйрене алады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>Қызығушылықты ояту<br>7 мин. | **І.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**а)** Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу үшін **«Өрмекшінің торы»** әдісін пайдаланып, оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айту арқылы жіпті лақтырады.<br>ә). Топ ережесін еске түсіру.<br>б). Топтастыру. | Оқушыларға 3 түрлі кәмпит таратылады. Өздерінің қалаған конфетін алып топтасады.<br>І-топ:<br>ІІ-топ<br>ІІІ-топ<br>**Топтың ережесі:**<br>1. ТҚЕ сақтау.<br>2. Топ басшысына бағыну.<br>3. Белсенді болу.<br>4. Бір-бірін тыңдау, өз пікірімен ашық бөлісу, басқалардың пікіріне құрметпен қарау.<br>5. Уақыт шегінде жұмыс жасау.<br><br>1. Митохондрия деген не?<br>2. Митохондрияны кім, қай жылы анықтады? | **Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.<br>**Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі қолданылады. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Үй жұмысы**<br>Kahoot әдісі<br>Тыңдаушыларға өткен тақырып бойынша ойын түріндегі тест беріледі. | 3. Әрбір митохондрия неше мембранадан тұрады<br>4. Мембраналық кеңістік деген не?<br>5. Матрикс деген не?<br>6. Митохондрияның негізгі қызметінің бірі<br>7. Митохондрия ұзындығы<br>8. Ішкі мембрананың сыртқы мембранадан айырмашылығы?<br>9. Нәруыз рецепторлар не үшін қажет?<br>10. Өзек түзуші нәруыз қалай аталады? | оларға таңдау еркіндігі беріледі.<br>**Дискриптор:**<br>Вектариналық ойын өзі әр сұраққа 1 балл бере отырып, Ең көп балл жинаған оқушыны мадақтап, бағалайды | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br>5 мин | **(Ұ) «Сурет галериясы»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында интербелсенді тақтаға суреттер беріледі..<br><br>. | Суреттерге қарай отырып, әр оқушы өз оймен бөліседі. Өзгенің пікірін толықтырады. Ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br>**Дискриптор:**<br>1 суретке мәлімет берсе -1 балл<br>2 суретке мәлімет берсе -2 балл<br>3 суретке мәлімет берсе -3 балл | <br><br> |
| **Сабақтың ортасы**<br>Мағынаны ашу.<br>26 мин. | Оқулықпен жұмыс. Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінімен жұмыстанады | **«Митохондрияның құрылымдық компоненттері және олардың қызметі»** элетрондық бейнебаян арқылы сабақтың тақырыбын ашу.<br>**«Глоссарий» әдісі**<br>Жеке жұмыс.<br>Кітаптағы және бейнебаяндағы терминдерді анықтамасымен дәптерге жазады.<br>**«FILA» әдісі:**<br>Топтық жұмыс.<br>Кітаптан мәтін беріледі, топ ішінде ақпарат алмасып, постер қорғалады.<br>F- дерек<br>I- пікір<br>L- сұрақ<br>A- іс-әрекет | Оқушыларды ынталандыру мақсатында «Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды. Қолдауды қажет ететін оқушыларға жетелеуші, бағыттаушы, түрткі сұрақтар қойып, қолдау көрсетеді.<br>**Дискриптор**<br>Дерек-2 балл<br>Пікір-2 балл<br>Сұрақ-1 балл<br>Іс-әрекет-2 балл<br>Жалпы: 7 балл<br><br>Тапсырманы орындап айырмашылықтары мен себептерін түсіндіреді. | Тақырыпқа байланысты интернет желісін пайдаланып видео көру.<br>https://www.youtube.com/watch?v=Q5UmVQP_sPQ<br><br>Оқулық, жұмыс дәптерлері, құрал-саймандары, АКТ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **1**.Митохондрияның ішкі мембранасында көп қатпарлардың пайда болуының биологиялық мәнән талдап, түсіндіреді.<br>**2**.Митохондрияның құрылысының сұлбасын талдап түсіндіреді.<br>**3.** Мембрананың құрылысымен танысып дәптерлеріне салады. Ішкі және сыртқы айырмашылықтарын талқылайды.<br>**«Т кестесі»**<br>Жұптық жұмыс.<br>Берілген тақырып бойынша мәліметтер жазады, кім көп жазады, сол жазғанын баяндайды. Қалғандары айтылмаған мәліметтерді айтады.<br>**1-сұрақ.**<br>Митохондрияның маңызын түсіндіреді.<br>**2-сұрақ.**<br>Митохондрия құрылысы мен жасушалық тыныс алу процестері өзара қалай байланысады?<br>**3-сұрақ.**<br>Жасушалық тыныс алу қалай жүзеге асады? | Қолдауды қажет ететін оқушыларға жетелеуші, бағыттаушы, түрткі сұрақтар қойып, қолдау көрсетеді.<br><br>**Дискриптор:**<br>**1-сұраққа**<br>Митохондрияның маңызын толық түсіндірсе, – 2 балл;<br>Митохондрияның не екенін айтып, маңызына толық тоқталмаса, – 1 балл.<br>**2-сұраққа**<br>Митохондрия құрылысы мен жасушалық тыныс алу процестері өзара қалай байланысын дұрыс ашып айтса, – 2 балл;<br>Егер, митохондрияның құрылысын ғана айтып, өзара байланыстарын айтпаса, – 1 балл.<br>**3-сұраққа**<br>Жасушаның тыныс алуы қалай жүзеге асырылатынын айтса, – 2 балл;<br>Сұраққа дұрыс жауап бере алмаса, – 1 балл. | Плакаттар, түрлі-түсті бояулар<br><br>Оқулық, жұмыс дәптерлері, құрал-саймандары, АКТ |
| **Сабақтың соңы**<br>Кері байланыс.<br>1 мин<br><br>Рефлексия<br>5 минут | **«ЭССЕ» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың пікірін эссе түрінде жазғандарын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:***<br>Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br><br>**«Шеринг» әдісі**<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:***<br>Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. | **Жеке жұмыс:**<br>Оқушылар эссе жазу арқылы сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. т.б.<br><br>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды<br>- Бұл сабақ неге ұнады;<br>- Бұл білімнің маған пайдасы бар? | **Дискриптор:**<br>65 сөзден асса – 6 балл;<br>75-85 сөзден асса – 8 балл;<br>95-100 сөзден асса – 10 балл. |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Үйге тапсырма.<br>1 минут | Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді<br><br>Үй тапсырмасын беру. | - Ол қаншалықты маңызды және қажетті?<br><br>«Митохондрияның құрылымы мен қызметтері. Митохондрия құрылымдары мен жасушалық тынысалу үдерістерінің өзара байланысы» тақырыбын оқып келу | | |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Кушкарбаева Жулдыз Мурадымовна**

# ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАРДЫ ӨЛШЕУ

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | А.Байтұрсынов атындағы № 10 ЖОББМ | |
| **Пәні:** | **Математика** | |
| **Бөлім:** | Бізді қоршаған әлем | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Кушкарбаева Ж.М. | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** 1 сынып | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **№56 сабақ. Геометриялық фигураларды өлшеу** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 1.3.1.3 геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) қабырғаларын өлшеу және салыстыру;<br>1.1.3.1** ұзындық/масса/көлем (сыйымдылық)/уақыт шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу;<br>1.1.3.2** өлшем бірліктерді (ұзындық (см, дм)/масса(кг)/көлем (сыйымдылық) (л) уақыт (сағ) қолданып өлшеу;<br>1.1.3.3** ұзындық (см, дм)/ масса (кг)/көлем (сыйымдылық) (л)/ уақыт (сағ) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Геометриялық фигуралардың қабырғаларын өлшеп, салыстырады | |
| **Құндылықтар** | Талап: ізденімпаз,жасампаз ұрпақ | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>5 минут<br>Өткенді пысықтау<br>5 минут | Психологиялық ахуал қалыптастыру<br>Ынталандыру.<br>Мұғалім «Аттракциондар саябағында демалу» тақырыбында диалог жасайды.<br>Өткенді пысықтау<br>Уақыт тізбегін құрастыр | Диалог жүргізеді<br><br>Өткенді пысықтайды | Мақтап, мадақтап отыру | Суреттер<br><br><br>Кесінділер |
| **Сабақтың ортасы**<br>20 минут | Ғасыр,жыл, ай, күн, сағат, минут, секунд<br>Жаңа тақырып<br>ФС тапсырмасы<br>№1-тапсырма<br>Біздің қалада аттракциондар саябағы бар. Сырымсаябаққа барып келді. Ол аппликация жасады. Сырымқандай геометриялық фигураларды пайдаланды?<br>Сен қандай фигураларды көріп тұрсың? (үшбұрыш, тіктөртбұрыш, шаршы)<br>Фигуралардың қабырғаларының ұзындықтарын өлшейді. Тіктөртбұрыштың қабырғаларының ұзындықтарын салыстыр.<br>Кесіндіні қалай дұрыс өлшейтінін еске түсіру | Сызғышпен жұмыс жасайды<br><br>Жеке жұмыс жасайды | <br><br>Дескриптор: Геометриялық фигураларды атады. Кесіндіні өлшеу алгоритмін айтады. | <br><br>Суреттер<br><br>Сызғыш |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сергіту сәті<br>2 минут<br><br>**Сабақты қорыту**<br>**6**минут<br><br>Қосымша тапсырма<br>2 минут<br><br>Кері байланыс<br>5 минут | қажет.<br>ЕБҚ<br>Берілген фигуралардан үй құрастыр<br>ЕҚБ<br>Берілген ленталарды бөек-бөлек өлше.<br>Өлшемін жаз.<br>№2 тапсырма.<br>Түрлі түсті жолақтар берілген. Олардың ұзындықтарын өлше. Жолақтардың ұзындығының қосындысын тап.<br>Қандай ұзындықтағы жолақ қалды? Есепте.<br>60см-20см=40 см<br>1-ші және 2-тапсырмалар топта тексеріледі.<br>Егер оқушылар қате жіберсе, қателерді түзету мақсаты қойылады және келесі кезеңде түзету жүргізіледі.<br>3-тапсырма<br>Түрлі түсті кесінділер берілген.<br>Олардың ұзындықтарын өлшеп, ұзындығын салыстырады.<br><br>__________________________________<br>______________________<br><br>4-тапсырма<br>Егер екі жолақтың ұзындығын қоссақ, қандай ұзындық шығады?<br>1дм+5дм=6дм<br>5дм+2дм=7дм<br>2дм+1дм=3дм<br>9дм+1дм=10дм<br>Сергіту жаттығуын жасайды<br>«Нейрожаттығу» әдісі<br>5-тапсырма<br>5-тапсырманы зерттеушілік тапсырманы орындауды ұсынады.<br>6 айырмашылықты тап.<br>ҚЖ:<br>Сынып ішіндегі түрлі фигуралы заттардың ұзындығын өлше.<br><br>Кері байланыс<br><br>Білім қоржыны | Жолақтардың ұзындықтарын өлшейді.<br><br>Кесінділерді өлшейді<br><br>Ұзындықты табады<br><br>Би билейді<br><br>Суреттердегі 6 айырмашылықты табады.<br><br>Тапсырманы орындайды<br><br>Кері байланыс жасайды | <br><br><br>Дескриптор:<br>Жолақтарды өлшеді<br>Жолақтардың ұзындығының қосындысын тапты<br><br>Дескриптор:<br>Кесінділерді өлшеді<br>Ұзындықтарын салыстырды<br><br>Дескриптор:<br>Кесінділердің ұзындығын өллшеді<br>Олардың қосындысын тапты<br><br><br>Тамаша!<br>«Білім қоржыны» әдісі<br> | Фигуралар<br>Ленталар<br><br>Сызғыш<br><br>Жолақтар<br><br>Оқуық<br><br>Кесінділер<br>Сызғыш<br><br>Кесінділер<br><br>Жолақтар<br><br>Әуен<br><br>Суреттер<br><br>Сынып бөлмесі<br><br>Кері байланыс тақтасы |






**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Шамелова Айгуль Кенесовна**

# АБАЙ САҒЫНЫШЫ

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | А.Байтұрсынов атындағы № 10 ЖОББМ | |
| **Пәні:** | **Әдебиеттік оқу Алматы мектеп** | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Шамелова А.К. | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** 2 «К» сынып | Қатысушылар саны | Қатыспағандар саны |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Абай сағынышы** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 2.1.2.1*- шығарманың мазмұнын өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау,сахналау<br>2.2.6.1 – Жас ұрпақты Абай шығармашылығын танып өсуге тәрбиелеу, кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау | |
| **Сабақтың мақсаты** | Ұлы ақынның балалық және жастық шағы, өскен ортасымен таныстыру. Шығармашылығын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлығын арттыру. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы***<br>5 минут<br><br>Топқа бөлу | Психологиялық ахуалды жақсарту<br><br><br>**І-топ «Ойшылдар»**<br>**ІІ-топ «Білімділер»**<br>**ІІІ-топ «Тапқырлар»**<br>**Үй тапсырмасын тексеру**<br><br>***«Туған жерімнің тұрғындары»***<br>(мәтінді оқу)<br>**Үй тапсырмасын бекіту**<br><br>І-топ «Ойшылдар» «Туған жер» топтастыру Кластер әдісі<br>ІІ-топ «Білімділер» Постер құрастыру<br>ІІІ-топ «Тапқырлар» «Туған жер» туралы өлең оқу және мақал-мәтел<br><br>Тақырыпты ашу<br>**«Ребус шешу»**<br>***Абай жолы*** сөзі шығады<br><br> | Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді.<br><br>Үй тапсырмасын сұрау<br><br>Тапсырманы орындайды<br><br>Ребус шешеді | | Суреттер<br><br>Оқу лық<br><br>Оқу лық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың ортасы***<br>20 минут | -Олай болса балалар, бүгінгі сабағымызда Ұлы Абай атамыздың балалық шағы туралы «Абай сағынышы» әңгімесімен танысамыз.<br>«Абай жолы» романын жазған ақын, көрнекті қоғам қайраткері М.Әуезов<br>М.Әуезов 1897 ж Семей облысы, Абай ауданында дүниеге келген. Әкесі Омархан, атасы Әуезде хат танитын сауатты адамдар болған. Атасы Мұхтардың сауатын Әліппемен емес, Абай өлеңдерімен ашты. Жастайынан Абай өлеңдерін жаттап өсті.<br><br><br>Абай Құнанбаев Семей өңірінде дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты-Ибраһим. Әжесі Зере сүйкімді де сүйікті немересін Абай деп еркелеткен. Осыдан кейін Ибраһим деген шын аты аталмай, ел арасында Абай атанып кетеді. Абайдың энциклопедиясы, өлеңдер жинағы, 3 поэмасы, 45 қара сөзі бар.<br><br><br>Әкесі Құнанбай өжет, қатал мінезді, елді әділ басқаратын адам болған. Анасы Ұлжан сөзге шешен, сабырлы, байыпты, дана әйел ретінде танылған. Абайдың балалық шағы балалықпен емес, көбіне даналардың қасында жүріп, даналықпен өткен. Басқа балалар секілді ойыннан емес, кітаптан және әжесі Зере мен сөзге шешен қонақтардың әңгімесін ынтамен тыңдап, жүрегіне бойлатумен өткен. Абайды осы екі анасы тәрбиелеп өсірген.<br><br><br>**Бейнекөрініс: «Қайтқанда»**<br>**М. Әуезов «Абай жолы»**<br><br> | Автормен танысады<br>М.Әуезов туралы әңгімелеу<br><br>Абай туралы түсінік<br><br>Проектордан қарайды<br><br>Жаттығу жасайды | | Суреттер<br><br>Суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сергіту<br>сәті<br>2 минут<br><br><br><br><br><br>***Сабақты қорыту*** **6**минут | **Сергіту сәті:** *Ғылым таппай мақтанба*<br>*Құмарланып шаттан ба*<br>*Ойнап босқа күлуге*<br>*Бес нәрсеге асық бол*<br>*Бес нәрседен қашық бол*<br>**Топтық жұмыс**<br>**1-топ «Ойшылдар»** ***Суретке қарап сұрақтарға жауап бер***<br>*1. Суреттің мәтінмен байланысы барма?*<br>*2. Суреттегі кімдер деп ойлайсың?*<br>*3. Абайдың жүзінен қандай көңіл-күйді байқауға болады?*<br>*Неліктен?*<br><br>**2- топ « Білімділер»**<br>Сөзжұмбақ шешу. АБАЙ<br>**3-топ « Тапқырлар» .** ***Сахналау***<br>*Үш аттылы ауылға келіп жетеді . Абай аттан түсіп, анасына қарай жүгіреді*<br>*Анасы: Әй, балам, әуелі әр жағыңда әкең тұр Сәлем бер!*<br>*(Шешесінің салқындық сабырының мәнін ұқтыда, әкесіне қарай бұрылды)*<br>*Әкесі: Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың –ау! Бойыңдай боп білімің де өсті ме?*<br>*Баласы: шүкірлік, Әке!*<br>**Қорытынды: кері байланыс.**<br>**«Додекаэдр» әдісі**<br>*1. А.Құнанбайұлы кім?*<br>*(ақын, ағартушы, композитор, аудармашы, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, қоғам қайраткері)*<br>*2. Абайдың әкесінің аты кім? (Құнанбай)*<br>*3. Абайдың шын есімі кім? (Ибраһим)*<br>*4. Абайдың туған жері? ( Семей облысы)*<br>*5. Абайдың балалық шағы қалай өтті?*<br>*6. Ұлжан деген кім? (анасы)*<br>*7. Мәтіндегі жолаушылар кімдер?Олар қайдан келе жатыр?*<br>*(Абай, Байтас, Жұмабай)*<br>*8. Мәтінде анасы неліктен әкесіне бірінші амандасуын сұрады?*<br>*9. Абайдың жүзінен қандай көңіл-күйді байқауға болады?*<br>**Сөздікпен жұмыс.**<br>- Күнұзын – күні бойы<br>- Ішқұса – мұңды, шерлі, қайғылы.<br>Бұл жерде: ойындағысын, сағынышын ешкімге айта алмау.<br>**Бағалау**  | Сұрақтарға жауап береді<br><br><br>сахналайды<br><br><br>Додекаэдр әдісі<br><br><br>Дәптерлеріне жазып алады<br><br>Оқушыларды бағалау | | Кері байланыс тақтасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бағалау | Үй тапсырмасы: «Абай сағынышы»<br>Оқу, мазмұндау<br> | Үй тапсырмасын алады<br><br>Сабақты «Көзімнің қарасы» әнімен қорытынды лайды | | |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Чожикова Жадыра Махсотовна**



## МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ МЕН ШЫҒАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Python тілінде программалау | |
| **Педагогтың аты-жөні:** | Чожикова Жадыра Махсотовна | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 6** | Қатысушылар саны | Қатыспағандар саны |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Мәліметтерді енгізу мен шығаруды ұйымдастыру | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 6.3.2.1 Python тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу | |
| **Сабақтың мақсаты:** | – Программаға деректерді енгізу және шығару әдістерін біледі;<br>– енгізу және шығару әдістерін қолданып программа құруды үйренеді; | |
| **Құндылықтарға баулу:** | Білім алушының бір-біріне құрмет көрсетуге, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға өзінің жұмысына жауапкершілікпен карауға және жоғары жетістіктерге қол жеткізуге ұмтылдыру | |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақтың кезені/ уақыт | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы.**<br><br>**9 мин** | 1.Оқушылармен амандасу, түгендеу. Шаттық шеңбері. Оқушылар бүгінгі күнімізге сәттілік тілейміз, бір-бірімізге информатикалық термин сөздерімен жақсы көңіл-күй сыйлаймыз.<br>**Мақсаты**: оқушылар бойында бір-бірін тыңдау, бір-біріне жақсы тілек, жақсы сөз айту дағдыларын қалыптастыру<br>**Тиімділігі**: бүгінгі күнге жағымды ахуал тудырады | **«Жүректен жүрекке» әдісі** арқылы оқушылар бір-біріне информатикалық термин сөздермен жылы лебіздерін айтады: «компьютердей жүйрік болыңыз», «компьютер сияқты жадың болсын», «пайтон программасы сияқты тез әрі дұрыс | Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенді болған оқушыларға мадақтау сөз айтады: «Жарайсың!», «Бәрекелді!» және т.с.с. | Презентация<br><br><br><br><br><br><br>Educaplay платформасы |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>2. «Миға шабуыл» әдісін пайдаланып Edu.caplay платформасында сұрақтар қойылады. Оқушы тез әрі дұрыс жауап беруі қажет.<br>Тиімділігі: АКТ-ны қолдану дағдысы артады<br>3. Тақырыпты ашу.<br>Жаңа тақырыпты хабарлайды:<br><br><br><u>Мәліметтерді енгізу мен шығаруды ұйымдастыру Сабақ мақсаты мен нәтижесін айтады.</u></td>
<td>есепте», «компьютер сияқты жадың болсын», «жедел жады сияқты миың ақпаратты тез қабылдасын», « қатқыл диск сияқты жадың пайдалы нәрселерге толы болсын» т.с.с<br>Оқушылар презентацияда көрсетілген сөздер бойынша тақырыпты ашады.<br>Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады.<br>Сабақтың мақсаттарымен танысады.</td>
<td>Әр дұрыс жауапқа 1 балл<br></td>
<td><u>https://www.educaplay.com/learning-resources/17842691-learning_resource.html</u><br>Презентация</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br><br>7 мин<br><br><br><br>Қолдану<br><br>4 мин</td>
<td>Жаңа тақырыпты түсіндіру.<br>Егер барлық функциялар бірінен соң бірі тізбектей орындалса, онда программа сызықтық болып табылады. Программаның пайдаланушымен өзара әрекеттесуі үшін мәліметтерді енгізу және шығару функциялары қолданылады. Мәліметтерді пернетақтадан программаға енгізу input () функциясының көмегімен жүзеге асырылады. Input функциясының жазу құрылымы:<br><айнымалы атауы> =<br>Айнымалы типі<br>(input(түсініктеме))<br>Экранға программа нәтижесінің жұмысын шығару үшін print функциясы қолданылады.<br>Print шығару функциясының жазу құрылымы:<br>print (мәліметтер тізімі)<br>Мәліметтерді print функциясы арқылы шығарған кезде sep (сепаратор) функциясы –шығару элементтері арасындағы бөлгіш қолданылады. («-», «+», «*», «\\», «\n»)<br><br>1-тапсырма. Жеке жұмыс «Семантикалық кесте» әдісі. Әр оқушыға Google конверт арқылы таратпа кесте материалдар таратылады. Оқушылар жекелей дұрыс жауапты жазады. Жауап парақшаларын бір-бірімен алмастыру арқылы тексереді.<br><br>Санды енгізу және шығару
<table>
<tr><th>Енгізу операторы</th><th>Нәтиже</th></tr>
<tr><td>print(«Сәлем!»)</td><td></td></tr>
<tr><td>print("Сәлем, " + "Марат!")</td><td></td></tr>
<tr><td>a=input(«Сенің атың кім?»)<br>print("Сәлем, "+a+"!")</td><td></td></tr>
<tr><td>print("A", "B", "C")</td><td></td></tr>
<tr><td>print("A", "B", "C", sep=",")</td><td></td></tr>
<tr><td>print(«Сенің жасың:» + str(11)+ «жас»)</td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:<br>-берілген есеп фрагменттерінің нәтижесін анықтайды</td>
<td>Мұғалімді тыңдайды<br><br>«Түртіп алу» әдісі арқылы қажетті анықтаманы дәптерлеріне жазып отырады<br><br>Презентация арқылы жаңа сабаққа шолу жасайды<br><br><br><br>Таратпа кестеге дұрыс жауапты жазады.<br>Оқушылар көршілерімен жұмыстарын алмасып бір бірін тексереді<br><br>Санды енгізу және шығару
<table>
<tr><th>Енгізу операторы</th><th>Нәтиже</th><th>Ескерту</th></tr>
<tr><td>print(«Сәлем!»)</td><td>Сәлем!</td><td>Экранға тырнақшаға алынған ақпаратты шығару</td></tr>
<tr><td>print("Сәлем, " + "Марат!")</td><td>Сәлем, Марат!</td><td>Тырнақшаға алынған екі жолды біріктіру нәтижесін шығару</td></tr>
<tr><td>a=input(«Сенің атың кім?»)<br>print("Сәлем, "+a+"!")</td><td>Сәлем, Марат!</td><td>Тырнақшаға алынған жолды, айнымалыны және «!» белгіні біріктіру нәтижесін экранға шығару</td></tr>
<tr><td>print("A", "B", "C")</td><td>A B C</td><td>Тырнақшаға алынған бірнеше жолдарды біріктіру</td></tr>
<tr><td>print("A", "B", "C", sep=",")</td><td>A, B, C</td><td>Бөлгіш белгісі көрсетілген тырнақшаға салынған бірнеше жолдарды біріктіру</td></tr>
<tr><td>print(«Сенің жасың:» + str(11)+ «жас»)</td><td>Сенің жасың: 11 жас</td><td>Санды жолға түрлендіру және ақпараттарды бір жолға біріктіру нәтижесін шығару</td></tr>
</table></td>
<td><br><br><br><br><br><br>Тапсырманы дұрыс орындаған оқушы 2 баллмен бағаланады<br></td>
<td>Презентация<br>Жұмыс дәптері<br>Көрнекілік кестелер<br><br><br><br>Жұмыс дәптері<br>Көрнекілікте р<br>Сематикалы к кесте<br>Слайд<br><br></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **7 мин**<br><br>**10 мин**<br><br>**5 мин** | **2-тапсырма**<br>**«Жеті қазына» әдісі арқылы ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС.**<br>Кез келген оқушы шығып, барабанды айналдырады. Қандай түс түседі, сондай түсті конверт ұсынылады. Конверт ішінде 2 асық болады. Бірінші асықта – тапсырма.Ал екінші асықта – жауабы жазылған. Жауабын білу үшін, тиынмен кетіріп, есеп нәтижесі біледі.<br>**Тапсырма:** Есептің шығарылу коды жазылған. Кодқа қарап есеп нәтижесін анықтап, жазу қажет.<br>**Дескриптор:**<br>- Есептің шартын түсінеді<br>- Есептің нәтижесін жаза алады<br>**3- тапсырма.**<br>**«Ноутбук шаблоны» әдісі.**<br>**Компьютермен жеке жұмыс.**<br>Python бағдарламасында есептер шығару:<br>1) Екі бүтін сан берілген. Сандардың қосындысын, көбейтіндісін және олардың квадраттарының қосындысын табу программасын жазыңдар.<br>`*ww.py - C:/Users/indir/AppData/Local/Programs/Python/Pythor`<br>`File Edit Format Run Options Window Help`<br>`a=int(input('1-shi butin sandy engiz'))`<br>`b=int(input('2-shi butin sandy engiz'))`<br>`print('kosyndysy=', a+b)`<br>`print('kobeitindisi=',a*b)`<br>`print('kvadrattarynyn kosyndysy=',a**2+b**2)`<br>2) Sep параметрін пайдаланып, бүгінгі болатын сабақтардың тізімін құрыңдар.<br>`ww.py - C:/Users/indir/AppData/Local/Programs/Python/Python37-32/ww.py (3.7.3)`<br>`File Edit Format Run Options Window Help`<br>`print ("математика", "химия", "информатика", "физика", "биология", sep="\n")`<br>**Дескриптор:**<br>- Программа кодын тереді<br>- Есеп нәтижесін тексереді<br>Сергіту.<br><br>**Жаңа сабақты бекіту.**<br>«Арқан тартыс» әдісін пайдаланып, сабақты бекіту. Ол үшін 2 оқушы ортаға шығып, интерактивті тақтада көрсетілген ұяшықтарды таңдап, берілген сұраққа дұрыс жауап берсе, арқанды өзіне қарай тартады.<br>**Дескриптор:**<br>-берілген сұрақтарға дұрыс жауап тауып, айтады. | 2-тапсырманы дәптерге орындайды<br><br>Асықтың ішінде есеп коды жазылған программа берілген. Есеп кодына қарап, есеп нәтижесін дәптерге орындайды. Конверт ішіне салынған тиынмен кетіріп, есеп жауабын тексереді.<br><br>3-тапсырманы Python программалау тілінде орындайды<br>`1)] on win32`<br>`Type "help", "copyright", "credits`<br>`>>>`<br>`== RESTART: C:/Users/indir/AppData`<br>`1-shi butin sandy engiz2`<br>`2-shi butin sandy engiz 4`<br>`kosyndysy= 6`<br>`kobeitindisi= 8`<br>`kvadrattarynyn kosyndysy= 20`<br>`>>>`<br><br>`== RESTART: C:/`<br>`математика`<br>`химия`<br>`информатика`<br>`физика`<br>`биология`<br>`>>>`<br><br>Ұяшықты таңдап, сұрақтарға жауап береді.<br> | Тапсырманы дұрыс орындаған оқушы - 2 балл<br><br><br>Есепті тез және дұрыс орындаған оқушыға - 3 балл.<br><br><br>Сұраққа дұрыс жауап бергені үшін 1 балл<br> | Көрнекілік<br><br><br>Ноутбук шаблоны<br>Компьютер<br>Презентация<br><br><br>Презентация<br><br>Презентация<br>Арқан тартыс көрнекілік<br>Интерактив-ті тақта |
| **Сабақтың соңы**<br>**3 мин** | 1.Кері байланыс: «Менің көңіл күйім» әдісі.<br>2. Бағалау<br><br>**Үй тапсырмасы** § 3.5 тақырыпты оқу, 87 бет, 93 беттегі 12 тапсырма | Оқушылар «Менің көңіл күйім» әдісі арқылы бүгінгі сабақ бойынша берілген таратпа карточкаларға өз көңіл-күйлерін, сабақ бойынша алға әсерлерін жазады. | Оқушыларды жинаған ұпайлары бойынша бағалау.<br> | Презентация, ұялы телефон, Плакат<br> |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Темиргалиева Меңдігүл Мұханбетжановна**



# Һ ДЫБЫСЫ ЖӘНЕ ӘРПІ

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | А. Байтұрсынов атындағы №10 ЖОББМ | |
| **Пәні:** | **Әліппе** | |
| **Бөлім:** | Әліппе кезеңі | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Темиргалиева Меңдігүл Мұханбетжановна | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** 1 «З» сынып | Қатысушылар саны | Қатыспағандар саны |
| **Сабақтың тақырыбы:** | №82 сабақ. Һ дыбысы және әрпі | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау;<br>1.1.8.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту<br>1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану;<br>1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу | |
| **Сабақтың мақсаты** | Һ дыбысы мен әрпін таныстыру, үйрету, меңгерту | |
| **Құндылықтар** | Ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту | |
| **Көрнекіліктері:** | Суреттер, слайд, парақшалар. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>2 минут<br><br>**Өткенді пысықтау**<br>5 минут<br><br>**Сабақтың ортасы**<br>**25 минут** | Психологиялық ахуал қалыптастыру:<br>Үлкенге де -Сіз, Кішіге де- Сіз.<br>Баршаңызды құрметтеп,<br>Бас иеміз біз!<br><br>Оқылым<br>**<u>«Жұмыртқа аршу» әдісі</u>**<br>Хан халық хоккей емхана<br>Хор хабар шахмат кітапхана<br>«Ауылдағы атама» өлеңін мәнерлеп оқы<br>**Тақырыпты ашу:**<br>**<u>Сурет бойынша әңгіме құрау.</u>**<br>- <u>Бұл не?</u><br>- Суреттен не көріп отырсыңдар?<br>- Оны қайдан көрдіңдер?<br>Ендеше, қазір осы айдаһар туралы мультфильмнен үзінді көреміз.<br>Осы айдаһар деген сөзді буынға бөлеміз, дыбыстық талдау жасаймыз.<br>Сол сөзбен сөйлем құраймыз. | Психологиялық дайындық жасайды.<br><br>Ойынға қатысады, скрақтарға жауап береді.<br><br>Айдаһар туралы білгендерін әңгімелейді.<br>Буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды. Жіптен Һ әрпән жасайды. | <br>**Дескриптор:**<br>Хх дыбысы және әрпін біледі. Қолданады. Сөздерді тұтас оқи алды.<br>**«Отшашу»** әдісімен бағалау. | слайд<br><br>Жұмыртқалар<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сергіту сәті<br>3 минут<br><br>Сабақтың соңы<br>5 минут<br><br>Кері байланыс:<br>5 мин. | Һ һ таңбасы – оның әрпімен таныстыру.<br>Жіптен «һ» әрпін жасау.<br>**Жаңа тақырып**<br>**Оқылым.**<br>1. Берілген сөздер мен мәтінді оқушылармен бірге буындап, тұтастай оқу.<br>2.«Һ» дыбысының сөз алдында, ортасында келетін орнын оқушылардың өздеріне тапқызу.<br>3.Сөздердің мағынларын түсіндіру.<br>арқылы оның мағынасы өзгеретінін түсіну.<br>4. Мәтінді оқып, «Халық Қаһармандары» деген ұғымды түсіндіру.<br>Қ. Рысқұлбеков, Р. Бағланова, Х. Доспанова, Б.Момышұлы, Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев, А.Айымбетов суреттерімен таныстырып, олар туралы әңгімелеу.<br><br>**Жазылым**<br>1.Оқулықтағы «һ» әрпінің таңбалануына назар аудару.<br>2.«һ» әрпін тақтаға жазып көрсету.<br>3.«һ» әрпін ауада жазып көрсету.<br>4.Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру.<br><br>**«Көңілді би»-қимылды биін орындау.**<br><br>**Топтық тапсырмалар:**<br>1-топ Ребус шешу.<br>2-топ сөздерден сөйлем құрап жазу.<br>3-топ: Буындардан сөз құрап сәйкестендіру.<br><br>**Кері байланыс:**<br>«Білім шамы» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беру:<br>-саған сабақ ұнады ма?<br>- сабақта не қызықты болды<br>-саған қандай жұмыс ұнады?<br>-қандай әріппен таныстың?<br>-Қаһарман деп кімді айтамыз?<br>-Һ дыбысы бар сөздерді айт<br><br>**Рефлексия:**<br>«Ашқарақта тамақтандыру» әдісі:<br>-маған бәрі түсінікті<br>-маған әлі де түсініксіз<br>-мен ешнәрсе түсінбедім | Сөздерді оқиды.<br>Мағынасын түсінеді.<br><br>Тұлғаларды таниды.<br><br>Үлгі бойынша сөздер мен сөйлемдерді жазды.<br>Һ әрпін таңбалап жазады.<br><br>Музыка ырғағымен билейді<br><br>Ребусты шешеді<br>Сөздерден сөйлем құрайды<br>Буындарды сәйкестенді ріп, сөз құрайды | **Дескриптор:**<br>Өтілетін жаңа дыбысы бар «айдаһар» сөзіне дыбыстық талдау жасайды<br>Жіптен «һ» әрпінің сұлбасын жасады.<br><br>**Дескриптор:**<br>Буындарды жеке тұтас сөздегі айтылуымен оқиды.<br>Әрбір дыбысты естіп, әріпті көріп, өздігінен саналы оқиды.<br>**Жарайсың!**<br>**Дескриптор:**<br>Каллиграфиялық талапқа сай дұрыс және сауатты жазды<br>Керемет!<br>Жұлдызшалар арқылы бағалау.<br><br>«Әмиян» әдісі арқылы бағалау.<br><br>Мадақтау | <br>Суреттер<br><br><br>жіп<br>Оқулық<br><br>Слайдтар<br><br>Суреттер<br><br><br>Жұмыс дәптері<br><br>Суреттер<br><br>Оқулық<br><br>Паракша лар, тапсырма лар<br><br>жұлдызша лар<br><br> |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Кодасова Арайлым Шакеновна**

# ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ. 14 – 17-ЖАТТЫҒУЛАР

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | № 10 А.Байтұрсыноа атындағы ЖОББМ | |
| **Пәні:** | **Қазақ тілі** | |
| **Бөлім:** | Менің туған өлкем | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Кодасова Арайлым | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** 2е-сынып | Қатысушылар саны | Қатыспағандар саны |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **№ 54 сабақ Лепті сөйлем. 14 – 17-жаттығулар** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 2.1.2.1 - мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің ажырату,мазмұнын болжау.<br>2.3.7.1 - сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Мәтін бөліктерін анықтай алады | |
| **Құндылықтар** | Ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі//уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 минут** | Психологиялық ахуалды жақсарту<br>**«Көңіл күй сыйлау» әдісі**<br>Жарқырап күнде ашылады.<br>Айнала нұр шашылады.<br>Қайырлы күн ! Біз көңілді боламыз.<br>Қайырлы күн ! Сәлемдесіп аламыз<br>Бір ,екі,үш,<br>Сынып іші тып-тыныш.<br>Жалқаулықты тастаймыз<br>Сабақты біз бастаймыз. | Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді. | Мақтап, мадақтап отыру | Суреттер |
| **Өткенді пысықтау**<br>**5 минут** | **Өткенді пысықтау**<br>**Үй тапсырмасы**<br>**Самантикалық карта**<br>12-жаттығу<br>Суреттерге қарап, әр сурет жылдың қай мезгілі екенін айтып айларын белгілеп шығады..<br>Қалаған жыл мезгілінің суреті бойынша әңгіме құрастырып айтады.. | Үй тапсырмасын пысықтайды | Дескриптор:<br>Суреттерге қарап, әр сурет жылдың қай мезгілі екенін айтып,өз ойын дәлелдейді-1б<br>ҚБ:<br>«Медаль» әдісі | оқулық |
| **Сабақтың ортасы**<br>**20 минут** | **Тақырыпты ашу**<br>**«Суреттер сөйлейді»әдісі**<br>(Тәуелсіздік туралы)<br>-Мына сурет туралы не айтасыңдар<br>Қандай мереке келе жатыр.<br>1-топ Хабарлы сөйлем<br>2-топ Сұраулы сөйлем<br>3-топ Лепті сөйлем<br>Жазады.<br><br>Жаңа тақырып<br>ФС тапсырмасы<br>**1-тапсырма**<br>**14-жаттығу**<br>Жұмбақ өлеңді қатесіз көшіріп жаз.Шешуін тап.<br>Леп белгісі неліктен қойылғанын айт. | Тиісті тыныс белгілерін қояды<br><br>Өлеңмен жұмыс жасайды |  | <br>Таратпа парақтар<br><br>Жұмыс дәптері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сергіту сәті**<br>**2 минут**<br><br>**Қосымша тапсырма**<br>**2минут** | Бір жерінде жаз,<br>Бір жерінде күз,<br>Бір жерінде қыс,<br>Бір жерінде көктем,<br>Керемет алып неткен! Жер<br>Леп белгісі неліктен қойылғанын айт.<br><br>ЕКБ<br>Үйінде үлкен той болайын деп жатыр.Сен оны достарыңа қалай жеткізесің?<br><br>ЕБҚ керек<br>Тиісті дауыс ырғағымен оқы.<br>Алақай, апам келді!<br>Жасасын, Қазақстан!<br>Ауа райы қандай керемет!<br>**Сергіту сәті**<br>« Жаңбыр сылдыры»<br>Іс- қимыл<br>**2-тапсырма**<br>Жұптық жұмыс<br>**Сыйлықтарды ашу.**<br>**(Берілген суреттен лепті сөйлем құрау.)**<br><br>**3-тапсырма**<br>**Тақтамен жұмыс. «Тыныс белгісін тап»**<br>1. Мейіржан жылы киінді.<br>2. Айман нешінші сыныпта оқиды.?<br>3. Алақай ,апам келе жатыр!<br>4. Гүлді жұлма!<br>5. Бүгін саяхатқа шықтық.<br>6. Айдос ауылдан келді ме?<br>7. Мына пілдің үлкенін-ай!<br>8. Оқушылар үзіліске шықты.<br>9. Сабақтарың нешеде басталады?<br>**«Топтас,ойлан бөліс» әдісі**<br>**Топтық жұмыс.**<br>**1-топ. Мәтін құрау**<br>Сөйлемдерден мәтін құрастырыңдар.<br>Мәтін неше бөліктен тұрады?<br>(3 бөліктен тұрады)<br>Оны қалай анықтадың?<br>**2-топ. Мәтінді жалғастыру.**<br>Мәтіннің соңғы бөлігін өз сөйлемдеріңмен толықтыр.<br>**3-топ Суреттер арқылы тірек сөздер пайдаланып мәтін құрастыр.**<br>Керекті сөздер: суғарды, арамшөптерді жұлды, гүлшоқтарын жасады, Білім күнінде, мұғалімге сыйлады.<br><br>**ҚЖ:**<br>**Саралау тапсырмасы**<br>1-деңгей<br>Лепті сөйлем деген не? | Жеке жұмыс жасайды<br><br>Тапсырманы орындайды<br><br>Жаттығу жасайды<br><br>Тапсырманы орындайды | Дескриптор:<br>Жұмбақ өлеңді қатесіз көшіріп жазып,шешуін табады-1б<br>Леп белгісі неліктен қойылғанын айтады-1б<br><br>Тамаша жауап!<br><br>Сен мықтысың!<br><br>Дескриптор:<br>Суреттер арқылы лепті сөйлем құрап жазады.-1б<br><br>Сөйлем түрлерін ажыратып тыныс белгілерін қояды.1б<br><br>Дескриптор:<br>Суреттерге қара және мәтінді оқиды-Мәтіннің екінші және үшінші бөлігін | Оқулық<br><br>Суреттер<br><br><br>Суреттер<br><br>оқулық<br><br>Жұмыс дәптері<br><br>Суреттер<br><br>Жұмыс дәптері<br><br>Суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақты қорыту 6минут** | Жауап айт және мысал келтір<br>2-деңгей<br>Аспан- көкте жұлдыздар<br>Жерде біздің ұл қыздар .<br>Не туралы? Жұлдыз Мысал келтір<br>3-деңгей<br>Лепті сөйлемдерді қатыстырып мәтін құра және оқып бер.<br><br>**Үй тапсырмасы**<br>17-жаттығу<br>Шығармашылық тапсырма. « Бір минут»<br>Есте сақтап жазу.<br>**4-тапсырма**<br>ҚЖ:<br>Теріп жаз<br>Лепті сөйлем<br>Бүгін күн қандай тамаша!<br>Қандай жақсы достар!<br>Сұраулы сөйлем<br>Арасында Досан бар ма?<br>Барлығы бір сыныпта оқи ма?<br>Хабарлы сөйлем<br>Балалар алаңда доп ойнап жүр. Олар өте көңілді. | Үй тапсырмасын алады<br><br>Қосымша жұмыс жасайды | өз сөйлемдерімен толықтырады-1б<br><br>Дескриптор:<br>Берілген сөйлемнің лепті сөйлем екенін дәлелдейді-1б<br><br>Өлеңде не туралы екенін айтады мысал келтіреді.-1б | Оқулық<br> |
| **Кері байланыс 5 минут** |  | Кері байланыс жасайды | Дескриптор:<br>Сөйлем түрлеріне қарай ажыратады,теріп жазады-1б | Кері байланыс тақтасы |








**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Сулейменова Сайран Уресовна**



# ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | А.Байтұрсынов атындағы №10 ЖОББМ | |
| **Пәні:** | **Математика** | |
| **Бөлім:** | Саяхат | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Сулейменова С.У | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | 1 «А» | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Есептер шығару** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 1.5.1.1**есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу/есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Есеп шығаруды үйренеді | |
| **Құндылықтар** | Талап: Ізденімпаз, жасампаз тұлға | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы***<br>5 минут<br><br>Өткенді пысықтау<br>5 минут<br><br>***Сабақтың ортасы***<br>20 минут | Психологиялық ахуал қалыптастыру<br><br><br>Өткенді пысықтау<br>«Менің қысқы саяхатым» тақырыбына әңгімелесу<br>Өздері болған жері тураы айтып береді<br><br>Жаңа тақырып<br>ФС тапсырмасы<br>1-тапсырман<br>Есептер құрастыр және шығар.<br>Былай баста:<br>Тұрақта 10 велосипед болды. Серуендеу үшін ...<br>Оқушылар есептің қысқаша жазбасы мен суретке қарап есеп құрастырады.<br>Болды - 10 в.<br>Алып кетті - 4 в.<br>Қалды -? в.<br>Шешуі:<br>10 – 4 = 6 (в.) | Амандасып алады<br><br>Өздерінің қыдырған жерлері туралы баяндайды<br><br>Есепті шығарады | Оқушыларды мадақтап отыру<br><br><br>Тамаша!<br><br><br>Дескриптор:<br>Есептің | Суреттер<br><br>Қазақстан ның көркемті жерлерінің суреттері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жауабы: 6 велосипед қалды.<br>Есептің шартына сәйкес келетін тірек сұлба мен сызбаны толтыруы қажет.<br><br>Өзіндік жұмыс<br>2-тапсырма<br>Есептерді шығарады.<br>Ол үшін бірінші есептің нені табуға берілгенін анықтайды (Қосындыны).<br>Екінші нені табуға берілген есептің түрі? (Қанша қалғанын табуға)<br>а) Қыз - 5<br>Ұл – 4 ?б.<br>Шешуі: 5+4=9<br>Жауабы: 9 бала.<br>ә) Шықты – 9 б.<br>Жетті – 6 б.<br>Қалды - ?б.<br>Шешуі: 9–6=3<br>Жауабы: 3 бала. | Есепті өз бетінше шығарады | сұлбасын (қысқаша шартын) құрады<br>Өрнек құрып, мәнін есептейді<br><br>Дескриптор:<br>Қосудың мәнін есептейді<br>Азайтудың мәнін есептейді<br> | <br>Оқулық |
| | Дәптермен жұмыс<br> | Дәптермен жұмыс жасайды | Дескриптор.<br>Есеп құрастырады<br>Есепті өз бетінше шығарады<br><br>Тамаша жұмыс деп есептеймін! | Суреттер<br> |
| | ЕБҚ<br>Заңдылық бойынша орында<br> | Математикалық заңдылықты меңгереді | <br>Сен нағыз математиксің! | Таратпа парақ |
| | ЕҚБ<br>Мәнін тап<br> | Есептеу жүргізеді | | Таратпа парақ |
| Сергіту сәті<br>2 минут | «Нейрожаттығу» әдісі | | Жаттығу жасайды | Оқулық<br> |
| ***Сабақты қорыту*** **6**минут | Жұптық жұмыс<br>3-тапсырма<br>Есепте. Досыңнан тексеруін сұра. Екі бағанын есептеуді ұсынса болады.<br>Ондықтарды қосуды және азайтуды орындайды.<br>100 – 100=0 70 + 20=90<br>60 + 20=80 40 – 20=20<br>80 + 10=90 40 + 20=60 | Есептеу жүргізеді | Дескриптор:<br>Ондықтарды қосуды және азайтуды орындайды.<br>Амалдарды орындауды біледі | Суреттер |
| | Зерттеушілік тапсырма<br>4-тапсырма<br>«Сиқырлы» сандарды тап.<br>Бірінші өрнекте бірдей үш велосипедтің қосындысы 90-ға тең. Қандай бірдей үш қосылғыштардың қосындысы 90-ға тең? (30)<br>30+30+30=90 | Сиқырлы сандарды табады | Дескриптор:<br>Қоңыр велосипедтің орнындағы санды табады<br>Қара велосипедтің | <br>Оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қосымша тапсырма<br>2 минут | Енді үшінші өрнекті қарастырамыз.<br>Екі велосипедтің қосындысы 50-ге тең.<br>Бірінші велосипед, яғни бірінші қосылғыш белгілі, ол 30-ға тең. Қосуға кері амал азайтуды пайдаланып екінші қосылғышты табамыз.<br>50-30=20<br>Осыдан кейін екінші өрнекті қарастырамыз.<br>Екі қосылғыш белгілі, үшінші қосылғышты табу үшін азайту амалын пайдаланамыз.<br>20+20=40<br>80-40=40<br>Жауабы: Сиқырлы сандар – 40, 30, 20.<br><br>ҚЖ:<br>Математикалық боямақ<br> | Зерттеушілік тапсырма орындайды<br><br>Боямақты бояйды | орындағы санды табады<br>Сары велосипедтің орындағы санды табады<br> | Суреттер |
| Кері байланыс<br>5 минут | Кері байланыс<br> | Кері байланыс жасайды | Керемет жұмыс! | Кері байланыс парағы |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі**
**Аубакирова Гулсара Аманжоловна**

# АУА НЕДЕН ҚҰРАЛАДЫ?

| | |
|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беру мектебі |
| Пәні: | Жаратылыстану. Атамұра |
| Бөлім: | Заттар және олардың қасиеттері |
| Педагогтің аты-жөні: | Аубакирова Г.А. |
| Күні: | |
| Сынып: 3 Г | Қатысқандар саны Қатыспағандар саны |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты: | 3.3.2.1 ауаның құрамын сипаттау;<br>3.3.2.2 ауаның жануды қолдайтын қасиетін сипаттау |
| Сабақтың мақсаты | Ауаның құрамын сипаттайды. Ауаның жануды қолдайтын қасиетін сипаттайды |
| Құндылықтар | Талап: қоршаған орта тазалығын сақтайды |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі//уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 минут** | **Қызығушылығын ояту**<br>**«Жедел сұрақ - жауап»** әдісі<br>Күніне неше рет тамақтану қажет?<br>Адам тамақ ішпей өмір сүре ала ма? Кешкі асты нешеде ішу қажет?<br>Тамақты шамадан артық ішкен адам өзін қалай сезінеді? | Жауап береді | Мақтап, мадақтап отыру | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Өткенді пысықтау<br>5 минут** | **Өткенді пысықтау**<br>**Үй тапсырмасы**<br>Заттардың күйі<br>**1-топ.** Қатты заттардың қасиетін атау. Мысал келтір<br>**2- топ.** Газ тәрізді заттардың қасиетін атау. Мысал келтір.<br>**3- топ**.Сұйық заттардың қасиетін атау. Мысал келтір. | Үй тапсырмасын тексертеді | Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді-1б<br>Дескриптор: I топ. 1.Қатты заттардың қасиетін атайды. 2.Мысалдарын дұрыс айтады. II топ 1. Газ тәрізді заттардың қасиетін атайды. 2.Мысалдарын дұрыс айтады. III топ. 1.Сұйық заттардың қасиетін атайды. 2.Мысалдарын дұрыс айтады. | оқулық |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**Жаңа білім<br>15 мин** | **Тақырыпты ашу «Серпілген сауалдар» әдісімен** жұмбақты шешіп көрейік<br>Жұмбақта қандай зат жасырылған?<br>Көзге ілінбейді, Жұтсаң білінбейді. (ауа)<br><br>Жұмбақта жасырылған заттың қасиеттерін сипатта.<br>Суреттерде не бейнелеген? Олардың арасында қандай байланыс бар?<br>«**Еркін әңгіме**»<br>Жер бетінде көзге көрінбейтін бір сиқыршы бар. Онымен әркім-ақ күнделікті кездесіп отырады. Біз оны көрмейміз, бірақ маңайында екенін сеземіз,байқаймыз. Бізді үнемі қоршап тұрады. Бізбен бірге жүреді.<br>Ауа қабаты бізді және біздің ғаламшарымыз-Жерді қоршап тұр.<br>**Кластер жасау.**<br>-Ауа туралы не білесіңдер?<br>-«Ауа» туралы білетінімізді топтастырып жіберейікші.<br>**Сабақтың тақырыбын, мақсатын айту.**<br>**«Айырмашылығын тап» ойыны. Мақсаты:** Заттардың себеп-салдар байланысын анықтау, Жер ғаламшары мен Марс (Қызылжұлдыз) ғаламшарларын салыстыру.<br>Оқулықта берілген ғаламшарлардың суреті бойынша әңгімелеу. Сұрақтарға жауап беру. Жетекші сұрақтар:<br>- Жер ғаламшары мен Қызылжұлдыздың түстері қандай?<br>- Ғаламшарлардың қайсысы қызыл түсті?<br>- Жер туралы не айта аласың?<br>-Қызылжұлдыз ғаламшары неліктен қызыл түсті деп ойлайсың?<br>- Қызылжұлдызда тіршілік бар ма? Неге олай ойлайсың?<br>- Оқулық кейіпкерлерінің қайсысын Қызылжұлдызға жіберер едің? Неліктен?<br>- Скафандр не үшін қажет? Ойыңмен бөліс.<br>**ЕБҚ**<br><br>**Оқулықпен жұмыс Ауаның құрамы. Мақсаты**: Ауа құрамын анықтап, ауада қандай зат көбірек кездесетінін сипаттау. Жетекші сұрақтар арқылы ауаның құрамымен танысып, | Тақырыпты ашады<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Кластер құрастырады<br><br>Тапсырманы орындайды<br><br>Сұраққа жауап береді<br><br>Оқушы сәйкестендіреді | Тамаша!<br><br>Дескриптор:Ауа туралы білетіндерін айтады -1б<br>Ауа туралы білетіндерін топтастырады-1б<br><br>Дескриптор:Жер мен Марстың айырмашылығы туралы айтады-1б<br><br>Дескриптор: Скафандр не үшін қажет екенін айтады-1б<br><br>Дескриптор:Ауа құрамының моделін құрастырады-1б<br><br>Керемет! | Интербелсенді тақтадан көрсету<br><br>Қима қағаздар<br><br>оқулық<br><br>оқулық<br><br>топшама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | олардың атауларына назар аудару.<br>Диаграмма неге ұқсайды?<br>Торттың ең үлкен бөлігі қайсысы? Оны қалай атайды?<br>Ауадағы оттек қайдан пайда болады?<br>Оттекті фотосинтез үдерісі кезінде өсімдіктер бөледі.)<br>Дем шығарғанда қандай газ бөлінеді?<br>Ауада тағы қандай газдар бар?<br>Ендеше балалалар осы ауаның моделін жасап, құрастырып көрейік.<br>**1топ: Шармен жұмыстанады**<br>**2топ: Слаймімен жұмыстанады**<br>**3топ: Фетрамен жұмыстанады** | | Дескриптор:<br>1. Суретшінің қателігін табады-1 б<br>2. Оттың жану себептерін дұрыс анықтайды-1 б<br><br>Дескриптор:<br>1Тәжірибе жасайды-1 б<br>2.Тәжірибе жасау арқылы ауаның қасиетін түсіндіреді-1б | Шар,<br>слайм,<br>фетра |
| **Сергіту сәті**<br>**2 минут** | **Сергіту сәті: «Арал теңізі »**<br>Ал енді балалар оқулықтың бетіне ақ қағаз қоямыз. Сол қолымызбен оқулықты төбемізге қоямыз. Оң қолымызбен қаламды алып, ақ қағаздың ортасына «Арал теңізін » саламыз. Енді теңіздің екі жағына екі пальманы саламыз, теңіздің ортасына қайық саламыз. Әрі қарай теңіздің жағалауында таза ауада өзінді серуендеп жүргендерінді саламыз. Енді қарањыздар! | Сергіту сәтін жасайды<br><br>Оқушылар жұптасып, оқулықта берілген суретті талдайды | | оқулық |
| **Сабақты**<br>**қорыту**<br>**8 минут** | **Суретшінің қателігін табу:** От пен ауа.<br>**Мақсаты:** Оттың жану себептерін анықтау..<br>Суретшінің қандай қате жібергенін анықтап, оттың қай кезде жанатынын және қай кезде жанбайтынын сипаттайды.<br>«Мен зерттеушімін»<br>**1.Тәжірибе :«Балауыз шам»**<br>**2.Тәжірибе: «Ауаның қасиеті»**<br>**3.Тәжірибе: «Бізді ауа қоршап тұр»**<br>**Есте сақта!**<br>Ауа азот, оттек, көмірқышқыл газдардан құралады. Өртті сөндіру үшін ауа жібермей, жолын табу керек. | Зерттеу жұмысын оқушылар топтасып жүргізеді.<br><br>Сұраққа жауап береді<br><br>Оқушы өз пікірін түсіндіреді | | балауыз шам,<br>бөтелке,<br>ыдыстар. |
| **Кері**<br>**байланыс**<br>**5 минут** | **Үй тапсырмасы**<br>Ауа неден құралады?<br>**Кері байланыс «СМС»** | Үй тапсырмасын алады<br>Кері байланыс жасайды | |  |







**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы**
**А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беретін мектеп**
**Насырова Анджела Карагойшиевна**
**Оқушысы Жолдыбаев Бахтияр Айбарұлы**




# «БЕКІРЕ ТҰҚЫМДАС БАЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАН КӨБЕЙТІП, ӨСІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ»

**Аннотация**

Бұл жобада азайып бара жатқан бекіре тұқымдас балықтарды қолдан көбейту әдістері мен өсіп-жетілу жолдары және құнарлы уылдырығы, сапалы еті, дене тұрқы мен тіршілік ету мекені туралы зерттелген.

Саны мен түрі азайып бара жатқан бекіре тұқымдас балықтарды табиғатта сақтап қалу адамзат үшін басты парыз деп ойлаймын. Бекіре – бағалы балық. Қазіргі таңда бұл балық түрін қолдан өсіріп, сақтап қалу мақсатында еңбектеніп жүрген зерттеуші мамандардың игі істері бағаланып, насихатталса. Шығармашылық ізденіспен жұмыстанған бастауыш сынып оқушысы түрлі мәліметтерді қамти отырып, слайдқа жүктеген.

В этом плане уменьшающиеся породы осетровых пород рыбы можно увеличить их своими руками методами ипутем увеличения, а также богатство, высокое качество икры и мяся изучено место проживания.

Сохранение в природе количества уменьшающихся породы осетровых рыб для человека являются первостепенной задачей. Осетровые- рыба высокого качества.

В настоящее время вырастить рыбы разных пород являются основной целью для изучающих специалистов, их работы должны быть оценены иагитированы.

Изучавший работы, учащийся начальных классов изучив все данные сопроводил в слайд.

This research work is about how to increase the species of sturgeon and their valuable cavier in special conditions.

Most species of sturgeon are considered to be at risk ofextiction, making them more critically endangered.

The pupil of elementary school has researched information about that.

**Абстракт**

Бұл тақырыпты таңдаудағы себебім анамның туған күніме сыйлаған «Сен білесің бе?» энциклопедиясын оқып отырып, бекіре балығының қазір сиреп, қызыл кітапқа енгені туралы жазылғанын оқыдым. Содан бері бекіре балығы мүлдем жоқ болып кетер ме екен - деген ой мазалап жүретін. Әкемнен бұл балықтар неге азайып барады екен - деп сұрап едім, балықты уылдырығы үшін көп аулайды деді. Бірақ қазір бұл балықты сақтап қалу үшін қолдан көбейтіп жатыр дегенді естігенде, ол қалай болады? Соны көрсем ғой деген арман болған.

**Зерттеудің мақсаты:**

- Қазіргі уақытта түрі азайып бара жатқан бекіре балығының қолдан өсіріліп, көбейту жолдарын насихаттау.

**Міндеті:**

- Бекіре балығының түрі мен пайдасы туралы түсінік беру.
- Қолдан көбейтіп, өсіру арқылы бекіре тұқымдас балықтарды сақтап қалуды үйрену.

**Зерттеудің болжамы:**

Менде мынадай болжам пайда болды: егер бекіре балығын аулауға шектеу қойса және балық шаруашылық қожалықтарында көптеп өсірсе, онда оны сақтап қалуға болады.

**Зерттеу нысаны:** бекіре балығы

**Зерттеудің нәтижелері :**

- Жәңгір хан университетінің Ғылыми зерттеу орталығы және Биотехнология ғылыми – зерттеу зертханасы мамандарымен кездесіп, бекіре балығын қолдан өсіру әдістерін көрдім.
- Ғылыми зерттеу орталығы және Биотехнология ғылыми – зерттеу зертханасында бекірені қолдан өсіру үшін қолданылатын түрлі құрал- жабдықтармен таныстым.

**Зерттеудің кезеңдері :**

1. Мен өзім зерттейтін жұмысымның тақырыбын таңдадым.
2. Бекіре балығы туралы мәліметтер жинау.
3. Бекіре балығы мен уылдырығының пайдасы туралы дәрігерден кеңес алу.
4. «Ғылыми зеттеу орталығына» бару, тәжірибені көріп бақылау.
5. «Биотехнология ғылыми – зерттеу зертханасына» бару, тәжірибені көріп бақылау.
6. Бекіре балығы мен уылдырығының дүкен сөрелеріндегі бағасынбілу.
7. Жинаған жұмысымды талдадым.

**Жоба жұмысының жоспары**

**I. Кіріспе бөлім.**

1. Бекіре балығына сипаттама.
2. Бекіре балығының еті мен уылдырығының және майының пайдасы (құндылығы)

**II. Негізгі бөлім.**

2.1 Ғылыми жобаның тақырыбын таңдап, жоспар құру.

2.2 М. Горький атындағы №5 қалалық кітапхана кітапханашысы
Габдушева Гүлсім Қайырқызымен кеңесу.

2.3 Дәрігермен сұхбат №6 қалалық емхана бөлім меңгерушісі дәрігер
Кенжебаева Жаннат Кенжебайқызымен кеңесу.

2.4 «Табиғат және экология» мұражайына саяхат
Джумагазиева Айгуль Умаргалиевна сұхбат.

2.5 Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университетінің КеАҚ-ң Биотехнология және табиғатты пайдалану ғылыми зерттеу институты техник балық өсіруші Габдрахманов Дәурен Маратовичпен кездесу (сұхбат)

2.6 Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университетінің КеАҚ-ң Биотехнология және табиғатты пайдалану ғылыми зерттеу институты ихтиолог Мэлс Энгельсов Женисовичпен кездесу (сұхбат)

2.7 Бекіре балығы мен уылдырығының саудадағы бағасы.

**III. Қорытынды:**

**IV. Ұсыныстар:**

**V. Пайдаланылған әдебиеттер.**

**I. Кіріспе**

Жайық жағасындағы елді мекендердің тұрғындары 25-30 жыл бұрын бекіре балығын аулап, дастарқаннан оның уылдырығы мен бал татыған сорпасын үзбейтін. Табиғатта түпсіз, мәңгілік ештеңе жоқтығын ескермей, есепсіз аулау мен экологиялық өзгерістердің салдарынан қымбатқа бағаланатын балық түрі азайып, Қызыл кітапқа енді. Өзен жағалай қонған ел-жұрт бүгінде Жайықтан қызыл балықты емге таппай отыр. Өзге де балық түрлерінің жағдайы мәз емес. Ал қазіргі кезде бекіре тұқымдас балықтардың қоры аз сондықтан оларды қолдан өсіріп, көбейту қолға алынып іске асырылып жатыр. Балықтың осынша азаюының негізі себебі – Жайық өзені суының төмендеуі және оның түрлі қоспалармен ластануының негізінде Жайық өзенін мекендейтін қызыл балықтардың арасына аурудың пайда

болуы.Бекіре балықтардың өсуіне, оның қорының сақталуына «браконьерлер» (зиянкес балықшылар) өте үлкен кесел келтіруде.

«Балық патшасы – бекіре» - деп бабаларымызайтқандай бұл ғылыми жобамда бекіре балығының ерекше құндылығы, дамуы, тіршілігі, туысы, түрі мен бүгінгі күні қолдан өсіріп көбейту жағдайы, осы салада қызмет жасап жатқан жанашыр азамат мамандардың еңбектері туралы айтқым келеді.

Бекіре балығының тіршілік ортасы, құндылығы мен пайдасы мені өте қатты қызықтырды. Сондықтан мен бекіре балығы туралы мәліметтерді энциклопедия, ғаламтордан іздеп оқып, Жәңгір хан университетінің «Ғылыми зерттеу орталығы» және «Биотехнология ғылыми – зерттеу зертханасы» мамандарымен кездесіп, бекіре балығын қолдан өсіру әдістерін көріп, біраз жаңалықтармен таныстым.

**1. Бекіре балығына сипаттама**

Бекірелер — Қазақстанда бекіре тұқымдас: қортпа, сүйрік балық, бекіре, шоқыр, пілмай, тасбекіре тіршілік етеді. Бекірелер денесінде сүйегі аз, қаңқасы тек шеміршектен тұрады, басқа балықтардан сыртқы пішіні және құрылысымен ерекшеленеді. Денесі ұзынша ұршық тәрізді, бес қатар сүйекті бұдыршақтары болады: қыр арқасында, қос бүйірінде және екі қатар бауырында. Осы қатарлардың ортасында ұсақ сүйекті түйіршектер мен тақтайшалар бар. Басы конус тәрізді созылған және тұмсығы күрек тәрізді қысқа, онда төрт мұртшалары аузына жақын орналасқан. Төменгі жақта тісі жоқ, жота қанаты құйрығына жақын. Бекірелер ұзақ өмір сүретін, кеш жетілетін балықтар. Сонымен қатар, дене пішіндері өте үлкен болады. Мысалы, қортпаның салмағы 1 тоннаға дейін, ұзындығы 4-4,5 метрге дейін жетеді, 2 тонналық балықты ұстаған жағдайлар да белгілі.

Бекірелер – тұщы суда өсіп –өнетін ірі балық. Дене тұрқы 1-2,5 метр, салмағы 15-24 кг, кейде 80 кг- ға дейін жетеді. Ол Каспий теңізінде, сондай –ақ Жайық, Еділ өзендерінде тіршілік етеді. Каспий теңізіндегі кәдімгі бекірелер көбіне Жайық өзенін өрлей жүзіп, Орынбор қаласына дейінгі аралықта аналықтары жылына 800- 840 мың уылдырық шашады. Күзде келгендері терең шұңқырларда қыстап шығып, келер жылы көктемде, ал сол жылы көктемде келгендері өзеннің ағысы қатты тастақты немесе құмды жерлеріне уылдырық шашып, теңізге қайтып оралады. Оның бірінші-екінші жылғы шабақтары Жайық өзенінде қыстап шығады. Жас шабақтары өсіп-өніп 15-20 см-ге жеткенде олар да теңізге қайтады. Бекіренің шабақтары омыртқалылармен, шаянтәрізділермен, моллюскалармен және балықтармен қоректенеді. Бекіре балығының уылдырығының көлемі мылтықтың оғының бытырасындай болса, ал оның іші аппақ сүтке толы болады.

**2.2 Бекіре балығының еті мен уылдырығының және майының пайдасы (құндылығы)**

Бекіре етінің бай құрамы бар. Ал оның дәмі ерекше болады. Бекіре еті туралы өткен ғасырлардың әдеби шығармаларында да айтылады. Бекіре еті жоғары биологиялық құндылыққа ие, оның құрамында ағзаға керекті бүтін амин қышқылдары мен эссенциялық майлы қышқылдардың кешендері, көптеген дәрумендер мен минералдар бар. Көп адамдардың айтуынша, бекіре етінің сиыр етіне ұқсайтын өзіне тән дәмі бар. Бұл қасиетке ол құрамында мол мөлшердегі глютамин қышқылының арқасында ие болды. Бекіренің дәрумендік құрамы да бай - A, B1, B2, C, D, E, PP. Минералдар арасында онда әсіресе фосфор мен калий көп, сонымен бірге кальций, магний, натрий, фтор, темір, хлор, хром, никель, молибден бар.

Әсіресе бекіре уылдырығы өте пайдалы. Құрамындағы пайдалы қышқылдардың көп мөлшері бұл өнімді таптырмас етеді. Уылдырық қан қысымына жағымды әсер етеді, бүкіл ағзаның және атап айтқанда, эпидермис жасушаларының қалыпты дамуына себепші болады. Бекіре уылдырығын ауыр сырқаттармен ауыратын әлсіз адамдарға жегізуге болады. Ол өмір сүру қуатын қалпына келтіруге көмектеседі.

Барлығымызға да балық майының пайдасы белгілі. Бұл зат ағзаның жүйке және жүрек-тамыр жүйелеріне жағымды әсер етеді. Құрамына келер болсақ, йод, фосфор, сондай ақ, Е, Д, А дәрумендері де кездеседі. Балық майының құрамында кездесетін Омега 3 майлы кислоты адам ағзасында маңызды рөл атқарады. Әсіресе, мидың жұмысын реттеп, ойлау, есте сақтау секілді қабілеттерді жақсартады. Балық майын емдік дәрмек түрінде қолданудың нәтижесі бірнеше аурудан айығуға себепші болмақ.

Атап айтар болсақ:

-артериялық қан қысымының жақсаруы;

-құрғақ терінің нәрленуі;

-рак, артрит, жүрек аурулары;

-ағзадағы ген қызметінің реттелуі.

## ІІ. Негізгі бөлім.

### 2.1 Жоба жұмысының жоспары

| Р/с | Уақыты | Зерттеу орны | Ақыл- кеңес беруші | Жұмыс мақсаты | Жұмыс нәтижесі |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **қараша** | Мектеп | Насырова Анджела Карагойшиевна | Тақырып таңдау. Жобаға жоспар құру | Тақырыбы: «Бекіре тұқымдас балықтарды қолдан көбейтіп, өсірудің жолдары» |
| **2** | **желтоқсан** | Кітапхана | Габдушева Гүлсім Қайырқызы | Теориялық мәліметтер алу | Кітапханалардан бекіре балығы туралы мәліметтер жинадым. |
| **3** | **желтоқсан** | № 6 қалалық емхана | Бөлім меңгерушісі дәрігер Кенжебаева Жаннат Кенжебайқызы | Дәрігерден кеңес алу | Балық еті мен уылдырықтың, балық майының пайдасын білдім. |
| **4** | **қаңтар** | Мұражай | Джумагазиева Айгуль Умаргалиевна | Мәлімет жинақтау | Бекіре балығының экспонаттарын көрдім. |
| **5** | **қаңтар** | Жәңгір хан университеті нің Ғылыми зерттеу орталығы | Техник балық өсіруші Габдрахманов Дәурен Маратович | Ғылыми зерттеу орталығы балықты жасанды жолмен қалай көбейтуде? | Зерттеу орталығында әртүрлі аппараттарды көріп тыныстым, көп мәліметтер алдым |
| **6** | **ақпан** | Жәңгір хан университеті-нің Биотехнология ғылыми – зерттеу зертханасына | Ихтиолог Мэлс Энгельсов Женисович | Зертхана балықты жасанды жолмен қалай өсіруде? | Зертханада бекіре балығының түрлерін көрдім, түрлі аппараттарды көріп тыныстым. |
| **7** | **ақпан** | Дүкендер | Насырова Анджела Карагойшиевна | Саттықта бекіре балығының еті мен уылдырығы бар ма, бағасы қандай? | Дүкен сөрелерінен бекіре балығының еті мен уылдырығын кездестірмедім. |
| **8** | **наурыз** | Жәңгір хан университеті-нің Ғылыми зерттеу орталығы | Техник балық өсіруші Габдрахманов Дәурен Маратович | Ана балықтардан уылдырықалынды ма? | Балықтардың уылдырығы мамыр айында алынады. |
| **9** | **наурыз** | Мектеп | Насырова Анджела Карагойшиевна | Зерттеу жобасын қорытындылау | Жоба жоспарын орындадық. |
| **10** | **сәуір** | Мектеп | Насырова Анджела Карагойшиевна | Зерттеу жобасын қорғау | Зерттеу жобасын қорғадым. |

**2.2 Бекіре балығы туралы мәліметтер жинақтау.**
**М.Горький атындағы №5 қалалық кітапхана кітапханашысы Габдушева Гүлсім Қайырқызымен кеңестім.**




***Бұл кітапханадан «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясын алып, бекіре туралы мәлімет таптым.***

**2.3 Дәрігердің кеңесі.**
**№ 6 қалалық емхана бөлім меңгерушісі дәрігер Кенжебаева Жаннат Кенжебайқызымен кеңестім.**

«Балық етіндегі амин қышқылдары адам ағзасына өте пайдалы. Бауыр ауруларының алдын алады. Балық белогында кішкентай балалардың бойын өсіруге ықпал ететін қышқыл да баршылық. Балық тағамдары жүректің қан айналысын жақсартуға септігі бар екені медицинада дәйектелген. Балықтан жасалған тағамдар жүрек жұмысын жақсартуға көмектеседі. Балық етінде қан тамырын қатаюдан сақтайтын қышқылдар көп.

Уылдырық денеге қуат береді. Қан құрамында гемоглобин аз болса, адам әлсіз болған жағдайда уылдырық жеу керек. Уылдырық қан құрамын жақсартады және әлдендіреді.

Жалпы балықтың еті, сорпасы, уылдырығы мен майының шипалық қасиеті мол»- деп түсіндірді.

**2.4 «Табиғат және экология» мұражайына саяхат.**
**Мұражай меңгерушісі: Джумагазиева Айгуль Умаргалиевна сұхбат.**

Батыс Қазақстан облысының территориясында ұзындығы 5100 км болатын 200-дей өзен мен өзек бар. Орал өзенінің ұзындығы 2534 км. Облыс ішіндегі ұзындығы 500 км-ге созылған. Орал өзенінде бекіре, шоқыр тағы басқа балық түрлері кездеседі.

**Сүйрік** – бекіре балық. Палеозой эрасында өмір сүрген балық болғандығымен құнды. Жайық өзенінде кездесіп тұрады. Орташа ұзындығы 50см, кейде 1м-ге жетеді.

**Пілмай** – бекіре балық, Каспий теңізінде, Қара және Арал теңіздерінде кездеседі. Еті, уылдырығы мен майы құнды.

**Қортпа** – бекіре балықтар арасында ең ірісі, Каспий теңізінде тіршілік етеді. Жайық өзенінен жоғары қарай уылдырық шашу кезінде көтеріледі. Бұл балықтың ұзындығы 8 метрге, ал салмағы 11-12 центнерге дейін жетеді (бұл салмақ 100 жасқа жеткен балықта болады). Уылдырығы балық көлеміне байланысты 360 мыңнан 7, 7 млн-ға барады.

*Бұл мұражайда бекіре тұқымдасына жататын сүйрік, пілмай, қортпа және бекіре жәдігерлері сақталған. Оларды көрдім және мәлімет алдым.*

**2.5** Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университетінің КеАҚ-ң Биотехнология және табиғатты пайдалану ғылыми зерттеу институты техник балық өсіруші Габдрахманов Дәурен Маратовичпен кездесу (сұхбат)

Техник балық өсіруші Габдрахманов Дәурен Маратовичпен сұхбат жүргізіп, тәжірибесін бақылап көп мағлұмат алдым. Бұл зертханада бекіре балықтарын қолдан көбейтуде. Балықтардан әртүрлі сынымалар алып тексеріп тұрады. Балықтардан уылдырық алып, арнайы аппараттарда өсіреді. Оларды қоректендіреді, бақылайды, зерттейді. Зерттеу орталығында бекіре балығының жойылып бара жатқан түрлерін сақтап қалуға көңіл бөлінген.

**Балықтарды қолмен ұстауға қатаң тыйым салынған.**

Бекіре балықтарын **«COPPENS»** азығымен қоректендіріп тұрады екен. Азық дәруменге бай.

**«COPPENS» азығының** өлшемі әртүрлі (азықтың диаметрі 0,5мм-ден басталады. 6мм, 8мм, 10мм) 6-лық, 8-дік, 10-дық болып бөлінеді. Бұл азық балықтың көлеміне сай таңдалады. Ірі балықтарға үлкен өлшемін береді екен. Ал шабақтар үшін 0,5мм беріледі.Бұл азық Европадан алынады екен.

Бұл жерде**«ВЕИС»** аппараты орнатылған. Балықтан алған уылдырықты осы **«ВЕИС»**( астынан су беріліп тұратын) аппаратына салады. Уылдырық аппараттағы сұйықтықта үнемі қозғалыста болады. Осы жерде 2 – 3 күнде уылдырық қабығы жұқарып, өте кішкентай дернәсілдері көрінеді. **«ВЕИС»**

аппаратынан алынған дернәсілдері акварумға салып, олар бір жерге жиналып жабысып қалмас үшін өте жұмсақ құс қауырсыны ұшымен қозғап тұрады.

Дәурен ағай: «Бекіре табиғи ортамен салыстырғанда жабық кешенде екі есе жылдам өседі. Кешенде өсірілген шабақтардың 10-15%-ын салмағы 150-250 грамм тартқанша өсіріп, жыл сайын Жайыққа жіберіледі. Сонда олар судағы жыртқыш балықтарға жем болмай, өсіп-өнеді» деп түсіндірді.

**Дәурен ағай уылдырықтан дамып шыққан дернәсілдерін және содан өсіп шыққан шабақтарында байқауыма мүмкіндік жасады.**

Жасанды қыстату бассейні бар бөлме температурасы салқын болып тұр. Бассейнде уылдырық шашатын бекіре балықтары бар. Олар наурыз – мамыр айлары аралығында уылдырық шашады. Балықтың уылдырығы әбден жетілгенде мамандар уылдырықты жасанды жолмен алады. Бассейннің беті фольгамен қараңғы жабылған және суы салқын. Балықты үркітуге болмайды. Олар тып-тыныш жатыр.



«Чиллер» аппараты

**Тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету қондырғысы** арқылы бассейндегі су бір орында тұрмай үнемі айналымда болады.

Арнайы құбырлар арқылы жасанды ағын су болады. Жасанды ағын судың бағытын апта сайын өзгертіп тұрады. Балықтар тіршілік етіп жатқан бассейн суын ауыстырып яғни тазалап тұратынын білдім.

Судағы оттегі мөлшері мен судың температурасын анықтайтын арнайы **«Окситермометр»** құралын көріп, Дәурен ағаймен бекіре балықтары жүрген бассейн суының оттегі мөлшерін тексердім. Судағы оттегі қалыпты мөлшерді көрсетіп тұрғанын түсіндірді. **6.1mq/L**егер бұл **3.1mq/L** көрсететін болса, балықтарға қауіпті.

**2.6 Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университетінің КеАҚ-ң Биотехнология және табиғатты пайдалану ғылыми зерттеу институтыихтиолог Мэлс Энгельсов Женисовичпен кездесу (сұхбат)**

Биотехнология ғылыми – зерттеу зертханасына барып, ихтиолог Мэлс Энгельсов Женисовичпен кездесіп, бекіренің қолдан өсірілу жағдайы туралы сұхбаттасып көріп білдім.

Мэлс ағай: «Балық өсіріп- көбейту қызық та, әрі қиын мамандық. Әрбір атқарған ісіңе үлкен жауапкершілікпен карауды талап етеді» – дейді. Бұл жерде орыс бекіресі, сібір бекіресі, сүйрік бекіресі, қортпа бекіресі, пілмай бекіресінің жас шабақтары өсірілуде. Олардың орташа есеппен салмағы 5-6 кг, ал ұзындығы 80-90 см.

Жыл сайын өсірілген балықтан Жайық өзеніні жіберіліп отырады екен.

Олар суға түскен соң моллюскалармен, есейе келе шаяндармен және балықтың шабақтарын қорек ететіндігін айтты.

Үлкен бассейндегі судың сынымасын алып зертханада тексеріп тұрады. Суды күніне бір рет ауыстырып тұрады. Құбырлардан аққан су жасанды ағыс болып тұр.

Бұл **УЗИ аппараты.** Осы құрылғымен бекіре балығының ішінде уылдырық бар ма, жоқ па соны ерте кезден қарап анықтайды. Егер уылдырық болса, оларды **«Ғылыми зерттеу орталығына»** алып барады. Балықтың уылдырығы әбден жетілгенде, мамандар жасанды жолмен уылдырығын алады да, шабақ өсіреді.

**«COPPENS» азығымен** бекіре балықтарын күніне 2 мезгіл 500 г-нан қоректендіреді.Қорек балықтың салмағына, бассейндегі су көлеміне байланысты өлшеммен беріледі. Мэлс ағаймен балықтардың **«COPPENS»** азығын таразымен 500 г өлшеп, балықтарды қоректендірдім.

Бассейндегі судың мөлшері 5 тонна. Әр бассейнде 70-80 балықтан жүзіп жүр. Бекіре балықтарының өсу деңгейін үнемі бақылауда ұстайды. Олардың салмағын, ұзындығын ай сайын өлшеп тұрады және әртүрлі сынамалар алып, тексеріп тұрады.

**2.7 Бекіре балығы мен уылдырығының саудадағы бағасын білу.**

Осыдан соң мен қаламыздағы дүкен сөрелерін, балық дүкендерін араладым. **Мақсатым:** бекіре балығының еті, уылдырығы сатылымда бар ма, болса бағасы қанша екенін білгім келді. Мен кірген дүкен сөрелерінде, балық дүкендерінде бекіре балығының еті мен уылдырығы болмады.

| Оқушыларға ұсынылған сұрақтар | Бекіре тұқымдас балықтарды қолдан көбейтіп, өсіруге бола ма? | Балықтардың олдан көбейтіп, өсіретін орынды білесің бе? | Балықтарды қолдан көбейтіп, өсіруге қолданатын арнайы құрылғылардыбілесің бе? | Балықты қолдан көбейту арқылы тұқымын сақтап қалуға бола ма? |
|---|---|---|---|---|
| Пайыздық көрсеткіші | 5% | 9% | 65% | 78% |

Ғаламтордан авторы Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВАның мақаласын оқыдым, онда «Қазір облыс аумағына қара уылдырық пен қызыл балық еті көршілес Атыраудан әкелінеді. Негізінен базарларда ғана сатылады. Бірақ оларды сатып алуға көпшіліктің қалтасы көтермейді. Өйткені қара уылдырықтың келісінің бағасы 140-150 мың теңге шамасында болса, қызыл балық етінің келісі 4-5 мың теңге төңірегінде» делінген.

**IV. Қорытынды:**

**1. Бекіре тұқымдас балықтарды сақтап қалудың қандай жолдары бар?**

Оны анықтау үшін ұстазым екеуіміз қажетті сұрақтар ойластырдық. Мектептегі 4-ші сынып оқушыларына 4 сұрақтан тұратын сауалнама жүргізген болатынмын. Ең алғаш сауалнаманы өз сыныбымнан бастадым. Оқушылар үлкен қызығушылықпен қатысып, шынайы жауаптарын берді. Жауапты ия, жоқ түрінде алдым.

Менің сыныбымда оқушы саны - 25. Сауалнама қатысқан саны – 23 оқушы. Сауалнаманың қорытындысы бойынша өздеріңіз көріп отырғандай бекіре тұқымдас балықтарды қолдан көбейтіп, өсірудің пайдасының мол және оның тұқымын сақтап қалуға болатынын түсінбей төмен нәтиже көрсетіп отыр.




Осы сауалнамадан кейін сыныптастарымды тәрбие сағатында өз жобаммен таныстырдым. Бекіре тұқымдас балықтарды қолдан көбейтіп, өсірудің аквамәдени технологиясын және құрал-жабдықтарымен таныстырдым. Содан қайта сауалнама жүргізген болатынмын. Сауалнама қорытындысы төмендегідей нәтиже көрсетті.



Сыныптастарым бекіре балығын қолдан көбейтіп, өсіріп дамытуға болатынын түсінді. Демек, мектеп жасындағы балаларға ғылыми зерттеу орталығы туралы ақпарат жеткіліксіз екенін білуге болады.

**2. Бекіре балығы неліктен азаюда?- деген сұрақтың жауабын білдім.**

- Жайық өзен суының төмендеуі;
- Түрлі қоспалармен өзен суының ластануы;
- Өзен ағасының өзгеруі,
- Жайық өзенін мекендейтін қызыл балықтардың арасына аурудың пайда болуы;
- Уылдырық шашатын аналық балықтардың жағдайының күрт төмендеуі;
- Сонымен қатар қысты күндері судағы мұздың қалың болып қатуы салдарынан балықтарда оттегі алмасу нашар жүреді екен. Бұл де балықтардың азаюына себепші.
- «Браконьерлер» (зиянкес балықшылар) бекіре балықтарының өсуіне, оның қорының сақталуына өте үлкен кесел келтіруде;

**3. Бекіре тұқымдас балықтарды қолдан көбейтіп, өсірудің аквамәдени технологиясын және құрал-жабдықтарымен таныстым.**

**4. Болашақта қандай мамандық иесі болатынымды білдім.**

Мен болашақта ихтиолог мамандығын игеріп, қолдан бекіре балығын өсіретін шаруашылық ашып дамытсам деймін. Дәруменге бай еті мен уылдырығын мектеп асханасының ас мәзіріне қол жетімді бағамен ендірсем деген мақсатым бар.

Каспий теңізіндегі кәдімгі бекірелер көбіне Жайық өзенін өрлей жүзіп, Орынбор қаласына дейінгі аралықта уылдырық шашады. Оның бірінші-екінші жылғы шабақтары Жайық өзенінде қыстап шығады. Жайық өзені бекіре балықтарының уылдырық шашуы үшін өте қолайлы табиғи орта болып саналады. Осыған орай, Жайық өзенін бекіре балықтарының отаны деп атайды.

Бекіре тұқымдас балықтарды сақтап қалу үшін қолдан көбейтіп-өсіру шаруашылықтарын кешенді дамыту қажет, - дейді мамандар. Бұл біріншіден бекіре балық өнімінің тапшылығын жойса, екіншіден бекіре балықтарының табиғи қорларын сақтап қалуға мүмкіндік береді екен.

Еліміздің баға жетпес байлығы болып саналатын балықты қорғау қажеттігін жергілікті тұрғындарға кеңінен насихаттау керек. Бұл жоба арқылы мен бекіре тұқымдас балықтарды қолдан көбейтіп, сақтап қалу жолдарының мүмкін екендігін түсіндім. Дегенмен бағалы балықты жөнсіз аулауға тосқауыл болу керек. Бекіре балығын зерттеу жұмыстарына қатысып, өз көзіммен көріп, қолмен ұстап білгеннен кейін менің ойым өзгерді. Менде көптеген ұсыныстар, сұрақтар пайда болды.

**IV. Ұсыныстар:**

- Әр бала-бақша мен мектептерде қара уылдырық белгілі мөлшерде балаларға дәрумен ретінде аптаның бір күнінде берілсе;
- Мектеп асханасында аптасына бір рет бекіре етінен сорпа берілсе;
- Қара уылдырықты сүтке пісіріп, ас мәзірінде қолданса;
- Биотехнология ғылыми – зерттеу зертханасына экскурсияға барып тұрсақ;
- Өлкемізде қолдан бекіре балығын өсіретін шаруашылықтар көбейсе;

**V. Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сен білесің бе? энциклопедиясы [1]«Аруна» баспасы Алматы 2015ж
2. Батыс Қазақстан облысы энциклопедия [2]«Арыс» баспасы Алматы 2002ж
3. МОНОГРАФИЯ [3] Разработка технологии сохранения редких и исчезающих видов осетровых рыб в условиях регулируемых систем
Сергалиев Н.Х. Шукуров М. Ж. Туменов А. Н. Сариев Б.Т.
4. Ғаламтор материалдары [4]«Кәдімгі бекіре» Рысбай Сәтімбеков, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ұстазы.
5. Ғаламтор материалдары Гүлбаршын Әжігерееваның мақаласы.